

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

ЕДІЛХАНОВА С.А.

Ерте ортағасырлық түркілердің мәдениеті

(Оқу құралы)

Ақтау-2012

ӘОЖ 398(0758)
ББК 63.5я7
Е 74

Пікір жазғандар: Озғанбаев О.Ө п.ғ.д., профессор

Демеуова А.А. филос.ғ.д., профессор

Абланова Ә.А., тар.ғ.к., доцент

Е 74 Ерте ортағасырлық түркілердің мәдениеті: оқу құралы /Құрастыр. тарих ғылымдарының кандидаты, доцент С.А. Еділханова,-Ақтау, 2012 ж.,- 79 бет.

ISBN 978-601-7349-29-5

Оқу құралында ерте ортағасырлық түркілердің мәдениеті қарастырылады. Ерте ортағасырлық кезеңдегі түркілердің қалалары, шығармашылығы, өнері, қорыта айтқанда, мәдениетке қосқан үлесі жөнінде айтылады. Оқу құралы тарих мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

УДК 398 (075.8)
ББК 63.5я7

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-7349-29-5

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

КІРІСПЕ

Рухани және материалдық мәдениет - біртұтас адамзаттың бір бөлігі. Адамның заттық пішінге түскен руханилығы, табиғи объект пен оның материалы заттарға, сапаларына арналған және мұның бәрі адам арқылы ғана бола алатын, демек, мәдени мақсатқа сәйкес міндетті және өркениеттік рөлі бар. Рухани мәдениетке қарағанда материалдық мәдениет табиғи объект сапалары мен белгілеріне, адам материалдық заттарды ішетін тамақ және өмір сүру үшін қажетті басқа да жабдықтарды жасағанда негізгі материал немесе шикізат ретінде пайдаланған заттар тікелей энергияға және ақпаратқа тікелей тәуелді. Тұтастай айтқанда, адам қызметінің нәтижесі болып табылатын материалдық құндылықтың жиынтығы [1].

"Мәдениет" деген ұғымның аясы өте кең болғандықтан, бұл ұғымның көптеген анықтамасы бар. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі. Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді материалдық мәдениет үлгілері дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз рухани мәдениет дейміз. Рухани және материалдық мәдениет үлгілерінің арасында айырмашылық жоқ. Кейде материалдық мәдениет үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетшінің дүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші рухани мәдениет үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние, әрі рухани құндылық та болып табылады.

Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: "Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өтей мәдениет болып қала береді", — дейді. Бұл — мүлде қате пікір. Көшпелілер өз тұрмыс-әрекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарын, бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз. Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы — егіншілікке қарағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі.

Сонымен қатар көшпелілер отырықшыларға қарағанда табиғатқа жақынырақ, онымен өмір сүрген. Көшпелілерде табиғатқа негізделген дүниетаным, ақынжандылық, қиялшылдық, түптеп келгенде,

шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды. Бұдан "Отырықшы халықтарда бұл қасиет болмады, не аз көрініс тапты" деген ой тұмауы керек. Тек бұл қасиеттердің қалыптасуына, көрініс тауып, іске асуына көшпелі өмір объективті түрде көбірек жағдай туғызды. Көшпелілерде де, отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Біз сақ жазуларының (б.з.д. 1-мыңжылдықтың ортасы), түрік жазуларының (б. з. VII—VIII ғасырлар) болғандығын, одан бергі ортағасырлық түркі тайпаларында жазудың болғандығын білеміз. Бірақ тағы да объективтік себептермен көшпелілерде отырықшыларға қарағанда жазусызу кеңінен дами алмады. Олардың рухани мәдениеті — шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қағидалары жадында сақталды

Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі — олардың мәдениетінің көбінесе синкретті (біртекті ғана емес, көпқырлы) болып келуінде. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар (сақ, ғұн, үйсін, сармат, т.б.), одан кейін орта ғасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттер мен әр түрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайында) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдады, өздерінің мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бірбірімен араласуына, жақындасуына қозғаушы күш болған, дәнекер қызметін атқарған.

Қазақ мәдениеті жөнінде мәселе қозғағанда, біз мынаны естен шығармауымыз керек. Рас, қазақ мәдениеті өзінің негізгі тілі, өзегі, түрпаты жағынан көшпелі мәдениеттің үлгісінде жасалған өркениет. Қазақ мәдениетінде отырықшы өркениеттің үлгілері аз болған жоқ. Отырықшы өркениет үлгілері әсіресе орта ғасырларда, Оңтүстік өңірлер мен Жетісуда отырықшы қала мәдениеті дәуірлеген кезде көбейе түсті.

Арабтар жаулап алар тұста көне түркілер мекендеген Тұран жерінде диканшылықпен, мал өсірумен қатар, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік мәдениеті болған. Түркі қалаларында тоқымашылық, сауда-саттық пен қолөнер қатар дамыған. Түркілердің Мары (Мерв), Шаш (Ташкент), Шауғар (Түркістан), Сауран, Отырар, Сайрам, Тараз, Баласағұн сияқты қалалары Ұлы Жібек жолының бойына орналасқандықтан, Үндістан, Қытай, Византия мемлекеттерімен сауда-саттық жасап, тікелей дипломатиялық қатынастар орнатуға жол ашқан. Феодалдық мемлекеттерден бізге жеткен материалдық ескерткіштер өте мардымсыз. Негізінен, қыстақтар мен қала жұрттары, обалар. Археолог ғалымдар осы аталған ескерткіштерге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алынған бұйымдардың қалдықтарына талдау жасай отырып, олардың материалдық жағдайының қандай дәрежеде болғандығын анықтайды. Көршілес халықтармен қарым қатынас жасау шаруашылық жүргізудің дәстүрлі жүйесінің өзгерістері қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының өзгеруі сияқты факторлардың барлығы дәстүрлі қазақ киіміне де әсерін тигізіп оны өзгеріске ұшыратты. Бірақ киімнің жеке түрлері мен элементтері өте орнықты болып шықты ғасырлар бойы өзгеріссіз дерлік сақталған нақ осы элементтер қазақтың ұлттық киімінің этникалық өзіндік

ерекшелігінің негізін жасайды. ХІХ-ғасырдың орта-аяқ кезінде қазақтар сырт киімді аяқ және бас киімдерді жасау кезінде әлі де қолдан жасалған дәстүрлі материалдарды пайдаланған.

Орта Азияда түрік қағандарының саяси үстемдігі орнағаннан кейін барлық жергілікті тайпалардың аттары жазбаша деректемелерден жойылып, олардың орнына, әдетте жеңіп шыққандардың әулеттік есімі басым болды. Түркі тілдес тайпалардың саяси, экономикалық және этно-мәдени жағынан Батыс Түрік қағандығы құрамына бірігуі біртектес, бірақ бытыраңқы этностардың топтасу үрдісінің басы болды. Түркілер Қазақстан жеріне жерлеу ескерткіштерінің жаңа түрлерін, атап айтқанда, тастан жасалған антропоморфты балбалдардың тізбекті мүсіндерін ала келді. Жерлеу ғұрпы өзгерді, мысалы, мәйіттің басын батысқа қаратып жерлейтін ғасырлар бойы орнығып келген дәстүрлі бағыт жойылып, мәйіт басын солтүстікке бағдарлап жерлеу басым бола бастады. Молалардың көпшілігінде адамның сүйектері жорыққа мінген аттарының сүйектерімен, қару-жарақтарымен бірге қойылды. Темір үзеңгілер, жебелердің темір ұштары және қанжарлардың, қылыштардың жаңа түрлері пайда болды. Мүсінді металл қаптырмалар жиынтығымен сәнделген жауынгерлік белдіктер кеңінен тарады. VI – IX ғасырлардағы ескерткіштер қорымдар, кездейсоқ табылған заттар және тастан жасалған тұлғалар түрінде кездеседі. Түркі заманының Шығыс Қазақстан мен Алтайдағы, Жетісу обалары құрылымы және олжалары жағынан өте жақын. Жерлеудің сыртқы белгілері – тастан немесе топырақтан үйілген аласа үйінділер, олардың астына әдетте тік немесе төрт бұрыш түрінде қаланған қабірлер. Мәйіт жерден сопақша қазылған шұңқырға жерленген, мәйітпен бірге киім-кешектері, сәндік заттары, қаруы қойылған. Аттың өлігін қуысқа, шұңқырдың түбінен жоғары таман, аяқтарын бүгіп бүйірінен салған. Кейде аттың орнына қабірге оның басы және кесек еттерін немесе тұяқтарымен бірге терісін көмген. 6 – 10 ғ-лардағы қабірлердің көбі Шығыс Қазақстандағы Ертіс аңғарында зерттелді. Бұлар – Трофимовка-1 және 2, Зевакин, Покровск қорымдары. Қабірлерден қару-жарақ, ер-тұрман, тұрмыс заттары, әшекейлер, сондай-ақ жылқы қаңқаларының жекелеген бөлшектері (бас, аяқ сүйектері) табылды. Қой сүйектері және қыш ыдыстардың сынықтары ас беру ғұрпының болғанын білдіреді. Түркі тілдес тайпалар VI – VII ғасырларда тұрақты мекен-жай салып, отырықшылық өмір сүргенін байқатады. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында отырықшылық басым болған. Археолог К.Байпақов зерттеу жұмыстардан алынған көзелерге (құмыра) ғыл. талдау жасай отырып, олардың тұрмыстық қажетін өтеген мерзімін бірнеше кезеңдерге бөледі. VI – VII ғасырлардың 1-жартысына сәйкес келетін мәдени жәдігерлер Жетісу жеріндегі қыстақ, кенттердің, қалалардың (Жамбыл, Ақмешіт, Аспарала, т.б.) орындарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде белгілі болып, ыдыстардың көпшілігі қолдан жасалғаны анықталды. VI ғ. 2-жартысы мен IX ғ. материалдары Оңт. Қазақстандағы қала жұрттарынан (Отырар, Сайран, т.б.) табылды. Көзелер құмыра жасайтын ұршықтарда (станок) жасалған. X – XII ғ-ларда Отырар, Сайран, Түркістан, Сауран, Тараз,

Талғар, т.б. қалаларда тұрмыстық қажеттілікке байланысты көзелердің түрлері көбейіп, түрлі түсті әйнек тәріздес сырлармен әшекейленген. Сонымен қатар қала жұртшылығының егін шаруашылығымен айналысқандығын көрсететін де материалдар жеткілікті. Олар – қол диірмендер, үккіштер, темір орақ, т.б. құрал-жабдықтар. Мұндай заттар түркі дәуіріндегі обалардан көптеп табылған. Обалардан жиірек кездесетін заттар – темірден жасалған ат әбзелдері, құрал-сайман, қару-жарақтар. Әсіресе, ауыздықтар, олардың әшекейлері, үзеңгілер, темір семсерлер кез келген ер адамдардың қабірлерінен кездесіп отырады. Түркі шеберлері аттың ер-тұрманын сәндейтін айылбастар мен тоғаларды ерекше әсем жасай білген. Айылбастар әдетте қола мен темірден, қаптырмалар мен тоғалар қоладан, күмістен және алтыннан жасалып, өсімдік тектес және зооморфтық өрнектермен әшекейленген. Тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы бұйымдардан жүзі қалың және сабы жалпақ шындалған пышақтар кездеседі. Бұған қарап өз заманында түркі тайпаларының темір қорытуды жақсы меңгергендіктерін білуге болады. Зираттардан алынған бұйымдар ішінде қолөнер бұйымдары да өте көп кездеседі. Олар: әшекейленген кіселер, белдіктер, омырауға тағатын алқалар, тұйықталмаған шығыршық түріндегі сырғалар, күміс жүзіктер, қадалатын салпыншақтар, опалдан, шыныдан жасалған және ұнтақтан қатырылған моншақтар тізілген алқалар. Тас мүсіндердің беліндегі кіселер түркі тайпаларының ішінде тамаша қолөнершілердің де болғандығын көрсетеді. Тастан жасалған мүсіндер түркі обаларының көпшілігінің жанында кездеседі. Олар тас келіншектер, балбал тастар деп те аталып жүр. Мүсіндердің биіктігі 1 – 1,5 м-ге дейін жетеді. Қазақстанның оңт. және оңтүстік-шығыс аудандарына қарағанда Шығыс Қазақстан жерінен табылған тас мүсіндер өте әдемі, көркем жасалған. Олардың көріністеріне қарап ер немесе әйел адамдар екендігін бірден байқауға болады. Егер сарбаз болса, беліндегі кісесіндегі садағы, қорамсасы, қылышы немесе қанжар, семсері тағылады, ал әйел адамдар бас киімдерінен белгілі. Бұл мүсіндердің (балбал тастардың) қандай әдет-ғұрыппен қойылғандығы туралы, осы уақытқа дейін белгілі бір пікір қалыптасқан жоқ. Белгілі түркітанушы С.Аманжоловтың зерттеуіне қарағанда, тас мүсіндер, әсіресе, қыпшақ тайпалары зираттарының жанында жиі кездеседі. Тарихшы Б.Көмековтің зерттеуінше, түркі тайпаларының адамдары мұндай тас мүсіндерді көргенде аттарынан түсе салып, бастары жерге жеткенше табынатын болған. Бұл әдет ата-бабаның әруағына сыйынудың айқын мысалы. Түркі дәуіріндегі обаларда адамдарды киімдерімен жерлегендері белгілі. Мәселен, Солтүстік-Шығыс Қазақстан жеріндегі зираттардан былғары камзолдар табылған. Ал Қызылқайнар қорымынан қытай жібегінен жасалған, үстінде желбегей киетін шекпендер кездескен. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, түркі обаларынан жібек шекпендерінің қалдығы көбірек кездесетіні байқалды. Бұл түркілердің сол кезде Қытай елімен сауда қатынасының болғандығын айқындайды. Сырт киім теріден тігілген. Зираттардан жүннен тоқылған көйлектер, шекпен, теріден жасалған тон, ішіктердің қалдығы кездеседі. Көйлек шекпен тәрізді болған, оның сол жақ өңірі оң жақ өңірімен қаусыра тігілген.

Шекпен денемен дене болып тұрған, белінен белдікпен буылған. Белдікке қынапқа сұғылған семсер, пышақ, шақпақ тас пен қайрақ, ұстара және басқа да ұсақ-түйектер салынған кісе ілінген. Әйелдер көйлеккісе ілінген. Әйелдер көйлектің немесе шапанның сыртынан аң терісімен немесе басқа түсті матамен әдіптелген желбегей жамылған. Еркектер басына биік киіз қалпақтар, аң терісінен тігілген бөрік-малақайлар, күләпаралар киген. Етік өкшесіз, ұлтаны жұқа және тұмсығы қайқы етіп тігілген. Теріден белдіктер, кіселер жасалған. Кіселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендірілген. Көшпелі түркі тайпаларының мәдениеті олардың ең басты кәсібі – мал шаруашылығының қажеттерімен анықталды, ал ол көшпелі мал шаруашылығынан жартылай көшпелі және отырықшы мал шаруашылығына дейін алуан түрлі болды. Шаруашылық және тіршілік жағдайы түркілерді жиналмалы киіз үйді жақсарту мен жетілдіре түсуге мәжбүр етті. Дала байлары мен шонжарлар үшін ақ және көгілдір туырлықты киіз үйлер жасалды. Киіз үйдің қасиетін қытайлар мен арабтар жоғары бағалады. Қалалардағы отырықшылыққа ауысқан түркілер сарайлары мен қарапайым тұрғын үйлерінің аулаларына да киіз үй тігіп отырған. Салтанатты қабылдаулар үшін түркі ақсүйектері уықтарына алтын жалатылған үлкен киіз үйлерді пайдаланған. Киіз үйлердің ішкі көріністерін күміс және алтыннан жасалған аттардың мүсіндік бейнелері мен күміс ыдыстар безендірген. Алтын тауықтар, басқа құстар мен жануарлар түріндегі алтын тақтар сән-салтанатымен қайран қалдырды. Тойларда музыкалық аспаптармен әсем әуендер ойналған.

Түркілердің рухани және материалдық мәдениетін зерттеген көптеген ғалымдардың еңбектерінен өнер тарихы туралы аса құнды деректерге талдау жасалынды. Мұны мына ғалымдардың еңбектерінен байқаймыз: Д.Банзаров, Е.К.Яковлев, А.А. Попов, Н.Я.Бичурин, Г.Н.Потанин. [2].

Арнайы жабдықталған шеберханалар мен ұстаханалардың көбеюі ағаштан түйін түйю, зергерлік өнері болып бөлінулері де осы кезеңдерге тура келеді. Әсіресе, үйшілердің - киіз үй жабдықтарын жасаушылардың ісі оңға басады. Бұйымдарды ел арасынан жинап, кеңінен насихаттауда Г.Н.Потанин, Д.Банзаров, Е.К.Яковлев, А.А. Попов, Н.Я.Бичуриннің еңбегі ерекше. Жергілікті ғалымдар Ә.Марғұлан, Ә.Масанов, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, Л.Я.Штернбергтың ғылыми жұмыстары қолөнер тарихын топшылауға елеулі үлес қосқаны мәлім [3].

Түркі әлемінде тіршілік жасайтын қазақтардың материалдық мәдениеті, шаруашылық мәселелері, жалпы тұрмысы, киім-кешегі туралы Д.Банзаров, Е.К.Яковлев, А.А. Попов, Н.Я.Бичурин сияқты ғалымдардың еңбектері жарық көрді.

Түркілер - өзінің ұлан байтақ жеріндегі ежелден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Оған әр кезеңде жан-жақтан келген рулар мен ұлыстардың, сондай-ақ көрші халықтарының мәдениетінің ықпалы болмай қалған жоқ. Сайып келгенде, жергілікті мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан

толқынын бойына сіңіріп, үнемі жаңғырып толысып отырған. Осының нәтижесінде түркі мәдениеті биік деңгейге көтерілген.

X-XII ғасырлардағы рухани және материалдық мәдениет жөніндегі құжаттық деректер мен мәліметтер негізінде жинақталған теориялық тұжырымдар мен нәтижелерді бір арнаға тоғыстыруға болады.

Ұлтымызға тән ұлттық құндылығымыз боп табылатын рухани және материалдық мәдениетті насихаттау барысында жан-жақты зерттеу. Түркі халқының рухани және материалдық мәдениетін этнографиялық жағынан нысанаға ала отырып, зерттелген нақты фактілерге сүйеніп, қазақ халқының діни наным сенімдеріне, қала қолөнерінің туындысына, зергерлер мен ағаштан түйін түйген адам еңбегінің нәтижесін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ғасырлар үндестігіне тоқталу. Осы орайда оқу құралының алдына төмендегідей нақтылы міндеттер қойылады.

1. Қазақстан жеріндегі ерте орта ғасырлардағы қалалар.

Бірінші тараудың өзінде төмендегідей мәселелер қарастылады:

1.1. VI-XII ғасырлардағы қалалар.

1.2. Ерте орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының мәдениеті мен ерекшеліктері.

Ерте орта ғасырлардағы Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті.

Екінші тарау төмендегідей жіктеледі:

2.1. Ерте орта ғасырлардағы діни наным-сенімдер

2.2. Ерте орта ғасырлардағы көркем қолөнер.

2.3. Ерте орта ғасырлардағы бейнелеу және сәулет өнері.

2.4. Ерте орта ғасырлардағы музыка мәдениеті.

Түркі халқының материалдық және рухани мәдениетін зерттеуді басшылыққа ала отырып, ғылыми зерттеу жұмысының жүйелілік, салыстырмалылық, жинақтау әдістері қолданған. Жұмыс кіріспеден, негізгі мәселені қарастыратын 2 тараудан, қорытынды бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттер және сілтемелер тізімінен тұрады.

I тарау. Қазақстан жеріндегі ерте орта ғасырлардағы қалалар

1.1. VI-XII ғасырлардағы қалалар

Орта ғасырлардағы Қазақстанның оңтүстігінде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық өрлеу барысында Талас, Іле, Шу өңірлерінде көптеген саяси орталықтар пайда болды. Осының нәтижесінде қолөнердің, сауда мен мәдениеттің шоғырланған орталықтары - қалалар қалыптасты.

Ортағасырлық қалалар феодалдардың ордалары мен бекіністерінің жанында пайда болды да, онда бай шонжарлардың үй-жайлары, қолөнер мен сауда құрлыстары салынды. Қалалардың сыртынан ор қазылып, дуалдармен қоршалды. Қаланың шахристан деп аталатын орталық бөлігінде қала билеушілері, олардың жақын туыстары, қызметшілері, дихандар, саудагерлер мен дін қызметшілері тұрды. Феодалдық қатынастардың дами түсуіне байланысты қаланың әлеуметтік құрлымы өзгереді. Қала шетіндегі қол-өнер мен сауда орналасқан рабадтардың рөлі артты. Қолөнершілердің, ең алдымен қала шонжарларының қажетін өтеді. Олардың басы бос болғанымен, іс-жүзінде жер мен құрлыстың иесі шонжарларға тәуелді болды.

Жетісудың оңтүстік-батысындағы қалалар Қырғыз жотасынан аққан өзендер бойына салыныпты. Олар: Мерке, Аспара, Үзгент, Суяб, Сауран, т.б. Осы қалалардың барлығы маңызды сауда жолының бойында немесе қолайлы жағдайға ие болған қуатты, берік қамалдардың жанына салынған.

Жетісудың маңызы ерекше қаласының бірі - Құлан. Құлан қаласы VIII ғасырдан белгілі. X ғасырда Құнан берік қамалға айналды. Қала ортасында мешіт болған. Бұл қалада түріктердің ірі-ірі әскерлері тұрған. Қаланың ішінде өте мықты ішкі қамалы мен қала билеушісінің бекінісі болды, ал шахристанда маңызды әскери-әкімшілік орталығы орналасты.

Орта ғасырлардағы Іле бойындағы қалалардың жұрты мұнарлы дуалмен қоршалған, аздап көтеріңкі бұрышты болып келген, Іле алқабының Орта Азия қалаларынан қашықта болуы, табиғат жағдайы егіншілік пен мал шаруашылығының дамуына қолайлы болуынан мұнда қалалы қоныстар салу IX-X ғасырларда ғана қолға алынды. Қоныстар феодал шонжарлардың ордалары негізінде және тұрақты қыстау орындарында пайда болды. Бұл қоныстарда егіншілікпен қатар қолөнер мен сауда дамыды және олардың кейбіреулері бірітіндеп қалаға айналды. Бұлар – Талхиз, Екіоғыз, Қойлық қалалары еді.

Археологиялық зерттеулердің мәліметі бойынша, Тараздың алып жатқан жер көлемі шамамен 6,5 га, Отырар – 20 га, Құлан – 12 га, Талхиз (Талғар) – 9 га болыпты. Жазба деректерде қала тұрғындарының саны туралы мәліметтер бойынша қаладағы үйлердің саны мен бір гектар жерге орналасқан халықтың тығыздығын анықтауға негізделеді. Қала халқының этностық құрамы әр түрлі болған. Қала тұрғындарының қатарын соғыс, жұт, мал індетінің ауыр зардабының салдарынан отырықшылыққа көшуге мәжбүр болған көшпелілер үнемі толықтырып отырған.

Орта ғасырлық қалаларда ислам діні кең тарай бастады. Оны таратушы Хорасанның билеушісі, кейіннен Бағдатта халиф тағына отырған әл-Мамун болды. Хорасанның шонжарларынан қолдау тапқан ол ислам дінін уағыздауға белсене ат салысты. «Қала» деген ұғымның әр кездегі қоғамда түрлі мағынасы болған. Қала деп оның тұрғындары қолөнермен және саудаман айналысатын елді мекенді айтқан. Қаланы айқындайтын белгілерге мыналар жатады - оның аумағының үлкендігі, бекіністері, қолайлы сауда жолында орналасуы.

X-XII ғасырларда Қазақстанда және Орта Азияда қалалық қоныстар шапшаң өсті. Бірқатар жаңа қалалар – Қарашоқы, Қарнақ, Қойлық, Екіоғыз, Ашнас, Баршылықкент, т.б. пайда болды. Шу, Талас, Сырдария алқаптарында қала қоныстары арта түсті. Ескі қалалардың аумағы ұлғайды, шаруашылық орталығы шахристаннан рабадқа ауысты. X-XII ғасырларда Отырардың аумағы тез өсті. Онда рабадқа халық сыймай кеткендіктен, екінші оралым қамал-қабырға тұрғызылды.

X-XII ғасырларда Тараз қаласы тез өсті. Қалада және оның айналасында тамаша сәулетті, сәнді ғимараттар бой көтерді. Іле алқабында Талғар (Талхиз) қаласы қала дуалының шегінен шығып, 28 гектардай жерді алып жатты. Қала мәдениеті Орталық Қазақстандағы Ұлытау бөктерінде, Сарысу, Нұра, Кеңгір өзендері алқаптарында да кеңінен өркендеді.

Қала тұрмысының өрлеуі шаруашылықтың ілгерілеуімен және феодалдық қатынастардың дамуымен байланысты болды. Қалаларда жер жеке адамдардың меншігінде болғандықтан, ол табыс көзіне айналып, сауда орындарын, керуен сарайларды салуға пайдаланылды. Сондықтан феодалдар қалалардан көбірек жер алуға ұмтылды. Испиджаб X-XII ғасырларда сауда орталығы ретінде белгілі болды. Онда көптеген бағалы заттар өндірілді. Сыртқа мата, қару-жарак, мыс пен темір шығарылды. Испиджаб жері құнарлы, ағашы көп, ағын суы мол және бау-бақшалары жемісті, халықтың қоныстануына қолайлы қала болған. Испиджабтың жұрты Шымкент қаласының шығысына таман 12 шақырым жерде. Қала жұртының үстіне осы заманғы үйлердің салынуы оны зерттеуді қиындатып отыр.

Отырарда шахристан мен қаланың орталық бөлігі ғана емес, сонымен бірге рабад та дуалмен қоршалған. Археологиялық қазбалар шахристанның өте тығыз салынғанын, тұрғын үйлердің қабырғалары шикі кірпіштен қаланғанын анықтады. Рабадтағы құрылыстар бір-бірінен алшақ орналасқан. Мұнда су қоймалар, каналдар, егістіктер мен бау-бақшалар болған. Қалада су құбырлары жұмыс істеген, канал жағасындағы рабад жерінде қоғамдық моншалар салынған.

Весидж қаласы Сырдарияның орта ағысы тұсында бой көтерді. Мұнда мешіт, билеушінің ордасы орналасқан. Қаланың жұрты жақсы сақталған, ол бесбұрышты төбешік түрінде болып келеді. Весидж барлық жағынан мұнаралы қабырғамен қоршалған, қаланың ішіне екі кірме – шығыс және оңтүстік-батыс жолмен барған. Ірі құрылыстардың көпшілігі күйген кірпіштен қаланған. Күйдірілген кірпіш тұрғын үйлердің едендеріне де төселген. Үйлердің бірінен шарап жасайтын орын табылды. Отырардың оңтүстігінде Шауғар қаласы

болған. Шауғар осы күнгі Түркістан ауданының орны. XI ғасырда Шауғар құлдырап, аймақтың астанасы Ясыға көшірілді. Мұнда XII ғасырдың аяғында Ахмет Яссауи кесенесі салынып, қала діни орталыққа айналды. Ортағасырлық Ясы қаласы осы кездегі Түркістан қаласының орталығында орналасқан. Қалада мұнаралы қабырғалармен қоршалған камал, шахристан, рабад болған.

Сырдарияның ірі қаласы *Сығанақ* керуен жолдарының түйіскен жеріне орналасқан. XII ғасырда Сығанақ қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Сунақата атты қала жұрты қазір Сығанақ қаласының орнында орналасқан. Қаратаудың солтүстік баурайында салынған қалалардың XI-XII ғасырларда сегіз бұрышты орталық залы бар сәнді ғимараттар тұрғызылған. Оның жан-жағынан үйлер топтастырып, олар орталық залмен және өзара арқалықты өтпе жолдар арқылы жалғастырылған. Қаланың маңайы көріктендірілген, су құбыры тартылған. Көшелеріне тас төселіпті. Рабадта тұрған үйлер қорғаныс қабырғаларын жағалай салынған, аумағы 25 гектар жерді алып жатыр.

Тараз - Жетісудың саяси-экономикалық және мәдени өмірінің ең ірі орталығы болды. Үлкен сауда жолының түйіскен жерінде орналасқандықтан, бұл қалаға әр елдерден саудагерлер келіп жүрген. Қаланың гүлденген кезі қарлұқтар мен қарахандықтардың, қыпшақтардың заманы болған. Географ Максиди былай дейді: *«Тараз дегеніміз – үйлері тығыз салынған, бау-бақшалары көп, бекіністі қала, төрт қақпасы бар, айнала терең ор, төңірегінде халқы, рабады бар. Қаланың түбінен үлкен өзен ағып жатыр. Қала ішіндегі базардың ортасында үлкен мешіт тұр»*.

Шығыс пен Батысты жалғастыратын сауда жолы Тараз қаласы арқылы өтеді. Тараздың төңірегінде Талас, Аса өзендерінің бойында Мерке, Аспара, Балсағұн, Барысхан, Құлан қалалары мен елді мекендер бір-біріне тізбектеле жалғасып жатқан.

Шу алқабындағы *Аспара* берік камал қалалардың бірі болған. Қала биік қабырғаман қоршалған. Аспара өзенінің суы айнала терең қазылған орға құйылған. Бұл қазір тік төртбұрышты төбе.

Саудагерлер көп келетін ірі сауда орталығы – Қойлық қаласы. Мұнда түркі тілдес халықтармен қатар ирандықтар да тұрған. Қала биіктігі 3,5-4,5 м. жететін қабырғамен қоршалған. Қабырғаның үстіне әрбір 45 м. сайын дөңгелек мұнара орналасқан. Талдықорғанның Антонов ауылына жақын жерде Қойлық қаласының жұрты Талхаз - Талғар өзені бойына салынған қала. Қала берік қабырғалармен және дуалмен қоршалған екен. Көптеген дөңгелек мұнаралары болған. Тастан қаланған іргетасына қарағанда Талхиз қаласы тік төрт бұрышты, аумағы 250-500 м келетін тұрғын үйлерден құралған.

Зерттеушілер Қазақстан жерінен 60-тан астам қаланың жұртын тапты. Соның ішінде Қазақстанның солтүстігіндегі Торғай мен Жыланшық, Кеңгір, Хезді, Сарысу өзендерінің бойына салынған қалаларда бар. Орда қаласы – осылардың бірі. Қала қиыршық құм мен малта тасты араластырған соқпа балшықтан, шикі кірпіштен тұрғызылған. Осындай материалдан соғылған камал қабырғалары сақталған. Қала дуалының ұзындығы 200 метрге дейін, биіктігі 2 метрден 4 метрге дейін жететін төрт бұрышты болған. Мұндай

дуалды биіктігі 20 метр келетін, екі жақтан бірдей қорғайтын мұнаралармен күшейткен. Қала сыртын тереңдігі 4-5 м. ормен қоршалған.

Жезді өзенінің бойындағы Басқамыр қаласы үш қатарлы берік әрі биік қабырғалармен қоршалған, қамалы мен мұнарасы, екі қанатты қорғайтын кірме жолы болған. Дуалдың іргелері тастан қаланған.

Қаланы көріктендіру барысында X-XII ғасырларда ірі қалаларда су құбырлары орнатылған. Әрбір жеке үйлерде де қарапайым су ағатын орындар жасалған. Қалаларда қыш төселіп, өтпе жолдар салынды. Осындай су келетін құбырлар Отырар қаласынан көп табылған. Жеке үйлерде су сіңетін құдық болды, оның жоғарғы жағына арнайы жасалған түбі жоқ қыш құбыр қойылып, аузының айналасы күйген кірпішпен шегенделген болатын.

Қазба жұмыстары Тараз қаласында X-XI ғасырларда су құбырлары болғанын анықтады. Су қаланың ортасына еңкіш етіп төселген құбыр желісімен келеді де, әрбір үйге таралады. Суды қысым арқылы айдау үшін Талас өзенінің бойына биік мұнарлы су қоймасы салынған. Ол судың құбырмен ағуын қамтамасыз етіп отырған.

Қаратаудағы Баба ата қаласында бірнеше тау бұлақтарынан суын таспен шегенделген құдыққа жинап, содан құбыр арқылы су қаланың ішіне жеткізілетін болған. Қалаларда көпшілік бааратын моншалар болған. Мысалы, Тараз қаласындағы монша күйген кірпіштен салыныпты. Моншаның еденіне кірпіш тақталар төселген. Қыздыру үшін еденнің астынан жылу өткізгіш каналдар жүйесі жасалған. Монша ішінде кең бөлмелер, бұмен шабынатын бөлмелер де болған. Моншалардың іші мен сырты өрнектермен көлемді, әрі әсемді әшекейленген.

XI-XII ғасырларда көлемді сәулетті ғимараттардың салынуы, осы кезде қала құрлысы өрнектелгеннің дәлелі бола алады. Ертеде салынған ғимараттардың біразы сақталып, біздің заманымызға жетті. Айша бибі кесенесі, бұл тарихи ескерткіш ертеректе қатты бүлініп, оның тек батыс жақ қабырғасының бір бөлігі мен бұрыштары ғана сақталған. Барлық қабырғалары күйдірілген қызғылт сары қаптамалармен қапталған. Батыс беті өрнекті текшелермен безендірілген. Қабырғалардың үстіңгі жағы ромб тәріздес әр түрлі ұсақ құймалармен, ал бағаналары геометриялық ою-өрнегі бар шығыңқы және ойық формадағы қаптамалармен безендірілген. Биік маңдайша сүйірленіп біткен. Ою-өрнектермен әсемделген бағаналар ерекше көз тартады. Түрлі формадағы қаптамалар қабырғаларға ілінгіш тістер мен дөңестер арқылы қиюластырылған.

Тараз жеріндегі ортағасырлық сәулет өнерінің бірі - Қарахан кесенесі. Өз дәуірінде сұлулығымен көз тартқан бұл кесене XX ғасырдың басында қайта салынды. Қайта салу кезінде бұрынғы жобасы бұзылған. Уақыт өте келе көптеген сәндік ою-өрнектері өшіп кеткен. Қарахан кесенесін қапына келтіруге сол кездегі түсіндірілген фотосурет қана мүмкіндік берді. Осы арқылы бастапқы қалпына келтірілді.

Текше тәріздес іргетасы бар бұл ғимарат күмбезбен көмкерілген. Сыртқы қабырғалары кірпіштен қаланып, ол кереге шаршы, ромбик және шаршы

бітімдестіріліп, қиюластырылған. Кесене есігі П әрпі тәріздес келтіріліп, кірпіштен өріліп, жиектемелер жасалған.

Сырдарияның төменгі ағысындағы Сырлытам кесенесі де XI-XII ғасырлар ескерткіші. Кесене өрнектермен, қаптамалармен әшекейленген. Жақсы сақталған порталдар бар, әсем күмбезді ғимарат болған. Кесененің қабырғалары мен күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланған. Кіре беріс қақпасы үшкіл арқамен безендірілген. Қабырғаларда түрлі ойықтар салынған. Құйма қыш сылақтарға жазу таңбалары түсірілген.

Түкістандағы Талхатан баба кесенесі де ерекше бір сәулет ғимараты болып табылады. Осының бәрі X-XII ғасырларда Қазақстан жерінде қала мәдениетінің дамығанын дәлелдейді.[1].

Ұлы Жібек жолы. Б.з.д. 1-мыңжылдықтың орта кезінде Қара теңіз өңірінен Дон бойына, содан Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтарға, Ертіске, одан әрі созылып Алтайға, жоғарғы Етіс пен Зайсан көлі алқабын мекендеген аргиппейлер еліне кететін Дала жолы жұмыс істей бастаған. Осы жолмен жібек, терілер, иран кілемдері, асыл металдан жасалған бұйымдар сауда арқылы таратылып жататын. Б.з.д. II ғ. орта шенінде Жібек жолы елшіліктің және сауда-саттықтың тұрақты желісі ретінде қызмет атқара бастайды. Егер Шығыстан жүре бастасақ, Жібек жолы Қытайдың ежелгі астанасы Чаньаннан шығып, Ланчжоу маңындағы Хуанхэ өткеліне баратын да, одан әрі На-Шанның солтүстік сілемдерімен жүріп отырып, Ұлы Қытай қамалының батыс шетінен, Яшма қақпасының шебінен барып шығады. Осы арадан сара жол екіге айрылып, Такла-Макан шөлін солтүстік және оңтүстік жағынан айналып өтетін. Терістік жолы Хами, Тұрфан, Бесбалық, Шихо көгал аймақтары арқылы Іле алқабына жететін; ортадағы жол Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға, кейін Бедел асуы арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауынан шығып, Дунхуан, Хотан, Жаркент, Бактрияларды басып өтіп, Үндістан мен Орта теңіз аймағына қарай кететін; бұл тармақ оңтүстік жол деп аталды. Ал солтүстік жолы Қашғардан Ферғанаға, одан әрі Самарқанд, Бұқар, Мерв арқылы Хамаданға, Сирияға баратын. XI-XII ғғ. Қытайдан шығып Жетісу мен оңтүстік Қазақстан арқылы батысқа қарай өтетін жол жанданды. Жолдың бұлай ауытқуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азиямен жүретін сауда жолдарын бақылайтын Түрік қағандарының ордалары болатын. Екіншіден, Ферғана арқылы жүретін жол VII ғ. ішкі қырқыс салдарынан қауіпті болып қалды; үшіншіден аса бай түрік қағандары олардың айналасы теңіздің арғы бетінен келген тауарларды көптеп тұтынды. VII-XIV ғғ. елшілік және сауда керуендерінің дені Жібек жолымен жүретін. Сан ғасырлар бойы жол үнемі өзгеріп тұрған. Жібек жолы Орта Азия арқылы оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға келетін сауда жолы XIV ғ. дейін, қашан ішкі қырқыстар мен соғыстар қала мәдениетін аздырып, тоздырғанға дейін, Қытайға баратын теңіз жолы игеріліп, бұрынғы көне жолдың жұлдызы сөнгенге дейін жұмыс істеді.

Сауданың ең басты жихазы жібек болды. Алтынмен бірге ол халықаралық валюта болған, оны хандар мен елшілерге тарту еткен, жалдамалы әскерге жалақы етіп берген, мемлекеттік қарызды сонымен төлеген. Отырардың күміс

көмбесі табылды. Егер Жібек жолымен батыстан шығысқа қарай жүрсек, оның Қазақстандағы учаскесі Шаштан Испиджабқа, Сайрамға келеді. Одан Таразға, Құланға, Жаңа қалаға, Суябқа, Барысқан, Алмалық, одан Такла-Макан шөлінің солтүстік жиегін айналып, Хами мен Тұрфан көгал аймақтарын басып, Дунхуан мен Қытайға жететін болған.

Жібек жолымен діни идеялар да кең таралып отырған, ал миссионерлер өз дінін тіпті теңіздің арғы бетіндегі елдерге барып таратқан. Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Қытайға буддизм келген, Сирия мен Ираннан, Аравиядан - христиан діні, кейін ислам жеткен. Қытайға буддизм Индиядан Орта Азия мен Қазақстан арқылы барған. Бұл әрекет б.з. бұрынғы I ғ. басталған. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда дінін таратуда соғдылар, қаңлылар көп еңбек сіңірген. Түркілер VI ғасырдан бастап буддизмнің қатты ықпалын өз бастарынан өткізген. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда буддизм едәуір дәрежеде кең тараған. Будда ескерткіштері Шу алқабының Ақбешім, Қызылөзен, Новопокровск секілді қала жұрттарынан кездесті: олар ғимараттар, монастырьлар, мүсіншелер, шіркеулер. Жібек жолы бойымен, Батыстан Шығысқа қарай жылжып отырып, буддизмнен қалмай христиан діні де тараған.

X-XII ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты қалалар болды. Солардың арасында Жібек жолында маңызды ролі болған қала Исфиджаб/Сайрам/ еді. Ол туралы араб авторы Әл-Макдиси айтады. Қаланың мешіті, рабады/күзеті/, базары, төрт қақпасы бар: Нуджакент, Фархан, Шахраны, Бұхара.

Сыр бойындағы қала Отырар болды. Ол араб-парсы деректерінде Фараб, одан бұрын Тарбан деп аталған. Тағы бір ірі қала Тараз болды. Ол жазба деректерде 568 жылдан басталады. Византия императоры Юстинианның елшісі Земарх Килликискийдің Батыс түркі қағаны Дизабұлға берген есебінде Таразда аталады. 630 жыл шамасында қытай саяхатшысы Сюань Цзань Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге /4-4,5 км/ жеткен маңызды сауда орталыпы дейді. Ол 7 ғасырда ҰЖ жолындағы ірі мекенге айналды. Таразда монша, су құбырлары, Айша бибі, Қарахан мазары бар. Оның төңірегіндегі Талас, Асса сияқты өзендердің бойында төменгі Барысхан, Хамукет, Жікіл, Адахкет, Ден, Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспара, Жұл, Баласағұн сияқты қалалар тізбектеліп жатты. Сондай-ақ Іле өзені алқабында Қойлық, Талхиз, Екіоғыз сияқты қалалар болды. XI ғасырда Ясы (Түркістан) Шауғар округы орталығы саналды. Мұнда XII ғасырдың соңында Ахмед Яссауи мешіті салынды.

Сыр бойындағы ірі қала – Сығанақ. Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік-шығысына баратын керуен жолдары қиылысында орналасқан ол XII ғасырда қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Қазір Сығанақ орнында Сунақ ата жұрты бар. X-XII ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда тағы жаңа қалалар Қарашоқы, Қарнақ, Ашнас, Баршынкент пайда болды. Мал шаруашылығы мен суармалы егіншілік дамыды. IX-XII ғғ. Отырар өңірі суармалы егіншіліктің

орталығы болды. Мұнда егістік жерлер көп тармақты суландырмалы жүйемен жабдықталды. Су жолы Арыс өзеніндегі су қоймасы арқылы жүргізіліп, оның бір саласы Отырар қаласына келді. Екінші саласы Құйрық төбе, Алтын төбе, Жалпақ төбе, Марданкүйік қалаларына барды. Отырарға баратын су жолы төңіректегі рабадтарды сумен қамтамасыз етті. Ал сырдағы су жолы Сауран, Сығанақты, және сол жағалаудағы Сүткентті, Аркөкті, Аққорған және Үзгентті сумен қамтамасыз етті. Қол өнер дамыды. Керамикадан ыдыстар жасалынды. Тараздан арыстанды бейнелеген табақша, Отырардан өсімдік ою-өрнегімен әшекейленген құмыра табылды. Қаланың ішкі рыноктарында мыс ақша қолданылды. Сыртық сауда да, қалалар арасындағы саудада жинап сақтауға қолайлы алтын орнына күміс ақша пайдаланылды. XI ғ.дың 1-жартысында Қазақстанда Тараз, Исфиджаб қалаларында ақша жасайтын теңге сарайы болды.

1.2 Ерте ортағасырлардағы Қазақстан қалаларының мәдениеті мен ерекшеліктері.

Түркістан. Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі –Түркістан. Ол шаһар атын алған әуелгі бір кездерде Шауғар, кйіннен Йасы, ал XVI ғасырдан бастап қазіргі атымен аталған. Түркістан көбіне көне заманда салынып, б.з. дейін сақталған тамаша сәулет ескерткіштерімен әйгілі. Оның бірі – XII ғасырда өмір сүрген көне түркі ақыны, ислам дінін уағыздушы Ахмет Йассауидің қабірінің басына Ақсақ Темір әмірімен тұрғызылған зәулім ескерткіш.

Қазақстанның оңтүстігінде туып өсіп, сол кездегі ғылым мен мәдениеттің ордасы болған Отырар қаласында білім алған Ахмет Йасауи кейіннен Бұхарадағы сопылар қауымына еніп, дәруіштік мектептен өтеді. 1140 жылы қауымның басшысы Юсуп Хамадани қайтыс болған соң, оның екі шәкіртінен кейін қауымды Ахмет Йасау басқарады. Бірақ көп ұзамай ол бұл жоғары қызметті тастап, өзі туған түркі еліне, Йасыға қайтып оралады. Ол кезде Сыр бойын мекендеген қыпшақ, қоңырат, қаңлы сияқты түркі тайпаларының арасында ісләм діні енді ғана орныға бастаған болатын. Сондықтан олар шығыс автоларынан тұңғыш рет өз шығармаларын жегілікті халыққа түсінікті болу үшін көне түркі (қыпшақ) тілінде жазған ақын Ахмет Йасауиді өздерінің рухани басшысы ретінде танып, ол қайтыс болғаннан кейін “әулие” деп жариялады. Міне “Мәдениеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет” деген сөз осыдан қалған.

Ахмет Яссауидің Қабіріне зәулім үй тұрғызу – Орта Азияның бытыраңқы елдерін біріктіріп, қуаты мемлекет құрған ақсақ Темір Көрегенің ішкі есебімен байланысты.

Ескірткіш 1396-1404 жылдары салынған. Оған берген Ақсақ Темірдің қолхатында (вакуфнамасында) «Әмірлердің ішіндегі даңқтысы, барлық халықтардың мархабатты тақсыры, ең жоғарғы мәртебелінің рақымшылығына бөленген жасампаз Әмір Темір Көрегеннің бұйрығымен қасиетті бұл ғимарат

мәңгі тұратындай жәрежеде салынды. Сондықтан оны ешқандай күш құрта алмады. Егерде кімде-кім белгілі жағдайларда бұза қалса, оны қара бассын» делінген. Бір айта кететін жайт – ескерткіштің кейбір жерлеріне 1723 жылы қалмақтар, 1846 жылы қоқандықтар шабул жасаған кезде біраз зақым түскен, ал патша әскерлерінің шабуылында он бір жеріне зеңбірек снаряды тиген.

Ахмет Яссауи сәулет ғимараты құрылымдық жағынан және ерекше сәнділігімен көз тартатын аса күрделі туынды. Іші-сыртын аралап, тамашалағанда, оны техника күші жоқ сол заманда қалай салды, екен деп ойламау мүмкін емес. Осындай сәттерде: «Ғимарат Құдайдың құлы Қожа Хасан Ширазидің еңбегі» (М.Е.Массоның аудармасы) деген жазуды оқығаныңда, ерте замандарда халық арасынан шыққан шеберлердің еңбегіне еріксіз бас иесіз.

Ғимаратты салуға қыр жапсырмасы мен күйдірілген қызыл қыш пайдаланылған, оның сырты бірнеше плиталармен безендірілген. Алайда ел аузындағы әңгімелер мен тарихи деректерге қарағанда, құрылысшыларды Самарқандағы Бибі ханым мешітін салу үшін алып кеткендіктен, ескерткіштің кіре берісін әшекейлеу жұмыстары бітпей қалған. Ғимараттың жалпыбиіктігі қырық метрге тақау.

Енді ғимараттың ішіне кірелік. Алғаш бас сұққанда байқалатын нәрсе, ғимараттың сырты қандай сұлу болса, ішінің төбесі өте биік, бөлме-бөлмелері ақылмен салынғанын байқаймыз. Нақ ортада Қазандық деп аталатын басты зал, оның төбесінде Орта Азиядағы ең үлкен (диаметрі 18,5 м) күмбез төңкерілген. Көрші асхана залында пісірілген бидай ботқа осында жинақталған мүгедектер мен кембағалдарға таратылатын болған. Асханада сол кездегі оттық, қазан, ең үлкен астау, тағы да басқа қолөнер заттарымен бірге, Түркістан ескерткішінің құрылымдық ерекшеліктерімен баяндайтын мұражайлық экспозиция орналасқан.

Бойына талай сыр бүккен бұл қазанды бабалардың көзі деп, қолымен ұстап көруге әркім-ақ құмар. Кесенені салдырған Әмір Темір тапсырысымен бұл қазан 1399 жылы 25-маусымда Түркістан қаласының батысында, 27 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елді мекенінде, сирек кездесетін асыл металдардың қоспасынан құйылған. Салмағы екі тонна, сыйымдылығы үш мың литр. Қазан сыртындағы араптың гүлденген сульс және куфи қолтаңбаларымен жазылған үш қатар жазудың біріншісінде оны шайхылардың сұлтаны Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны туралы айтылады. Қазақстан мен Қырғызстанның аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстар барысында табылған қазандарды ғалымдар екі түрге бөледі. Біріншісі — «сақтық», конусты қазандар, екіншісі тұғырсыз қазандар. Түркістандағы «сақтық» типтегі қазанға жатады. Алып қазан жасау көне сақ, ғұн, дәуірлерінен бері жалғасып келген дәстүр екенін деректер мен айғақтар растайды. Елдік санасы биік, отбасылық құндылықтарды жоғары қойған әлігі социумдар үшін қазан береке мен бірліктің, молшылықтың, елдіктің нышаны болған. Мұндай түсінікті ауыз әдебиеті нұсқаларымыздың беттерінен көп кездестіруге болады. Мысалы, дауылпаз ақын Махамбеттің шығармаларында «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік» деп келетін жерлері бар. Ал, төңкерілген қазан болса керісінше, нәубеттің, қасіреттің образы болып есептелген. Қазан

сыртындағы жазулардың екінші қатарындағы он сегіз рет қайталанып жазылған «Мубарак бад» деген сөз де құтты болсын, берекелі болсын, береке дарыған орын деген мағынаны береді. Бір шаңырақтың қазаны күнде кешке қайнап жатса, бұл сол елде соғыстың жоқтығы, тыныштықтың белгісі саналса, онда буы бұрқырап жілік-жілік еттің пісіп жатқаны сол елдегі тоқшылықтың, молшылықтың белгісі саналған. Халық арасында бұл түсінік әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Мұндай алып қазандар, заманында билеушілердің, лауазымды әскер басылардың қабіріне қойылатын болған. – «Бұл қәбір иесінің ауқатты, жоғарғы топтан болғанынан хабар береді», – дейді ғалымдар. Ал, Геродоттың келтірген мына бір қызық мәліметіне қарағанда мұның мәні тіпті тереңде екенін аңғаруға болады, – «Бір күні сақтардың Ариант есімді патшасы жауынгерлерінің әр қайсына садақтарының бір-бір ұшынан алып келуді бұйырады. Сосын оларды балқытып, алып қазан құйдырды». Көшпенділердің жорық кезінде алып жүретін үлкен қазандары болғаны белгілі. Бірақ, мына қазанның жасалуы да, қызметі де ерекше, мұны жасауға сансыз жауынгер қатысып, әрқайсысы өз үлесін қосқан. Алып келген садағының ұшы қазанның бөлінбес бөлшегіне айналғандай, өзі де осы тайпаның сондай бөлшегіне айналып, тайпаның бірлігінің, беріктігінің кепіліне айналып отыр. Қазан сыртындағы үш қатар жазулардың төменгі жағында орналасқан отызға жуық томпақтарды ғалымдар «Куббалар» дейді. Осының екінші атауы томпақтардың мәнін толық ашады, бұл Ұмай анаға сиынған сақ тайпаларының ұғымында өмірдің шырағы, шаңырақ отын тұтатушы, ұрпақтарды жалғастырушы болып табылатын анаға бас июдің, үлкен құрметтің көрінісі. Бұл, кез келген нәрсенің байыбына жете барып, қәдірін терең ұғынған сақтардың табиғатына тән құбылыс. Ғалымдар сопылықты мұсылман әлемі рухани тоқырауға ұшырап, дін қасаң қағида мен жансыз догмаға айналып, жылуын жоғалтқан кезде осыған кері туған құбылыс деп түсіндіреді.

Алайда, сопылық ілімі әуелден бар болатын. Мұхамед с.ғ.с пайғамбардың көзі тірісінде айналасындағы сахабалардың әрекеттері сопыларға сай еді: түн ұйықтамай құлшылық қылып, рухани кемелдікке жетуді алдына мақсат қоятын. Осындай, діннің формасы ғана қалып, соқыр сенім үстемдік құра бастаған уақытта, оның ішкі мәнін ашуға ұмтылып, нәпсісімен күресетін жамағат пайда болғанда оған сопылар деген ат тағылып, исламнан бөлек дүние етіп көрсеткісі келетіндер де табылып жатты. Қазақстан мен Орта Азиядай кең аумаққа исламның сопылық дәстүр арқылы енгені белгілі. Баяғы заманды қозғамай-ақ, осы күннің өзінде төрткүл дүниеге қонақжай, тыныштық сүйгіш, кеңпейіл халық етіп танытқан сол ілімнің инерциясы болатын. Бұл, ғасырлар қойнауынан аналардың сүтімен, бабалардың қанымен бойға дарып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан бірден бір ерекшелік. Сопылықтың мұндай өміршеңдігін жергілікті мәдениетке мән беріп, оны бойына сіңіруінен дейді зерттеушілер. Осындай процестер барысында көшпенділер әдет-ғұрыптарының трансформацияланғанындай, қазандар да өз символикасын сақтай отырып, діни рәсімдерде нақты мақсатқа пайдаланатын болды. Атақты шығыстанушы

М.Массонның еңбектерінде жұма күндері Түркістандағы қазан суға толтырылып, жұма намазынан кейін айналасына адамдар алқа құрып отырып зікір салатыны айтылады. Рухани кеңістікте жай тұрған судың өзі, микроэлементтері ерекше тәртіппен түзіліп, басқа суларға карағанда бөлек табиғат табады. Судың осындай жағдайларда сапасының артатыны ғылым үшін бүгінде жаңалық емес.

Ғалымдардың бір тобы – биологтар жүргізген зерттеулері мен тәжірибелерінің нәтижесінде судың химиялық және физикалық қасиетінен басқа психологиялық қыры ашылып отыр – яғни, судың жадысы бар болып шықты. Құдайдың кара суының кристалдары айналасында туындап жатқан түрлі жағдайлар, айтылған сөздер әсерінен өзгеріп отырады екен. Соңғы үлгідегі құрылғылар судың жадысындағы әрбір ұяшықта әр қайсысы өзін қоршаған ортамен әсерлесу түріне жауап беретін 440 мыңдай информациялық панель барын анықтап отыр. Осы панельдер адам бойындағы ашу, ыза, кек секілді кері эмоциялардың энергетикасын сіңіргенде судың кристалдары ретсіз тәртіппен орналасып, оны пайдаланған адамның психологиясын күйрететін «ауыр» су пайда болады екен. Осыдан келіп зерттеушілер, қылмыс атаулының деңгейі былапыт сөз, арсыз әңгіме көп айтылатын жерде жоғары болатынын айтады. Қарап отырсақ, судың химиялық құрамында тұрған ештеңе жоқ, әңгіме оның кристалдарының түзілуінде болып отыр.

Анттасатын кезде бабаларымыздың ант су ішетін рәсімінің арғы жағында осындай сырлардың жатуы да мүмкін. Қазан сыртындағы жазулардың бірінші қатарында жазылған Құранның “Тәубе” сүресінің он тоғызыншы аятынан және Пайғамбар (с.ғ.с) хадисінен оның суға арналғандығын аңғаруға болады. Аят: «Сендер, зияратшылардың шөлін қандырғанды, мешіттерді жөндеуді; Аллаға, ахирет күніне сеніп, және Алла жолында соғысқан кісі сияқты көресіндер ме?» десе, хадисте «Айтты Пайғамбар (оған Алланың нұры жаусын): Алла жолында құдық қаздырып, мешіт салғандарға ол дүниеде Алла үлкен хауз орнатады» делінген. Бұл жердегі әңгіменің астары сөзсіз, адамға «қызмет» туралы болып жатыр. Жақсылығы өз басынан артылмаған адам Құдайға құл болып қатырмайды. Адамзат, бірін-бірі алаламай, жақсы- жамандығына, дінсіздігіне, ұлтына қарамай қолынан келген көмегін беріп кете беру арқылы ғана мінсіз қоғам құра алады идеясы жатыр.

Екінші қатардағы «Әлә, Әл-мүлки Лилла» деп «куфи» қолтаңбасымен жиырма рет қайталанып жазылған сөздің аудармасы: «Байқандар, Мүлік Алланыкі!» делінген. Мұны Абайша айтар болсақ: Адам ғапыл, дүниені дер менікі. Менікі деп жүргеннің бәрі Оныкі! Тәнің кетіп, малың кетіп, жан қалғанда, Сонда, ойла, болады не сенікі? Адамның қол астындағы иелік етіп жүрген мүлкінің бәрі бір Құдайдікі екендігіне дәлел оның құр алақан келіп, құр алақан кетуі болса керек. Тірі кезінде тұтынған, пайдасына асырған заттың бәрі Жаратушының адамға белгілі бір уақыт ішінде пайдалануға берген аманаттары. Аманат деп, уақытша берген біреудің затын айтады. Сонда, денсаулық, жайқалып тұрған табиғат, отан Құдайдың адам баласына берген аманаттары болса, оларға жасалған қиянат

Құдайдың аманатына қиянат болып шығады. Ғажабы, бір-ақ ауыз сөздің астарында адамның қоғаммен ара-қатынасы қандай болу керектігі бекітілген. Халқымыздың «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» дейтін мақалының келтірген теңеуі мұндай түсінік дана бабаларымызға әуелден жат болмағанын байқатады. Бір аңызда, Әмір Темір қайтыс боларында: «Менің жаназамды шығарарда екі алақанымды ашып қойыңдар. Өзіммен бірге әкетіп бара жатқан ешқандай мүлкім жоғын, менің жасаған бүкіл жорықтарым, ел жаулап, олжа табу үшін емес, Құдайдың әділдігін орнату мақсатында болғанын ел көрсін», – деген екен. Содан оны балға салып, алақанын ашып қойып, өзінің айтуымен Самарқан жеріне апарып жерлеген екен.

1935 жылы тайқазанды Санкт-Петербургтегі атақты музей Эрмитажға, Иран шеберлерінің III халқаралық конференциясына алып кетеді. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрып, 1989 жылы, қыркүйектің 18-де ғана тарихи отанына қайтарылады. Бұл істе, мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың біртуар перзенті, ғалым этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың сіңірген еңбегін айрықша атап өткен жөн. Асқақ мәдениетіміздің заттай айғағы болған Тайқазанды осылайша басыбайлы Иран мәдениетінің еншісіне ұстатып жіберудің астарында білместіктен гөрі кезекті орталықтандырылған саясаттың лебі жатқан сияқты. Мұндай әрекет (тарихты бұрып, сананы түмшалау) «Орыс ориенталистерінің» иығына артылған жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі болатын. Шындығында, Иранның ұсталарын жалдап, ақысын төлеп құйдырғаны ғана болмаса, жоғарыда айтқандай, бұл көнеден келе жатқан төл дәстүріміз болатын.

Бұл күнде Тайқазан ғасырлар бойы мемлекетіміздің жүрегі саналып келген, рухани астанамыз – киелі Түркістан қаласындағы әулиелердің сұлтаны Құл Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде, Қазақстан атты үлкен шаңырақтың берекесінің, тыныштығы мен бірлігінің нышаны қызметін атқарып тұр. Келесі зал - кітапхана. Мұнда өте ертеден келе жатқан кітаптар (мысалы, осыдан алынған XII ғасырда басылған құран, XV ғасырдың алгебра, математика, т.б. оқулықтары Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында сақтаулы), басылымдарды қолдан көшіріп орын, ескі мұрағат (архив) болған. Мұражай жәдігерлері осыдан 20 мың жыл бұрынғы пиктографиялық сурет жазуынан қазіргі қазақ алфавитіне дейінгі жазба мәдениет тарихын еске салады., сол сияқты алғаш шыққан қазақша кітаптар мен газеттерден мағлұмат береді, ежелгі кітапхана жабдықтарының кейбір нұсқауларымен-қобдиша, кітапша, т.б. таныстырады.

Ал кітапханаға тіркесе орналасқан мешіт, қабірхана залдарында қазір қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Құдықханада XIV ғасырда қазылған құдық бар. Ахмет Яссауи ғимараты қорығына кіретін тарихи-мәдени ескерткіштерге XI-XIII ғасырларда салынған Қылуат – жертөле мешіті, XIV ғасырда салынған әулие Құмшық ата, сегіз қырлыжәне ныспысыз бейіттер, XV ғасыр ескеркіші – Рабия Сұлтан бегім, XVI ғасырда салынған Есім хан бейіттері, шығыс моншасы, сол сияқты ежелгі қамал мен қала қақпасының қалдығы.

Испиджаб (Сайрам). Испиджаб қаласының бой көтерген жері қазіргі Сайрам аулының (Шымкенттен 12 шақырым жерде) орны. Бұл аймақ негізінен түркештердің аргу тайпасына қарасты жер болатын. VI ғасырда тез өсіп-жетілген Испиджаб оңтүстіктегі сауда және мәдениет орталығына айналды. VII ғасырда Орта Азияға арабтар келген кезде бұл қала гүлденіп тұрған еді. 714 жылы араб әскерінің қолбасшысы Күтейба Шаш (қазіргі Ташкент) қаласын алғаннан кейін Испиджабқа үлкен жорық жасады. Бірақ бұл төңіректегі елдің күшті қарсылығы арқасында көп ұзамай кейін шегінді. Испиджабты өз резиденциясына айналдырмақшы болған араб қолбасшының жоспары жүзеге аспады.

IX ғасырдың басында Испиджаб Қарлұқ мемлекетінің құрамына енді. 840 жылы қарлұқ көсемі және Испиджаб басшысы Білге Құл Қадырхан қаған атағын алды. Бірақ сол жылы Испиджаб Орта Азиядағы саманилер шабуылына ұшырады. Саманилермен болған шайқаста Білге Құл Қадырхан қаза табады. Мұнан кейін мемлекет билігіне оның екі ұлы таласты. Үлкен ұлы Базар Арсланхан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын биледі, ал екінші ұлы Оғұлшақ Қадырхан Тараз (бұрынғы Талас қаласы) аймағын биледі. Тараз қаласын 993 жылы Саманилер басып алғанда Оғұлшақ Қашқарияға қашып кетуге мәжбүр болды.

840 жылы саманилердің Самарқандағы билеушісі Нұх ибн Асад Испиджабты жаулап алды. Бұл аймақтың жер өңдеу мәдениеті сол заманда аса күшті дамыған болатын. Самани билеушісі Испиджабты және оның аймағындағы егістік (жүзім мен астық) жерлерді сыртқы шапқыншылықтардан қорғау үшін көптеген қорғандар соқтырды. Испиджаб аймағына саманилер арқылы мұсылман діні тарады да, енді ол оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығы ғана мес, сонымен қатар үлкен діни орталыққа айнала бастады. X ғасырдың ақырында, яғни 990 жылы Испиджаб Қарахандар мемлекетінің қарамағына енді. Қарахандық әскерлер саманилерді Испиджаб аймағынан түгелдей ығыстырды. 1032 жылдан бастап Испиджаб қаласы Қарахандар мемлекетінің басшысы Қадырхан Жүсіптің иелігінде қалды.

Испиджаб XIII ғасырға дейін Жібек жолының бойындағы ірі сауда және мәдениет орталығы болды. Қытайдан шыққан жібек керуені Тараз арқылы Испиджабқа келіп, одан әрі Отырарға баратын. XI ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстандағы теңге шығаратын ең үлкен екі сарай Испиджаб пен Тараз қалаларында болатын. Бұл қалаларда жасалған күміс ақшалар Орта Азияның көп жерлерінде кездеседі. Испиджаб ірі сауда орталығы болғандықтан, айырбас негізінен теңге айналымы арқылы жасалған.

Сонымен қатар Испиджаб – Оңтүстік Қазақстандағы ірі діни орталық болды. Бұған дәлел қала орталығында үлкен мешіттің болуы. Аңыздарға қарағанда Ахмет Ясауи (1116 ж. қайтыс болған) Испиджабтан шыққан екен. Оның ұстазы мұсылман дінін уағыздаушы әйгілі Арыстан баб болатын. XIII ғасырда Испиджаб Сайрам деп атала бастады. Бұл кезде қала түгелдей наймандар иелігінде болды.

Сайрам Шыңғыс хан шабулы кезінде мықтап қираған еді. Бірақ өмір сүруін тоқтатпады. Одан кейінгі заманда Сайрам Моғолстан құрамына қарады. Моғолстан басшылары Енге төре мен Камариддинің Ақсақ Темірге қарсы ұзақ жылдар соғысуына байланысты қала халқы күйзеліске ұшырап, көп зардап шекті. Кейінірек Жәнібек және Керей хандар тұсында Қазақ хандығының құрамына кірді. Одан кейінгі заманда Қасым ханның бір резиденциясы осы Сайрамда болды... Сайрам жоңғар шапқыншылығы кезінде үлкен күйзеліске ұшырады. 1683 жылы Қалдан Рабдан бастаған жоңғар басқыншылары Сайрамды мықтап қиратты. [3].

Тараз. Қазақстанның оңтүстігінде қолөнершілер тұрақтары б.з.д. бірінші мыңжылдықтың аяғында-ақ бола бастағандығы мәлім. Көне «Жібек жолында» қанат жайып өркендеген осындай қалалардың бірі – қазіргі Тараздың бастамасы – ежелгі Тараз (Талас) болып табылады.

VI ғасырдың екінші жартысында Батыс түркі қағанаты және оның құрамындағы Талас алқабы да Парсы, Византия, Үндістан сияқты ұлы мемлекеттер арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастар ықпалында болған. Ол кезде бұл елдер арасында қағанаттың жерімен өтетін «Жібек жолы» үшін шиленіскен түркілерді өздеріне одақтас етуге тырысқан. Осындай мақсатпен Византия императоры Юстиниан түркі қағаны Дизабұлға грек Земарх бастаған елшілік жібереді. Елшінің бізге жеткен қолжазбаларында алғаш рет 568 жылы өзі келіп түскен Толос (Талас) қаласы жайлы айтылады.

Сол кезден бастап бұл қала аты парсы-түркі-араб тілдес авторлардың бірнеше ұрпақтары шығармаларынан кездеседі. Көне түркі тарихшысы Нершах өзінің «Бұхар тарихы» деген кітабында 580 жылғы оқиғалар жайлы айта келіп, Таласты Тараз деп қате жазады да қала осы атпен белгілі бола бастады. VIII-X ғасырлардағы шығыс авторлары Таразды –базарларында бүкіл дүние жүзінің бұйымдары сатылатын, тек қана түркі, қыпшақ сөзін ғана емес, сонымен қатар араб, парсы, үнді, тағы басқа тілдерді естуге болатын «саудагерлер қаласы» деп атаған.

Осы қала жайлы араб саяхатшысы Әл-Макдиси: «Тараз ірі бекіністі қала, бақтары көп, халқы тығыз, қала сыртында терең ор қазылған, төрт қақпасы және төңірегінде елді мекендері бар. Қаланың орталық бөлігіне кірер қақпа алдында үлкен өзен ағады, өзеннің арғы бетінде де тұрғын үйлер, өзеннің өтер өткелдері бар. Мешіт базар арасына салынған» деп жазған. Мұнда қыпшақтар арқадан түйе, жылқы, қой айдап әкеліп сатып, аң терілерін, иленген, т.б. заттарды астыққа, матаға, ыдыс-аяққа, қару-жараққа айырбастайтын болған.

Тараздың ең өркендеп өскен кезеңі Қарахан әулеті билік жүргізген X-XII ғасырлармен тұтас. Бұл кезде қала қайтадан салынып, өзінің зәулім үйлерімен, қыш төселген көшелерімен, керуен сарайымен, теңге соққан ұстаханасымен, сауда-саттығымен, қолөнерімен әлемге әйгілі болған. Қала ішінде су құбыры жүргізіледі, моншалар салынады. Сәулет өнерінің тамаша туындылары бой түзейді. Бұлардың ішіндегі аса көрнектілігі – ежелгі Тараз рабадына (қолөнершілер тұрағы) орналасқан Қарахан бейіті, қала сыртындағы Бабажа қатын, қазақ ұлттық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып табылатын Айша бибі

күмбездері. 1938 жылы археолог А.Н.Бернштам ашқан сарай моншасы – Тараздағы тұңғыш халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орындарының бірі.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құмыралар, шыны, қыштан құйылған мәнерлі ыдыстар, күміс, мыс, кола бұымдар, осында соғылған теңгелер Таразда қарыштап дамыған қала өмірін елестетеді. Бұл дәуірде Тараз әуелі қарақытайлардың, онан кейін Хорезм шахы Мұхаммедтің, ал 1219 жылы Шыңғыс хан шапқыншылығында тонауға түседі, қиратылады. Бірақ ол мұнан кейін де өз сәулеті мен байлығы арқасында саяхатшыларды таңдандырып, тағы да екі ғасыр өмір сүреді.

Қаланың құлдырауы – XV ғасырдан, яғни ежелгі Қазақстанның қалалары арқылы «Көне Жібек жолы» ұлы географиялық жаңа жерлер ашылуына байланысты өз маңызын жойған кезеңнен басталады. Кезінде әлемге әйгілі үлкен қала орнында XV-XVII ғасырларда шағын ғана елді мекен қалған. Ол XVIII ғасырдан бастап қайтадан Тараз деп атала бастады.

Қазір мұнда X-XIII ғасырлардың сәулет ескерткіштері – Бабаша қатын, Айша бибі, Қарахан, Шамансүр күмбездерінің, соңғы дәуірлерде салынған тұрғын үйлер, медресе, мешіт, монша тағы басқа ғимараттардың негізінде мемлекеттік қорық-мұражай ұйымдастырған.[4]

II тарау. Ерте ортағасырлардағы Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті

2.1. Орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының діни наным-сенімдері

Орта ғасырлардағы Қазақстанның көшпелі халқының, сондай-ақ қалалары мен қоныстары тұрғындарының діни наным-сенімдері әрқилы болды.

Ежелгі түріктер дінінің негізі –Көкке (Тәңірге) және Жерге, Суға сыйыну болды. Қағандар осы Көктің еркімен билік құрып отыр деп санаған түркілер оларды «Көк тектілер» немесе «Көкте туғандар» деп атады. Түрік қағандары жазбаларында өздерін әрқашан желеп-жебеу үшін Көкке жалбарынды. Түрік қағандары Көк, Жер, Су жұт жылдары түрік халқын сақтап қалады деп сенген. Түріктердің түсінігі бойынша өзінің мәні жөнінен Көктен кейінгі орында тұрған әйел тәңірісі – Ұмай ана отбасы мен бала-шағаны қорғаушы деп есептеген. Ұмай түрлері сыйынған үш күштің бірі ретінде оларға қашанда қамқоршы болып отырған. Мұны, мәселен, Тоныкөктің құрметіне орнатылған ескеркіштен көруге болады: «Көк, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-су, міне бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!». Ұмайға сиынушылық Алтайдың кейбір түркі тілдес халықтарында XIX ғасырдың аяғына дейін сақталып келді.

Әуелгі орта ғасырлардағы түркі тілдес тайпалар Хангай тауын ерекше қастерлеп, олардың рухы қаған тегінің қамқоршысы деп есептеген. Хангай тауларында «бабалардың үңгірі» болған, түрік аңыз бойынша осы үңгірде қасқырдан түріктердің бабалары туған. Қаған осы жерде жылына бір рет құрбандық шалып отырған.

Түріктердің ұғымы бойынша жер мен суды, орман-тауларды жайлайтын көптеген рухтар бар, оларға анда-санда тасаттық беріп, кәрін (ашуын)

жұмсартып отыру қажет деп саналады. Сенім бойынша дүние салғаннан кейін адамдар жер асты патшалығына, өлім тәңірісі мен жер асты дүниесінің әміршісі Ерікліг басқаруына қоныс аударады деп санаған. Оның аты Енисей руна жазбаларының бірінде аталады.

Осы наным-сенімдер ертедегі түркі тайпаларына, оның ішінде оғыз, қарлұқ, қимақ, қыпшақтарға ортақ болған. Бұған орта ғасырлардағы араб және парсы шығармаларында кездесетін түріктердің наным-сенімі жайлы қысқа және үздік-создық сипаттамалар айқын дәлел бола алды. Араб географы Әл-Максиди (X ғасыр) Орта Азиядағы түркілердің діні туралы былай деп жазады: «Түріктер бір тәңірі, яғни «тәңірі біреу» дейді. Олардың кейбіреулері «Тәңіріміздің зеңгір көктің атауы» - деп пайымдаса, енді біреулері «Тәңір деген көктің нақ өзі» дейді.

Түріктердің отты пір тұтатыны және отпен аластайтыны туралы Византия елшісі Земарх былай деп жазған: «Түріктердің осы тайпаларының ішінен кесел біткенді аластай аламыз деп өзіне-өзі сенетін біраз адам Земархқа келді де, римдіктер өздерімен бірге ала келген заттарды бір жерге үйді, одан кейін ливан ағаштарының бұтақтарын жағып, скиф тілінде әлде бір сөздер айтып сыбырлап, дабылдарын ұрғылап, үйіліп жатқан заттарға қайта-қайта төнді. Шытырлап жанып жатқан бір бұршақты ортаға әкеліп, құтырына айқайлап, кәрін төгіп, ойнақтаған жын-шайтанды аластап, бізді кесел пәледен құтқарды деп сенді. Өздерінше барлық кеселді аластадық деп сенген олар Земархты да осы оттан өткізіп, өзімізден пәле-жаланы аластадық деп сендірді».

Арабтың көптеген авторлары сиқырлы күш арқылы үскірік аяз шақырып, жаңбыр жаудыра алатын түрік «сиқыршылары» туралы жазады. Түріктердің сиқырлы күшке, шаман, бақсы, балгерлерге сенетіні жайлы парсы тарихшылары мен географтары да жазған.

Түркілер өлген адамды ертедегі шаман ғұрпымен жерлеген. Деректемелерде жерлеу ғұрпының сипаттамалары берілген. Өлген адамды биіктеу жерге тігілген киіз үйге қойған. Киіз үй жанына туыстары құрбандыққа әкелген қойлары мен жылқыларын байлап, киіз үйді жеті рет айналып өткен. Үйді айналып есік алдынан өткен сайын беттерін тілгілеп жылайтын болған. Содан кейін өлген адамның атын, киімдері мен заттарын алып, оларды денесімен бірге өртеген. Сондай-ақ қолайлы мерзімде көму үшін күлді жинап алған. Егер көктемде немесе жазда өлген болса, онда шөптер мен ағаш жапырақтарының сарғаюын, күзде немесе қыста өлген болса, онда ағаштың бұршік жарып көктеуін күткен. Сонда барып қабір қазып, күлді көмген. Қабірдің үстіне олар тас қалап, құлпытас орнатқан. Құрбандыққа әкелінген қой, жылқылардың бастарын діңгекке іліп қоятын. Бертін келе өлікті жерлеу ғұрпы өзгерді. Өлген адамды шұңқыр қазып көміп, топырақтан немесе тастан оба үйген. VI-IX ғасырда Қазақстандағы түркі тілдес халықтар арасында басқа жақтан келген буддалық, манихейлік, христиандық дін жүйелеріне байланысты әр түрлі жерлеу ғұрыптары тарала бастаған.

IX-X ғасырлардың бас кезінде Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы түркі тілдес халықтарды ислам дініне бағындыру басталды, бірақ бұл әрекет едәуір кейінгі дәуірде дамыды.

Барлық діндердің ішінде Будда діні алғашқы түрік қағанатындағы ақсүйектер арасында ертерек танымал болды. Таспар қаған будда дінін мемлекеттік дін ретінде енгізуге әрекеттенген. Қағандықтың әміршілері будда құрамы әр текті елді идеологиялық жағынан біріктіруге жәрдемдесе алатын діннің әмбебап түрі деп білген.

Будда діні Енисей қырғыздары мен қалмақтардың арасында да таратылды. Шығыс Қазақстандағы қимақ әйелі жерленген қабірден табылған руна жазуы бар қола айна будда нақыл сөздермен әшекейленген. VII-VIII ғасырда будда діні Жетісу қалаларында орныққандықтан Ақбешім (Суяб) қала жұртынан екі будда храмның табылуы дәлел болады. Храмдардан шыққан заттар соғды сияқты түркі тілдес халықтардың да будда қауымдарына енгендігін айқындайды.

VI-IX ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда манихейлік және христиандық қауымдар болған. Батыс түрік қағанатында «діни сезімді ояту» үшін жазылған «Қос негіздің қасиетті кітабы» атты шығармасында манихейлік Аргу мен Жетісудың манихейлік монастырлары бар тағы да төрт қаласы аталады.

Тараздағы соғды халықтарының бір бөлігі зороастр дінін сақтап қалған. Тараздағы зороастралық бейіт осының дәлелі. Зороастр отты өшірмей ұстауға ғұрпының ерекше маңызы болған. Сасанид әулетінің теңгелерінде бейнеленген арнайы құрбандық ыдыстары осы үшін пайдаланылған. Баба ата қаласының ішкі қамалының орнын қазған кезде сарайдың орталық бөлмесінен күлдің қалың қабаты табылған. Бұның өзі бұл жерде отқа табынуға байналысты діни жоралғылар өткізілген деп пайымдауға негіз береді. Сөйтіп, ерте орта ғасырлар дәуірінде қазақстандық отырықшы және көшпелі халықтарының діни көзқарастары әр түрлілігімен ерекшеленеді. VI–XII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы халықтардың арасында алуан түрлі діндер, нанымдар мен сенімдер орын алып отырды. Түркілердің зираттарынан табылған заттар олардың ата – бабалардың әруағына табынуын, о дүниелік өмірге сенуін көрсетеді. Олардағы басты бір наным – отқа табыну. Оны археологиялық зерттеулерден жерленген адамдардың заттарымен, мінетін аттарымен бірге өртеліп қойылатын әдет – ғұрыптары да анықталған. Бұл адам денесін отпен аластау болса керек. Түркілер табиғатқа да табынған. Олар өлген адамның денесін жер ананың қойынына өртеп, күл мен көмірін ғана жерлеген. Егер адам көктемде немесе жазда өлсе, ол адамның туған – туыстары бір төбеге жиналып киіз үй тігіп, алып барған малдарын құрбандыққа шалып, одан кейін өлген адамның мәйітін, атын, заттарын өртеп, уақытша сақтап, күзде шөп сарғайғанда ғана жерлейтін болған. Ал егер адам күзде не қыста қайтыс болса, ол адамды жоғарыдағы әдет – ғұрыптарын жасап, көктемде жер көгеріп, шөп шығып, жапырақтар жайқала бастаған кезде жерлейтін. Бұл әдет наным – сенімнен табиғаттың төрт кезеңіне толық табынуды байқатады.

Түркілердің көкке немесе аспан әлеміне сиынушыларын күлтегін жазуындағы мына шумақтан анық байқалады:

- Көкке түркі тәңірі,
- Тәңірі қуат берген соң,
- Тәңірі жарылқағандықтан.

Мұндай әдет, наным – сенімдер қазақтарда бүгінгі күнге дейін орын алып жүр. Түркілерде адам баласының тірегі тіршіліктің тұтқасы, отбасы, ошақ қасы болып табылатын анаға «Умай ана» деген ат беріп, оған табынған. Жетісу қазақтардың «Умай анаға» табынатын Ш. Уәлиханов та жазған болатын. Кейбір жазба деректерге қарағанда, қимақтар мен қыпшақтар күнге, жұлдыздарға табынған.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, түркілерде христиан, манихей, будда діндері болған. Түркі тайпалары IX ғ. бастап жаппай мұсылман дініне ене бастайды. Ал мұсылман дінінің мемлекеттік дін есебінде алғашқы болып қабылдаған Қарахан мемлекеті. Сатұқ Боғраханнның баласы Муса ханның билік құрған жылдары (960 ж.).

Сөйтіп, X ғ. бастап Оңтүстік Шығыс Қазақстан жерлерінде мұсылман діні кең түрде етек жая бастайды.

Жеріміздегі түркі дәуірінің алты ғасырға жуық (VI–XII ғғ.) мерзім ішінде өмір сүрген түрік, батыс түрік, түркеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ және қараған хандықтарының әрқайсысының өздеріне тән дамыған материалдық мәдениеттері болды. Алайда, олардың мәдениеттерін жеке – жеке талдап көрсету мүмкін болмай отыр. Төбе – төбе болып жатқан қыстақ кенттермен қала жұрттарының орындарына жүргізілген археологиялық жұмыстар, түркі тілдес тайпалардың VI–XII ғғ. өзінде тұрақты мекен – жай салып отырықшыланған өмірлерін байқатады. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстік және шығыс аудандарында отырықшылық басым болған.

Түркі дәуіріндегі обалардың адамдарды киімдерімен жерленгендері белгілі. Мәселен, Солтүстік, Шығыс Қазақстан жеріндегі зираттардан былғары қамзолдар табылған. Зираттардан жүннен тоқылған көйлектер, теріден жасалған тон, ішіктердің қалдығы кездеседі. Түркілер тамаша етікшілер болған. Табылған аяқ киімдердің ішінде өкшесі биік емес, қайқы бас етіктер және кебіс қалдықтары кездескен. Сол сияқты теріден белдіктер, тамаша безендірілген кеселер де болды. Әсіресе, кеселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендірілген.

Материалдық мәдениеттің көрінісінің бірі сәулет өнері. Тараз маңындағы Бабажа – хатун кесенесі (X–XII ғғ.) орта ғасырдағы сәулет өнерінің ең ертедегі ескерткіші болып табылады. Осыған жақын орналасқан Айша бибі кесенесі (X–XII ғғ.) және Тараздың өз ішіндегі Қарахан кесенесі де көне заман ескерткіштері.

Сырдария, Талас, Шу, Іле, Испиджаб, Отырар, Тараз, Сығанақ, Баласағұн, Суяб, Мерке, т.б қалалар және егіншілік оазисі мен көшпенділер даласы арасындағы Ұлы Жібек жолында Батыс пен Шығыс арасында қолөнер, сауда

және байланыс орталықтары болды. Сонымен VI–XII ғғ. Қазақстан жерін мекендеген тайпалар қыпшақ–оғыз, карлұқ–ұйғыр тілдерінде сөйлеп, осы тілдерде тарихи-әдеби шығармалар шығарып, өмір сүрген.

X–XII ғғ. материалдық мәдениетін өркендету ісіне елеулі өзгерістер енгені байқалады. Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісуды халифаттың, Саманилер, Қарахандар мемлекеттерінің саяси экономикалық және мәдени қарым–қатынастары аясына тарту әрекеті біз зерттеп отырған халықтарды Орта Азиямен жақындастырады. Қала мәдениетін өркендетуде енді жаңа дін–ислам маңызды роль атқара бастайды.

Түркілердің діні. «Вэйшу» сөзі VI ғ. жатады, ол кезде мұндай бөліну айдан анық болған, сондықтан бастаухат асыл тектілер мен қара халықтың дінге нанымы арасындағы айырмашылықты атап өтеді, сосын сол айырмашылық «Суйшуден» түсіп қалған. «Суйшу» қытайлардың, сйын далада зауалды 630 ж. Дейін өктемдігін жүргізіп тұрған түркі тектілерімен ғана істес болған дәуірін көрсетеді. Сол себепті де «Суйшу» сілтемесінің тек асыл тектілерге ғана қатысы бар деп ойлаған жөн тәрізді, ал біз бұл мәселемен кезі келгенде айналысамыз әлі.

Енді біз түркі халқының діни көзқарасымен қарастырып көрейік. Көк тәңіріне табыну сол сияқты Орхон жазуларында мынадай өлең жолдары кездеседі: «Биікте тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған». Көк Тәңірі (Көк аспан) - ол кәдуелгі көзге көрінетін аспанға қарама-қарсы қойылатын заттық аспан емес. «Аспан аруағын» қытайлар тек қана Көк Тәңірі деп түсінген тәрізді. Аспанға құрбандық шалу салты тіпті XIX ғ. аяқ кезінде қашындер арасында болғаны байқалған. Ол Тылғыр Тайық деп аталған, бұл әдет бойынша күллі қауым тәңірге жалбарынып, оның құрметіне қойды құрбандыққа шалады, қымыз, айран, сүт, сорпа судай ағылады. Мейрамға жақын ауылдаржан еркектер жиналады, әйелдер мен бақсы-балгерлер оған жіберілмейді. Сонда олар «көк пен күнге» табынады. Бұл әлгі «Вэйшуде» сипатталған әдет-ғұрып болса керек. Бұндағы екі жәйтті айрықша атап өткен жөн: біріншіден-басқа бұл мейрамға жіберілмейтін болған және екіншіден-құрбандық шалудың мақсаты «жарықтың» шапағат-мейіріміне ие болу. Сынау екі жәйттің екеуі де маңызды».

Сипаттамаға қарасақ, оның - жарық күнге табынушылықтың өзімізге белгілі түрлерінің осы табынуды айрықша біліп, жазба дерек сол догманың ерекшелігін атап көрсетеді, ал осы табыну сатында күн аспан бейнесі ретінде құрметтеледі. Нганасандар-ертедегі саяндық угорлардың ең жақын туыстары деген болжамды баяғыда Кастрен айтқан болатын. Қиыр солтүстікке қарай тысқарылып тасталса да, нганасандар өздерінің бақсылық демонолатрия ықпалына түскеніне қарамастан ежелгі табыну салтын сақтап қалған. Олар жылына екі рет : полярлік түн басталардан бұрын - күзде, кейін күннің әуелгі шұғыласы атау шыңдарына шағылысып көрінетін мезгіл - қаңтардың аяғында жарыққа - күнге құрбандық шалады. Әлбетте табыну мейрамының салттық жағы жоғарыда сипатталғанын әлдеқайда басқарсақ, өйткені мейрамды бақсы-балгер өткізеді; мұнда нысандардың жаңа жағдайда, жаңа көршілермен, ең

бастысы, жаңа жерде мың жарым жылдай өмір сүргені өз ісін қалдырса керек, өзіміз зерттеп отырған табыну салтында жаңа жердің бірінші дәрежелі роль атқарғанын біз әлі ілгеріден байқаймыз.

Алайда, сыртқы айырмашылықтарына қарамастан, түркіт халқының да, түріктенген угорлар мен нганасандардың да табынатын нәрсесі біреу-ақ болғанын, ол – күннің жарығы екенін біз зор сеніммен айта аламыз. Осыны негізге ала отырып, біз өзімізді мүдделі етіп қойған түріктердің ең жақын-туыстары ретінде нысаналардың тео-космостық ұғым-түсініктерін қарастырып көруге қақымыз бар ғой деп ойлаймыз. Нганасан дінінің доктринасы – ілім - анимизм; қайырымды нәрсенің яғни адамдарға ізгілік-жақсылық әкелетін нәрсенің бәрі пио теринімен белгіленеді, белгілі бір бейнесі жоқ, бірақ қатты құрметтелетін, көзімізге көрніп тұратын аспан да (түріктің Көк Тәңірімен салыстырыңыз) осы терминмен білдіреді. Әлемді жаратушы – Тәңірі, оның дәйекшісі Кои (күн) жаратылған дүниеге басшылық етеді; күн шұғыласы-тінжіптер, осы тіндер арқылы өсімдіктер рухы күнмен үндесіп, тілдесіп тұрады.

Күнге табынудың бұл нұсқасының белгілі дәрежде танымалдығы сондай, оны Сібір бақсылығының өзге түрлерімен шатыстыра алмайсыз, мұны кезінде Л.Я. Штренберг айтқан. Бұған ұстайтын бірден-бір ілім манихейліктен байқалады, бірақ мұнда генетикалық байланыс емес, күмәнсіз конвергенцияи – ұласу – ұштасу бар.

Бұл дінді анимистикалық генотизм ретінде сипаттауға болады, өйткені С.А. Токаревтің зерттеуі көрсеткендей, жалпыхалыққа ортақ жоғарғы құдай-жарық және аспан құдаймен-бірге әрбір рудың өз жебеушісі, яғни әлімсақтан бері тірлік етіп келе жатқан «тос» рухтас, кішкене ғана тайпалық құдіреті болады, бірақ олардың марқұм болған кісілердің жанары-«космоспен» ешбір байланысы жоқ».

Тіпті «Аспан рухына» рудың өзі, біраз құбылып, өзгеріп кетсе де, XX ғ. басына сақталған. Көк рухы Құдай деген парсы атын алып, кейін бақсылықтың ең жоғарғы рухы - Үлгеннен мүлде басқа, христиан құдайымен теңдесіп, бірдей болып кетті. Осыған байланысты жер құдыреті-тостерге, байырғы алтайлықтардың «табиғат иесі»-«Алтайға», келімсек ырқыттар мен сойондардың «Иер-суға» табынатынын айта кету керек [7].

Иер-су (біздің жер-суымыз) жер тостері қатарына жатады да, оны жер мен судың, өсімдіктің ж.б. «қожасы» деп құдырет тұтады. Нганасандарда жердің қожасы Фаннида, ол-адамдардың өлгенін аузын арнадай ашып күтіп жататын қаныпезер жын-шайтан. Оған құрбан етіп, қара бұрғыны шалады. Иер-су да рақымсыз құдырет. Оған сұр немесе жирен атты құрбан етеді.

Бақсылықтың Үлгенді құрметтеуі мен Иер-суға табынушылықтың арасында ешбір байланыс жоқ екенін ырқыттар мен сойондардың Үлгенге бақсы пантеонының басқа да аруақтарына жалбарынбайтыны дәлел бола алады; бұл екі рудың екеуінен де Саяннан келгеніне көп болмаған, тегі, олардың табынатын құдыреті ежелгі алтайлық және нганасандық діни жүйелер арасын байланыстыратын буын болса керек.

Бодын-інлі тауын қастерлеудің мәнісі туралы мәселе Л.П.Потаповтың еңбегі арқасында анықталады, онда автор сол тау алқабының рулық меншікпен байланысын қастерлеу-салтын, рулық табыну мен кәсіптік құдіреттің бірігіп, өріліп, кеткендігін көрсетеді. Әр рудың өз мүшелерін коректендіретін «Алтайы» бар. Бұл таулардың, өзендер мен көлдердің киелі аруағын қастерлеу емес, сол таудың, өзен мен көлдің өзін қастерлеп, құдырет тұту яғни біз бұл арада табиғаттың рух-бейнесін емес, өзін тіріге санап, қастерлеуін көреміз. Бұл анимистикалық дүниетанымның ең бір жабайы түрі, ол-анимизм деп аталады.

Ашин ордасы бағындырған алтайлық халықтардың ежелгі діндерінің басты белгілері міне осындай. Біздің жоғарыда көргеніміздей, «бекзаттардың» негізгі табынатын құдірет ата-баблар аруағы, бұл халық дініне мүлде жат нәрсе еді. Алтайға VII келген түркіттердің ұрпағы – телелер мен шу теленгіттердің рулық анимистикалық табыну салтынан іргесін мүлде алшақ салып тұрады.

«Бекзаттардың» үңгірге барып, құрбандық шалатын ата-бабаларының кімдер болғанын анықтау үшін, түркіттердің шыққан тегі жөніндегі аңызға айналған материалды талдауымыз керек. «Суйшуде» Ашин ордасының шыққан тегі туралы тарихи анықтамамен бірге мифке негізделген бір аңыз келтіріледі. Ашиндер жазық далаға шығып, жужандарға тәуелді болып бағынғанға яғни, VI ғ. басына дейін «үңгірде» тіршілік еткен.

Қасқыр барып тығылған үңгірді сипаттап жазғанының өзі қызық. «Сеңгір Тауда бір үңгір бар, сол үңгірдің ішінде айналасы жүздеген Лиге созылып жатқан, көкорай шалғында жазық бар. Үңгірдің төрт құбылысын түгелдей таулар қоршап жатыр». Бір ғажабы, нағыз тау алқабы «Суйшуде» үңгір деп аталған. Мұндай ағаттыққа тай қалып қана қою аз, шамасы, біз мұнда бір аңызға екі сюжет-мифологиялық және тарихи сюжеттер келіп тоғысқан деп жорамал жасай аламыз.

Шынында да тарихи сюжеттің мұсылман авторлары Рашид-ад-Диннің, Хондемир мен Әбілғазының шығармаларында толық күйінде келтіріледі және тау алқабы Еркене күн - Құлама беткей деген белгілі атқа ие болады. Бәлкім, біз бұдан ежелгі бір оқиғаның нышаны – теріскей хундардың жеңіліске ұшырағанан кейін, 93 ж. Тарбағатай өлкесі арқылы басып кеткенін, олардың бір бөлігінің Алтай өңірінде қоныстанып қалғанын көретін шығармыз, бірақ бізге енді қазір керегі мифологиялық сюжет – қасқырдың қайдан пайда болғаны.

Ең алдымен теле тайпасының пайда болуы жөнінде та осындай аңыздың барын атап өту керек. Бұл аңыз бойынша хұн шаньюі қыздарының әкесі көк тәңірсіне бағыштап қойған біреуі-бөріден ұл табады да, сол теле тайпаларының түпкі атасы болды. Бұл тайпаларда, Ашиннің ордасы сияқты, Халха өңіріне Сары өзен бойынан келеді. Өзіміз байқап отырғандай-ақ, түркіттер де, телелер де шығу тегі жөнінен бір ғана аңызға сүйенеді. Ендеше түпкі атасы-бір-бөріге осындай төтемшілік тұрғыдан қараудың шыққан көзі бір екен деп болжам айтудың қисыны бар. Дегенмен де ұйғырлар мен Ашиннің ордасы нағыз төтемшілер болған деп кесіп айтқан қауіпті, өйткені, бастаухаттарда олардың қасқырға өзгеше қатынасы болды- деп жазылмаған, бірақ біз бұл арада сонау көне заманда осынау аңға тотемдік тұрғыдан табыну іздерін көреміз, ал сосын

оның біз зерттеп отырған дәуірде ата-бабаларды құрмет тұту салтына айналып кеткенін білеміз. Сонымен Алтайда екі діни жүйенің: Сібір халықтарымен байланысты болған анимизм мен ұлы шөлдің оңтүстік аймағынан шыққан түрк және монғол тілді көшпенділер әкеліп дарытқан, тотемдік сипаты бар, ата-бабалар аруағына табыну діндерінің қатар өмір сүргенін анық айта аламыз.

Түріктердің ата-бабалар аруағына табыну салтының, оның шыққан тегін анықтай түсінуге жол ашатын ерекшеліктері бар. Тап осындай, уақ-түйегіне дейін сәйкес келетін діни сенім эхирит-булагаттар, яғни Байкал өңірінің арасында бар екені байқалған.

Бірақ VI ғ. аяғы мен VII бас кезінде ата-бабаларға тотемдік табыну таза күйінде байқалмайды. Ашина мен таулы Алтай тұрғындардың арасындағы тығыз байланыс синкреттік-бірлескен діни сенімнің пайда болуынан бастайды. Бұған әлі күнге дейін шешілмейтін жұмбақ тәрізді көрінетін түркіт хандарының есімдері дәлел бола алады. Бұл есімдер қытай, парсы мен грек жазбаларында сақталып қалған және оларды әртүрлі салыстырып оқу арқылы талдауға болады. Тобаханың өз аты Арсила (грекше), ол түрік-монғол сөзімен «Арсылан» деп аударылады. Қытайша «Були», түрікше «Бөрі» деген сөз. Тағы бұл аттың монғолша «Шэни-Шоно» түрі де бар. Батыс хандарының аттары да жиі кездеседі: «Иби»-«Ибрис» (барыс), ал «Юйгу»-«Юкук» (үкі) болып аударылады.

Осының бәрі канондық есім емес, кісінің жасы мен қоғамдық жағдайына қарай өзгеріп отыратын сипаттамалы аттар. Бұны бәрінен бұрын лақап ат деген жөн. Сол сияқты еске салып қоятын бір нәрсе, хан қара халық үшін де, бекзаттар үшін де дінбасы болған яғни қанағат жүйесінде осынау екі сенім-нанымы да қоян-қолтық тірлік еткен дағы, бірітіндеп, ұласып бір дүниетанымға айналып кеткен, бірақ ол толық дәрежесінде жүзеге аспайды, өйткені қағанаттың өзі құлайды да, оған қосыла күллі рулық-діни сенімдер жүйесі де құлайды.

Л.П. Потапов пен С.А. Токарев сипаттағы рулық табынудың көмескі көріністері заман дәстүрлерінің едәуір бөлігін тау қырқаларының тұйық тасасында сақтап қалған, Алтайдағы орман-тоғай руларының анимистік сенім-нанымына жатады. Ашин түріктерінің дәстүрлері шалқар дала кеңістігінде түбірінен өзгереді, сол себепті де оларда ата-бабалардың тотемдік табынуының іздері тым сирек кездеседі. Соған қарамастан ата-бабалардың тотемдік нанымдардың дала мәдениеті үшін зор маңызы бар, сондықтан да оның мән-маңызымен ерекшеліктерін анықтап, нақтылай түсу керек.

Дегенмен де түркіттер кімге табынған: арғы тегі-аңға ма, әлде арғы атасы-адамға ма? Егер адамға табынса, оның қандайына: кез келгеніне ме, әлде қаһарман батырға ма? Егер біз (Суйшудің) текстін ескерсек (аруақтарға табынады), оның бірінші нұсқасы жарамайды, өйткені VII ғ. жоғарыда айтылғандай-ақ, қытайлар тек түркіттердің бекзаттарымен ғана танысып-біліскен, ендеше VI ғ. құрбандық апарып шалынатын сол аруақтардың ата-бабалар аруағы болғаны анық. Бірақ істің мән-жайын, сол діни сенімге жатпатын, кейінірек кездгі X ғ. бас кезіндегі араб көшірмесі, Абу-Дулафтың

рисалесінде сақталған мәліметтер дау-дамайсыз анықтайды. Бұл бастау дерек әлі ислам дінін қабылдамаған қарлықтардың «Қабырғаларына өздерінің бұрынғы хандарының суреттері салынған ғимараттары бар» деп хабарлайды. Солар сияқты ежелгі дунхулар да өздерінің бұрынғы «ерлігімен даңқы жайылып, марқұм болған алдиярларын» қастерлейді екен.[8]. Қарлықтардың батыс түріктерімен байланыста болғаны «Таншуда» анық көрсетілген, ло шежіреде «гэлолу» яғни қарлықтар түркіттердің анимистік сеніммен қатты қастерлейтін түркіт халқына қарама-қарсы, түркіттің бекзат-билері тотемдік дүние танымнан туған салт, қаһарман-ата-бабалар аруағына табынатын юолған деп ашықтан-ашық айта аламыз.

Осыған байланысты түркіттер арасында адам жанының өлмейтіні, одүниедегі тіршілік туралы діни сенім бар екенін де атап өткен дұрыс. 576 ж. Істеми ханды қойған кезде, марқұммен бірге о дүниеге баруы үшін «ғұнның төрт әскери тұтқынын» жазылып өлтіреді. 649 ж. император Тайцзунды жерлегенде, ағзам досынан айырлмас үшін Ашина Шэни өзін-өзі өлтірмек болады.

Міне осы екі фактіден түркіттердің о дүниедегі тірлікті бұл пәнидегі өмірдің жалғасы деп есептегені байқалады; мұндай сенім аса көп тараған, бірақ ол діни сананың тым ерте кезеңдегі даму сатысына жатады, дегенмен де оның анимизмнен бір өзгешелігі адамның жаны көп емес, әркімнің жеке жаны болады деп шамалайды.

Бірақ сонда баяғы бақсылығымыз, табиғаттан қалыс, заманнан бері өмір сүріп келе жатқан аруақ-достармен тілдесетініміз қйда, тілдескенде онша табынып, құлдық ұрып жатпай, үйреншікті практикалық сипаттағы, психологиялық экзальтация жолымен болатын тілдесуіміз қайда? Нұғыраны соғып, ежелгі аруақтарды шақырып, өлгендер жанымен айқасып жататын басқылар қайда? Жоғарыда сипатталған екі жүйенің екеуіне де, жебеуші-аруақтарға орын жоқ, оларсыз бақсы нанымның негізі болып табылатын бақсының өзі де, оның іс-әрекеттері де болмайды. Рас, біз талдаған текстке дуақанттар мен сиқыршылар жөнінде сөз бартұғын, бірақ оларға бақсының қадыр-қасиетін таңдай тұрып, олардың немен айналысқанын қарап көруіміз керек.

Сол сияқты Ф.Ратцельдің Орталық Азиядағы отты құдірет тұту мен зороастризмнің байланысы жөніндегі жорамалы да ақылға қонбайды, өйткені олар тек сырттай ғана ұқсас. Персиядағы Модеддан-Мобед киелі отқа жақындағанда, оны тыныс-демімен харамдамас үшін, бетін бүркеп алады. Ал мұнда жын-шайтандарды яғни ең қасиетсіз зиянды күштерді отпен аластадады. Істің мәні мынандай: Иранда от-діни жолмен табынатын құдірет, ал түркіт тайпаларында от-жадылықтың құралы, яғни олардың арасында ешқандай ұқсастық байқалмаған. Енді біз ең соңғы сауалға: бақсылардың «қара сенімі» жебеуші-жынға табыну қандай? –деген сауалға келдік.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдау VI-VII ғ.ғ бұл жүйенің түркіттерде болғанын көрсетеді, ал XII ғ. «кам» термині де сол камдаудың өзі де қағаз бетіне түседі VII мен XII ғ. арасында пайда болған деп айтуымыз

керек, расында да, VI-IX ғғ. дәуірі Орталық және Орта Азия халықтары мәдениетінде орасан зор өзгерістер болуымен ерекшеленеді. [9]

Біздердің көпшілігіміз жаңа туған айды көрген аталарымыз бен әжелеріміздің екі қолын кеудесіне басып, үш рет қайталап, оған сәлем беріп жатқанына талай рет назар аударған болармыз, сірә. Сондағы айтар сөздері былайша: Ертедегі сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, көк түріктер, түркештер, ұйғырлар, қарлұқтар бір дінге, бір құдайға - Тәңірге (Аспанға) табынды. Тек ұйғырлар аз ғана уақыт аралығында ерте христиандықтың бір түрі манихейлікті ұстанды, кейінірек Тәңірге табынуға қайта оралды. Ежелгі уақыттардан түріктер тәңірге табынушылар еді. Тәңірге табынушылықта көк аспан, ашық күн, жарық ай ең қасиетті, құдыретті деп есептеледі. Аспан немесе Күн-Тәңір барлық мәндінің бәрінің жаратушысы, құдыретті иесі деп саналады, ал мемлекетті басқарушы, қаған - елдегі жоғары лауазымды адамға аспан құрметтеген (Тәңірқұты) құдырет ретінде табынды. Сондықтан ғұндар көсемдері туралы: "Ол аспан мен жерден, күн мен айдан жаралған, оны таққа отырғызды, ол ғұндардың (Тәңірқұты) ұлы, әрі құдыретті басқарушысы, - делінген" ("Хан әулетінің кітабы", 96 "А"). үйсіндерде көсемдерін Күнби деп атады, мұнда құдырет немесе аспандық мән бар.

Таста қашалған ерте түрік жазуларының біздерге жеткен Орхон-Енисей ескерткіштерінде бұл туралы былай деп жазылады: "Жоғарыда аспан пайда болғанда, төменде қара жер көрінді, ал олардың арасында адамзат балалары туындады". Бұл жазулардан таққа ие болу, басқарушы мен халықтың әл-ауқаты Тәңірге деген сенімге сүйенеді деген айқын аңғарылады және дін мен мемлекеттік саясат қол ұстасып, ажырамай жүрді, екеуі бірге ел мен халықты басқарудың құралы болды.

Билеушілердің өздері де, алдымен Тәңірдің (Аспанның) қолдауының, құдырет күшінің арқасында, содан кейін жеке артықшылықтары мен сәттіліктің нәтижесінде олар таққа отырдық, қаған атандық және халықты биледік деп санады. Сондықтан да біздердің ата-бабаларымыз Аспан мен Тәңірді қасиеттеп, тең мәнді тұлғалар санады, сонымен бірге жерлік бастау мен құнарлылықты кейіптеуші Ұмай, Жер ерекше қастерленді және сулар, таулар солардың атымен аталғанын байқауға болады. Ғұндар мен үйсіндер биік, құдыретті тауларды мекендеді, Чилияншан деп аталатын етектері де Тәңір тауларына лайық делінді. Тянь-Шань, Тәңір таулары деген қытай атаулары ғұндардан қалған атаулар, өйткені Тянь дегеніңіз Тәңір деген сөз.

Біздер, қазақ халқы, үшін де аспан құдайдай қасиетті. Аспан - оның көктігі мен тазалығы - жастық пен көктемнің, берекенің, тәуелсіздік пен бостандықтың белгісі. Тәуелсіз және егеменді Қазақстанның туы мен басқа да мемлекеттік рәміздерінің көкшіл, аспан түстес болуы кездейсоқ емес, бұл ғасырлар тереңінен келе жатқан дәстүр, оған мың-мыңдаған жыл.

Біздердің әкелеріміз, аталарымыз және бабаларымыз өмірінің көпшілік бөлігін ат үстінде, биік көк аспан астында өткізді, олар жылқы тұяғының дүбірі арқылы жерге құлақ түрді. Тамағын төрт аяқты малдан алды, ал жүрегі мен жанын аспан толықтырды, шексіз аспан әлемі олардың рухани азығы болды,

кең дала көлемімен аспанға теңелді, сондай-ақ биікке, аспанға ұмтылған таулардың биік төбелері аспанға сәйкестенді.

Табиғаттың кез-келген құбылысына ат берген ертедегі малшылар ең алдымен оның сыртқы түріне, кейпіне, түсіне және бояуына, табиғаттағы орнына назар аударды. Бірде-бір зат көшпендінің көзінен сырт қала алмады. Ол алдын да, артын да жіті қадағалады. Түріктер аспанды тек құдырет деп қана қоймай, оны сүйді, оған сүйсінді, сонымен бірге одан қорықты, сақтанды. Бұған себеп Күн жылу мен жарық беріп, сонысымен өмір сүргізді, және ол аспанмен күн сайын өтіп, сонысымен көшу үлгісін көрсетті. Түріктер табиғатта Күннен күшті ештеңе жоқ екенін түсінді.

Аттың жалы, түйенің қомындағы өркениет өмір мен өлімнің, гүлдену мен солудың бірыңғай қайталамасы ретінде күннің шығуы мен батуынан үлгі алды. Таңертең, бірінші кезекте, біздің ата-бабаларымыз күнге, оның қалай шыққанына назар аударды, сондай-ақ оңы мен солында және артында не болып жатқанын қырағы байқады. Күннің көзі үйге түсуі үшін, киіз үйдің есігі шығысқа қаратылды. Халық пен әскерді осылайша басқарды, оң және сол қанаттың бектері Шығыс пен Батысқа сәйкес болды, сол қанаттағы бек Шығыста, оң қанаттағы бек - Батыста басқарды. Сол немесе шығыстық бек қағаннан кейінгі бірінші лауазымға ие болды. Әскерлер сапар кезінде немесе шайқас үстінде осындай тәртіпті ұстанды.

Уақыт та Күн қозғалысы бойынша есептелінді. Ал Айдың аспанмен жылжуы жылдық күнтізбе негізіне алынды. Табиғаттағы өзгерістер аспан жұлдыздарының қозғалыстарымен байқалды, ал шаруашылық жұмыстары соларға қарап жүргізілді.

Түрік халықтарында Көк-Аспан сөзімен әрқашан Тәңір-Құдай қатар қойылды. Барлығының, қоғам мен табиғаттың өз жөн-жүйесі, тәртібі болды, жаман мен жақсы, керекті мен керексіз тек Құдай-Тәңір арқылы қаралды, адамның тууы, оның борышы мен міндеттері, адамдық мінездерінің көрінуі, адамдық пен киелілік тек Аспан арқылы, Аспан Құдыреті - Тәңір арқылы қаралды. Әр заттың өзінің мәні, құпия-жұмбағы, өлшем-мөлшері болды. Бұл көзқараспен қарасақ, Тәңір-хандық пен Ислам арасында айырмашылықтан гөрі, ұқсастық басым. Сондықтан VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында Сырдария мен Жетісу алқаптарына ислам келгенде, түркештер мен караханидтер жаңа дінді онша жатсынбай қабылдады. Ал караханидтер исламды мүлдем мемлекеттік дін ретінде пайдалана бастады. Тарихи шындық осындай. Ал басқа халықтар бөтен дінді әрқашан жаулықпен қарсы алды, осы үшін қаншама қан төгілді десеңізші. Бәрі салыстырмада білінеді және біз де көшпенді мен отырықшы арасындағы айырмашылықты түсіну үшін осы әдісті қолданайық. Көшпенді бүкіл өмірін ертоқым үстінде өткізеді, малдың артынан жүріп отырады, оның көзі аспанды, табиғатты шарлайды, табиғаттағы өзгерістерді, басқа жыл уақытының келгенін бірінші байқайды және ол үстінде күн жарқырап, Аспан-Тәңірі тұрған алдындағы кең жазықтықты, аспан мен даланы, биік тауларды көреді.

Ал диқан жермен жұмыс істеді, оның екі көзі төменге, өз еңбегінің жемісі отырғызылған орынға қарады. Өсе ме, өспей ме, бақыт па, бақытсыздық па, табиғат апаты ма, ауыртпалық па - бәрі диқан үшін жер мен суға, топырақ пен оның құнарлығына байланысты болды. Сондықтан отырықшы диқан көз алдында тек жерді көрді де, өзіне тастан, балшықтан және ағаштан құдай соғып алды, және де құдайлар мен пұттарды өзі, өз қолымен жасап алды.

Егер біреуі желден жүйрік атпенен күніне 500 шақырым жер алып шапқыласа, ал басқалары жаңбыр мен су көмейін ашып-жапқан мұрабтарға қарап елендесе, онда екі халықтың өмірі салыстыруға келе ме?

Тәңір-Аспанға, Аспан әлеміне, Ғарышқа және Әлем дүниесіне табынып, өздерін Аспан дүниесінен жаралған балалары санаған біздің алыстағы ата-бабаларымыздың өмір салтында аса терең мән жатыр.

2.2. Орта ғасырлардағы көркем қолөнер.

Қазақстан даласындағы орта ғасырлардың көркем мәдениеті бұрын өткен андронов және ежелгі көшпенділер кезеңі мәдениетімен тұрақты мұрагерлік байланыста болғандығымен ерекшеленеді. Көшпелі өмір салты көркем кәсіптің алда ұзақ уақыт бойы басым болатын осы аймаққа тән түрі – көркем қолөнер кәсібін қалыптастырды.

Сондай-ақ аймақтағы қалалардың жылдам дамуы көршілес көркем мәдениеттерінің әсері байқалатын көркем қолөнер кәсібі бұйымдарының жаңа түрлерінің пайда болуына ықпалын тигізді. Қазіргі кезде археологиялық мәліметтер қазіргі Қазақстан территориясында орналасқан орта ғасырлық қалалардың қарқынды өмірі жайлы бұрын болжам түрінде болған пікірді нығайтуға мүмкіндік берді.

Қалалардың өмірі негізінен шығыстан батысқа қарай өтетін керуен жолдарының қозғалысын қамтамасыз етумен байланысты болды, ал олардың тұрмыстық жағдайы тұрғындарының басым көпшілігінің өмір салтының жалпы сипатынан айтарлықтай ерекшеленбеді. Сондықтан аймақтың тек отырықшы тұрғындарына ғана тән көркем қолөнер кәсібі бұйымдарынан көшпенді мәдениет тудырған көркемөнер дәстүрлерімен тығыз байланысты байқауға болады. Дегенмен, осы кезеңдегі көшпенділердің өнері мәдениеттерінің бір-біріне тигізген әсерлерінен байи түсті, себебі, керуен жолдары жаңа идеялар тудырмауы мүмкін емес еді.

Сонымен бірге көшпенді мәдениет қолданылатын материалдар түрлерін де шектеді, көркем композицияны шешудің ережелер жүйесін жасады, қолөнер және шығармашылық жұмыстарының алуан түріне арналған түрлендіру өлшемін анықтады. Көшпенді мәдениеттің «таңында» қалыптасқан көркем дәстүрлер кейінгі екі мыңжылдықта да өзінің өзектілігін сақтап қалды. Ортағасырлық кезеңде болған көшпенді және қалалық мәдениет көркем қолөнер кәсібінің түрлерін екі типке бөлуге болады: отырықшы тұрғындарға арналған және көшпенді өмір салтына қажет заттар. Сондықтан қолөнер еңбегі

біршама жақсы дамып, ұсталар мен көзешілер тұрған қала кварталдары дәстүрлі түрде болды деуге болады.

Араб мәдениетінің пайда болуы Қазақстан территориясындағы көшпенділердің өміріне айтарлықтай әсерін тигізбеді, дегенмен сол кездегі көркем қолөнер кәсібіне аз да болса ықпалы болды. Бұл жағдай метал құю техникасында, архитектуралық формалардың қасбетін ою-өрнекпен безендіруде ерекше байқалады. Аталмыш аймақта өмір сүрген ортағасырлық тұрғындардың мәдениетінде сопылық философияның кең тарауының үлкен мәні бар. Шебердің жұмысында, көркемөнер мәселесінен басқа, қалалық орта мен көшпенді өмір жағдайына сәйкес келетін бұйымдардың тәжірибелік қажеттіліктеріне артықшылық жасау негізгі бағдар болып табылды. Бұлардың біршама өзіндік ерекшеліктері болғаны белгілі.

Егер тұрмыстық заттың формасын оның тәжірибелік функциясы анықтайтын болса, онда декор дүниетанымдық ұстанымдарында болып жатқан барлық өзгерістерді бейнелейді. Әлемдік діни доктриналардың кең таауы ортағасырлық адамның бұрынғы түсініктерінің негізін жоя алмады. Дегенмен, көркемөнер саласының кеңістігінде әртүрлі формадағы нанымдардың мәдени координаттарының синтезі жүріп жатты. Ал бұл аталмыш дәуірде өмір сүрген адам ойында өзгерістер болғандығын айғақтайды. Көркемөнер қызметінің түрлері нақты ортада заттардың қызмет атқару деңгейі мен оған қатыстылығы шеңберінде анықталды.

Бұл, әрине, алдыңғы тарихи кезеңде дамыған, барлық байланыстары сақталған өшпенді және отырықшы жер өңдеу шаруашылығына тән материалдармен жұмыс істеу болып табылады. Әдетте, бұл бір жанұяның барлық мүшелері немесе туыстары түгелдей қатысатын ұжымдық, отбасылық жұмыс. Көшпенділердің көркемөнер қызметі саласында әр түрлі кілем тоқу техникалары, теріден бұйымдар жасау, сүйек, тері өңдеу бірінші орынға шығады. Көшпенді үй-жайларда жорық жағдайында да зергерлік шеберханалар дәстүрлі түрде болды.

Көшпенді тұрғын жайдың құрлысы саласында оны безендіруде қолданылған қыш пен ағашты өңдеуге айрықша көңіл бөлінді. Әскери қару жарақтарды дайындау, ұсталық іс дамыды. Көркем қолөнер кәсібінің әрбір түрін орта ғасырлық кезеңде қалыптасқан біртұтас көркем жүйенің бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Бір отбасының өкілдері немесе туысқан адамдар әркет еткен қыш-керамика өндірісі көркемөнер еңбегінің ауқымды саласы болып табылады. Қыштан жасалған бұйымдар - археологиялық қазба жұмыстарының едәуір бай арсеналы. Орта ғасырлардағы керамика Андронов кезеңіндегі керамика сияқты бай. Бірақ қыш бұйымдар көбіне затты ұзақ жерге тасуды қажет етпейтін стационарлық үй-жай жағдайында пайдаланылды. Дей тұрғанымен, көшпенді ортада да қыш бұйымдар кездеседі. Осыған қарағанда, олар ерте кезде өздерінің функционалдық қажеттігіне байланысты шағын көлемде көшпенділердің тұрмысында да қолданылған. Бұған мысал ретінде кез келген үйге қажет шамдардың дәстүрлі формасын алуға болады. Біздің

пайымдауымызша, басқа да қыш ыдыстар шектеулі түрде болса да өз қызметін атқарған: егер оларды тасымалдауға арналған жұмсақ орауыштар (бұған Есік обасынан табылған заттар дәлел бола алады) жеткілікті болса.

Ортағасырлық Түркістан қалаларының керамикасы әртүрлі формадағы ыдыстардан тұрады: дәстүрліқыш құмыра мен табактан бастап астық сақтауға арналған хұмдардың монументті формаларына дейін. Керамика формаларының ерте көшпенділер мәдениетімен ұқсастығы бар (Есік обасынан табылған заттар). Алтай тауының етегінде өмір сүрген адамдар жартылай көшпенді өмір салтын жүргізді. Ол жайлаудағы мал шаруашылығы деп аталады. Шаруашылықтың бұл түрі әр түрлі бұйымдардың пайда болуына мүмкіндік туғызды.[11]

Көршілес аймақтардың көркем мәдениетінің әсері оңтүстік көршілердің керамикасына тән құмған тәрізді ыдыстардың пайда болуынан, дәуір мәдениетімен тікелей байланысы бар көлемді керамикалық заттар –жасаудан байқалады. Керамиканың әрлену сипаты да Шығыстың әртүрлі аймақтарындағы мәдениеттің синтезін көрсетеді. Бірақ, құрлысы жағынан көшпенді ортада ойлап табылған белгілі әдістер байқалады.

Түркі кезеңінде кейінгі көшпенділердің, жалпы түркі этносына жататын барлық халықтардың этникалық және мәдени бірлігі қалыптасты. Бірақ, ортағасырлық көшпенділердің тұрмыстық заттары алдыңғы скиф-сақ кезеңіндегілерге қарағанда біршама аз сақталған. Аталмыш территория тұрғындарының заттар әлемін уақыт еш аяусыз қиратқан болса да, бұл жерде орта ғасырлық қалалар мәдениеті жайлы мәліметтер анағұрлым көбірек. Өмір салтының орта ғасырлық тұрғындарының мәдениеті біртұтас құбылыс болды, себебі, бұл екі жағдайда да социумның салыстырмалы этникалық бірлігі байқалады.

Түркілерің көркем мәдениетінде өзіне дейінгілер өнерінің заттық формаларды жасаудағы негізгі принциптері сақталды, бірақ, сақ дәуіріне тән дүниетаным айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Дәлірек айтсақ, діни мифологиядағы көңіл аударатын дүниелер араласып кетті. Далалық кеңістікте бабалар аруағына сыйынумен байланысты монументтік мүсін өнері нығайа түседі, бұл аймақтың көркем мәдениетіндегі ерекше құбылыс болып саналады, себебі, оларды тұрғызуға салттық рәсімде ерекше орын беріледі. Бұл, яғни, көшпенділердің дүниетанымында жоғарғы құдіретті иесі Тәңірге сенумен қатар, аруақтарға сыйыну тақырыбы да үлкен мағынаға ие бола бастады дегенді білдіреді.

Көшпенділердің, сондай-ақ, қалалардың да заттық әлемі сол баяғы қалыпша екі негізгі түрге бөлінеді: салт жоралық және тұрмыстық заттар. Бірақ, екі жағдайда да қолөнер кәсібінің шебері арқылы эстетикалық мәселерді шешуде қалыптасқан бірлік бар: арнайы салт жоралық заттарды жасаудағы ең соңғы қорытындылау, семантикалық декордың информациялығы және күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар мен әшекейлерді жасаудағы салыстырмалы түрдегі алуан тірлілік. Тұтас алғанда заттардың мұндай жағдайы декоративті – қолданбалы өнердің жетекші ролімен, оның басымдығымен

түсіндіріледі, ал, заттың шынайы тәжірибелік мақсатқа сәйкестігінен ешқашан қол үзбеген халықтың көркемөнер мәдениетін дамыту шеңберінде оның өзіне тән ерекшелігі бар. Сонымен қатар көшпенді халық мәдениетінің жалпы дамуы бейнелеу шығармашылығының станокты формаларының пайда болуына мүмкіндік тудырмады. XIII ғ. ортасында антропоморфты мүсіндерді жасау тоқтатылды, бірақ бұл сюжет көптеген халықтың өнерінде әлі де жалғасын тауып жатады. Мысалы, адам денесінің негізгі ерекшеліктерінің белгілері оюлы сипат алған кезде, XIX ғ. қазақтарда ол ерекше монументті декоративті формаға ие болды.

Дәл осы кездегі культтік құрылыстарда өзгерістер байқалады. Обалар үйіндісінің үстіне балбалдар тұрғызылды. «Мұртты» обалардағы жерлеудің ерте формалары ислам дінінің тікелей әсері байқалатын жерлеудің жаңа түрлеріне орын беріп, осыған сәйкес салттық құрлыс жүйелерінде біршама өзгерістер болды. Культтік құрылыстардың аймақтық ерекшеліктеріне қарамастан жабық типтегі культті ғимараттардың формасын сақтауға деген ұмтылысы жалпы композициялық әдіс деп санауға болады. Ол көлемді-конструктивті (архитектуралық) немесе көлемді-пластикалық (Батыс Қазақстан стелалары) формада ма, әлде басқа түрде ме – оған байланысты емес.

Көшпенділердің кеңістік-уақыттық түсініктері айналмалы ритм жайлы түсініктерде көрініс табады. Кеңістікті табиғатта тұйықтап (культтік ғимараттар), заттық кеңістік тұғын үй интерьерінде шектеліп, ежелгі көшпенділер заттарға – әлемге – ғимараттарға біртұтас әрі өзінде шектелген форма ретіндегі әлем жайлы түсініктеріне сәйкес өзінше бір автономия жариялады. Шексіздік және сонымен қатар әлемнің шектеулілігі идеясын жеткізу үшін ритмді алу логикаға сай болар еді. Айналма ритмде тізбек ішкі кеңістік жасай отырып шектеледі.

Сақ өнеріне тән жалпы динамикаға түркілер кезеңі өнеріндегі антропоморфты мүсіндер статикасы қарсы келеді. Көшпенділер түсінігінде өмірді қозғалыс ретінде қабылдау қалыптасқан, ал, тұрақты, қозғалмайтын зат деп қабылдау мықтап бекіді. Бұларда адамның о дүниеге кеткеннен кейінгі жай-күйі, өзгерістің сыртқы нышандары жоқтығы жайлы түсініктермен байланысты басқа да түсініктер көрініс тапты.

Орта ғасырдағы мәдениет пен өнерді зерттеудің күрделілігі осы дәуірдегі көшпенділердің көркемөнерінің ары қарай дамуы қимақ-қыпшақ тайпалары өнеріндегі әрлеу элементтері XIX – XX ғ. Қазақтардың ою-өрнек элементтеріне біршама жақын. Бұлар (көбіне металда) S-образды формалы, үтір тәрізді элементтерінің әртүрлі қосындысының композициясы. Әрлеудің бұл элементтері ертедегі көшпенділердің көркемөнер мәдениетінде пайда болып, Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының өнерінде айқын көрінді. Мүмкін, аймақтық бірліктің әсері шығар, Пазырық обалары кезіндегі көшпенділер мәдениеті осы жерді мекендеген автохтонды тұрғындар өнерінің ежелгі негізгі болып табылады. Тек осы кезеңде ғана емес, сонымен қатар кейінгі кезеңдерде де жұмсақ материалдармен, ағашпен жұмыс істеу әдістері,

металдан ұсақ пластика жасау көшпенділердің аң стиліндегі өнері композицияларына тән.

Қалалық мекендердің қарқынды құрлысы жүріп жатқан кезде, орта ғасырлық кезең өнеріндегі көшпенділердің заттық формаларының жеке ерекшеліктеріне көршілес аймақ көркемөнер мәдениетінің әсері болған себепті топтастыру өте қиын. Бірақ, заттық формаларды жасаудың көркем принциптері бейнеленген қалалық кварталдарда жасалған қолөнер бұйымдарын көшпенділердің декоративті-қолөнерімен салыстыра қарастыруға мүмкіндік бар.

Скиф дәуіріндегі көшпенділер қышты негізінен қомен илеп жасады. Бірақ қыш құмыра дөңгелектерінде жасалған бұйымдар да кездеседі. Орта ғасырдағы керамика өндірісінің техникалық әдістері алуан түрлі әрі күрделі. Керамика өнері алтын орда дәуірінде ерекше дамыды.

Ортағасырлық дәуірдегі көркем қолөнер кәсібінің даму тенденциясы. Ортағасырлық кезеңде қалыптасқан тарихи жағдайдан кейін сақ дәуірінде қазіргі Қазақстан даласын мекендеген арий тайпаларының орнына қола және темір дәуірлеріндегі сақтардың мәдени мұрагерлері, түркі тайпалары келді. Жеткілікті деңгейдегі жазба және материалдық көркем деректерде көрсетілген дүниетанымдық мақсаттардағы ортақтық мәдени фонның сабақтастығын айғақтайды. Түркілер, біріншіден, аса құдіртті көк Тәңіріне және отқа табынған. Сонымен қатар, олар көптеген авесталық дәстүрлерді ұстауды да жалғыстыра берген. Оған соңғы жылдары жүргізілген археологиялық қазбалардан табылған заттар дәлел бола алады.

Әсіресе, қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген орта ғасырдағы қалалық тұрғындардың мәдениеті жайлы түсінігіміз байып түсті. Далалық жердегі қалаларда, тау бөктерінде, өзен жайылымдарында орналасқан тұрғын үйдің көшпелі және стационарлы түрлерінен басқа, қорған сияқты құрлыстар да жеке бой көтере бастады. Дәл осы қорған сияқты ғимараттарда көркемөнер шығармашылығы заттарының көп бөлігі: құрлыс материалдарынан бастап, ғимараттарды қаптаған сәнді-көркем керамикаларға дейін, металды формаларды интерьерге жарық түсіруге пайдаланудан бастап, бөлмедегі салттық-декоративті ыдыстарға дейін жинақталған.

Қалалық және көшпенді тұрғындар мәдениетінде адамның айналысатын шаруашылық түріне байланысты емес, көптеген көркемөнер мәселелерін шешуде ортақтық байқалады. Мұндай жағдай көркемөнер шығармашылығындағы көптеген діни көзқарастардың толық интеграциясын айғақтайды, себебі, сол кезде қазақ даласында бірнеше діни конфессиялар болды. Жергілікті тұрғындар өз араларындағы басқа дін өкілдерінің рухани сұраныстарына қысым жасамай, бейбіт өмірсүруге негізделген принципті ұстанды. Ислам діні келгенге дейін аталмыш аймақта осындай жағдай орын алған.

Әртүрлі этникалық топтардан тұрмыстық-мәдени саладағы ассимиляцияны байқауға болады, себебі, олар жақын қарым-қатынаста болған. Ал, әртүрлі мәдени құндылықтар барлық тұрғындарға жақсы таныс діни

доктриналарды жергілікті түсіндрудің ерекшелігіне негізделген. Мысалы, тұрғындардың басым көпшілігі отқа табынушылар, индуизм ертеде тараған, ал, көк Тәңірі одан да ертеде белгілі болған. Сондықтан діни татулықтың өз негіздері болды. Дегенмен, бұған нақты немесе өзгеше деп баға берудің аулақпыз, себебі әскери жетістіктер, сарбаздарды жерлеу әрқашан ең салтанатты әрі құрметті сәт болды. Алдыңғы тарауда сөз болғандай, б.з.д. II мыңжылдықтан бастап осы бөліктің ең алғашқысы қайрат пен шыдамдылықтың культі болды. Ал, бұл тайпалардың, этностардың үздіксіз қақтығыстарынан, олардың батыс, оңтүстік, шығыс бағыттарға қозғалысын айғақтайды.

Орта ғасырдағы қалаларда сыртқы жануардың шабуылынан қорғайтын қорғаныс жақын маңдағы саяси күштердің орналасуы мен олардың жағдайын көрсетеді. Жергілікті тұрғындар өмірінің әлеуметтік жағдайы мен саяси оқиғалардан басқа олардың көркемөнер мәдениеті саласы да бар. Мұнда әр түрлі этникалық топтардың шығармашылық жетістіктері көрінеді. Бір мәдени кеңістіктің екіншісімен өзара байланысы, бір көркемөнер тілі формасының басқасына ауысуы байқалады. Бірақ, өзара әсер түпнұсқасының көшірмесі емес, бұл жағдайда адам өзіне мүлде жат мәдениет мәтінін еркін түсініп, оның кодын меңгерді. Сондықтан, оның элементтерін алмастыру дүниетанымдық критерилерге сәйкес келіп жатса, табиғи болады.

Көркем қолөнер саласында тұрғын үй интерьерін эстетикалық тұрғыда толықтыруымен байланысты өте танымал болды. Қыштан, металдан жасалған заттар, ат абзелдері әшекейлеріне, ағаш, сүйек, теріден жасалған бұйымдарға жеке-жеке тоқталуға болады. Аталғандардың ішінен керамикалық қаптамалар, металдан жасалған шамдар, қыш ыдыстар, архитектуралық ғимараттардың ағаш формалы тіректері сияқты заттар ғана мол сақталған. Көшпенді шаруашылықтың зааттары азырақ сақталған. Керамиканың сақталып қалған бөлшектері, қазба жұмыстары кезінде табылған ағаш бұйымдарының декоративті композициялары, культтік мүсін өнері аймақтағы орта ғасырлық қалалардың қайнаған өмірінің алуан түрлілігін сипаттады.

Археологиялық қазбалар көрсеткендей, культтік және тұрғын үй кешендері әрлеуінде қабырғалар декоры, тіреуіш бағандар, колонналар басым үлесті құрайды. Әрине, киіз және кілем жабындар пайдаланылды, бірақ тұрмыстық қолданысқа арналған ыдыстарды қолөнершілер кез келген жерде жасады. Көркем қолөнер кәсібінің көптеген түрлері қалалық жағдайда жеке шеберханаларда жасалынды, ал көшпенділер барлық дерлік бұйымдарды өздері жасады, бұған металдан жасалған бұйымдар мен керамика өндірісінің күрделі түрлері кірмейді. Аймақтық орта ғасырлық қалалар мәдениеті көркем қолөнер кәсібінің көптеген түрлері бойынша мектептердің болғандығын көрсетеді. Әрине, ол алдымен керамикаға қатысты, сондай-ақ, құюөндірісінің өзінше бір мектебі болды, яғни, шебердің ұсталық өнері қала кварталдары өмірінің бір бөлігі болып табылады.

Орта ғасырлардағы шеберлердің ою өнері заттың декоры мен формасын түсінуде қалыптасқан дәстүрді, тұрмыстық заттар мен интерьерде кездесетін

декоративті шешімдер түрлерінің тығыз семантикалық байланысын айғақтайды. Әлем жанды және жансыз зат деп бөлінбейтін біртұтас құбылыс ретінде түсінілді. Адам тұрмысында қолданысқа түсетін зат зiнiң атқаратын функциясына қарамастан, мағыналық контекске ие болған. Мұндай жағдай аталмыш аймақтағы түркілердің мәдениетінде ежелгі заманнан бері сақталып келеді: заттық әлем космостық әлеммен байланыстырылады. Сондықтан адамның айналасында мәні, формасы, декоры жоқ зат кездеспейді. Олар көбіне сакральданған.[12]

Көркем қолөнер кәсібінің ең кең тараған түрлеріне металл, ағаш, тері, киізден жасалған бұйымдарды, қолдан тоқылған кілемдерді дайындау мен өндіруді жатқызуға болады. Археологиялық және тарихи-өлкетанушылық мұражайларының коллекцияларындағы материалдарға жалпы шолу жасау аймақтағы көркем шығармашылықтың дамуын сипаттауға мүмкіндік береді.

Соңғы археологиялық мәліметтерге сүйенсек, тұрғын жай және культтік ғимараттардың интерьерін декоративті безендіруде ағаш жолынан пайдаланылған. Сонымен қатар дәстүрлі өрнекті-декоративті тақырыптағы көрністерден басқа, сюжетті көп фигуралы композициялар бейнеленген паннолардың интерьерді безендіруге қатысы болғандығы туралы да айта кетуге болады. Өкінішке орай, жартылай күйген ағаш панноның сақталып қалған бөліктері композиция жайлы толық мағлұмат бере алмайды, бірақ, тұрғын жай мен культтік ғимараттарда мұнда туындылардың болғандығын біздің аймақты мекендеген орта ғасырлық тұрғындардың мәдениетіндегі көркемөнер шығармашылығы дәлелдейді. Осы кезге дейін орта азиялық дала мәдениетінде станокты өнер түрі болмаған деп есептелініп келген. Құлан қаласынан табылған археологиялық қазбалардан табылған ағаштан жасалған көркем панно жоғарғы деңгейдегі шеберлер ғана жасай алатын бұйым болғандықтан маман – кәсіпкерлер болғандығын көрсетеді.

Қазақ даласының түпкір-түпкіріне кең тараған түркі этносы кезеңін тарихшылар ерте ортағасырлық кезеңмен байланыстырады; бұл кезеңді қола және темір дәуірлерінде өмір сүрген көшпенділердің мәдени мұрасының жалғасы деп айтуға болады. Сонымен бірге дәл түркі тайпаларында кейінгі орта ғасырлардағы барлық түркі халықтарына тән дәстүрлі ою-өрнек өнері толығымен қалыптасып болады. Ат әбзелдерін әшекейлеуде қолданылатын металл заттар ғұн және үйсіндер дәуірі кезінде қалыптасқан ою-өрнек формаларын сақтап қалды. Зооморфты ою-өрнектің көптеген формалары біршама жинақталған геометриялы сипат ала бастады. Зооморфты композициялар көбіне өсімдік мотивіне өтіп кетеді, дәлірек айтсақ құрлымында көне зооморфты белгілер болуына қарамастан, өсімдіктер сюжеті ретінде түсіндіріледі. Дегенмен олардың құрлысының негізінде біршама архаикалық зооморфтық ерекшеліктерді байқауға болады. Тұрмыста қолданылатын заттарды жасауда да алдыңғы дәуірдің тәжтібелік, көркемдік тәжірибесін берудегі сабақтастық байқалады. Мысалы, салттық металл қазандар бұрынғысынша дайындалған. Әрине, дәл осындай формаларды жасауға итермелеген заттың тәжірибелік мәнін айта кетуге де болады, бірақ, форма

конструкциясындағы эстетиканы, конструкцияның декоративті шешімін алдыңғы кезеңдердің өзара байланысы байқалады. Байланыс адамның әрленетін бетке көзқарасында, ерте кездегі көшпенділердің көркемөнер тәжірибесіне тән заттық-образды шешімді жасауда көрінеді. [13]

Орта ғасырлардағы керамика. Орта ғасырлар мәдениеті қыштан жасалған бұйымдарға бай. Ежелден бері сазбалшықтан жасалынған бұйымдар адам тұрмысында кеңінен қолданылып, соның ішінде біздің аймақта мекендеген ортағасырлық тұрғындар мәдениетінде кеңінен таралған. Халықтың үлкен бөлігі көшпенді өмір сүрсе де қыш өңдеу кәсібі бұйымдары барлық уақытта да қала тұрғындары, жартылай көшпенділер, отырықшы тайпалар арасында сұранысқа ие болды.

Күні кешеге дейін Қазақстан тұрғындарының мәдениеті тек көшпенділер өнері болып есептеліп, оңтүстік Қазақстан аймағынан басқа жерлерде қалалық қоныстар болмаған деген пікір болып келді. Қазіргі жазба жұмыстары Қазақстанның барлық аймақтарында қалалық және көшпенді дамыған мәдениет болғандығын дәлелдеді. Ал, Жібек жолы оңтүстік Қазақстанның көптеген қалаларының дамуына әсер етті, Хиуа-Хорезм оазисі арқылы өтетін дәстүрлі және ыңғайлы жол бұл аймақта үнемі болып тұратын соғыстардан өте қауіпті болды.

Орта ғасырлар кезеңінде қоныстар (қалалар) құрылысы күрт өсіп, темір, қыш әйнек формалы бұйымдар өндірісі гүлдене дамыды. Аталған материалдардың бірі – тез сынатын, ұзақ сақтауға жарай бермейтін, қазіргі кезге дейін аз сақталған әйнек өте тапшы, көбіне шет жерден әкелінетін бұйымдардың қатарында болды. Бірақ бұл аймақтар қазбадан табылған әйнек бұйымдардың табылуы дәстүрлі. Сондықтан да әйнекті тұрмыстық бұйымдарға және терезе көздеріне ғана пайдаланылады. Терезе әйнектерін Батыс елдеріне көп кейін қолдана бастады. Готикалық розеткалар, витраждар қолданыла бастады. Археологиялық қазбаларға қарағанда терезе әйнектері біздің аймақта ертеректе пайда болғанына көзіміз жетті.

Орта ғасырларда тұрмыста қолданылған қыштың бірнеше қалыптасқан түрлері бар: конфигурациялар әртүрлі шаралар, көлемі әртүрлі ыдыстар, жалпақ табақтар, тұтқалы кеселер, әртүрлі үлкен құмыралар, шамшырақтар. Сапасына қарай қыш бұйымдардың құймалы және құймалы мес, қолмен жасалған және дөңгелекте қалыпталған түрлері болды. Негізінде осы мақсатта арнайы жасалған пеште күйдіру дәстүрі дамыды, ол үшін арнайы пеш соғылды. Сонымен бірге, аталған аймақта, кейінгі ортағасырлар дәуірінде арнайы жағылған оттың шоғына және оттың күліне қолмен жасалған форманы күйдіру тәсілі дамыған еді. Қыш дайындаудың осындай тәсілі туралы ХІХ ғасырдағы тәжік тайпаларының дәстүрлі мәдениеті жайлы жазбаларында айтылды.

Сазбалшық бұйымдарды өңдеудің мұндай технологиясы өте қарапайым болғандықтан, біздің аймақ мәдениетінде де болған. Шынында да бұндай бұйымдардың пешке күйдірілген қыш бұйымдардан сапасы төмен болған. Бірақ, мұндай заттар шаруашылықта белгілі бір уақытқа дейін ғана пайдаланылған, мысалы, Орта Азияның кейбір аймақтарының халықтары ескі

қыш ыдыстарды жаңа жылда жойып отырады да, аталған қарапайым тәсілмен қайта жасап алып отырған. Қыш өңдеу жұмысы белгілі бір салттық әрекеттермен бір жүргізіліп, қажетті заттарды алдымен дайындап алған. Қорытындылай келгенде, тек қана әйел адамдар істеген жұмыстың құпия қасиеті бар сияқты көрінеді.

Салттық мақсаттағы қыш-керамика әрқашан отпен, жасалуы ошақпен байланысты болатын заттармен, шырағдандармен, ата-баба культіне байланысты заттармен, әруақтар культі-ассуариялармен, құдайлар және әйел құдайлар культі – фраваш деп аталатын саз мүсіндермен байланыста болады. Ал тұрмыс-тіршілікке арналған бұйымдар – әртүрлі формадағы ыдыстар да салттық мағынадағы контекске ие болды. Олар көзге көрінетін әлемге қатысты болып, бұл дүниеге, адамның бұл дүниедегі тіршілігіне байланысты болды, сондықтан да оған тыныштық пен тәртіпті сақтау қасиеті жүктелген.

Ортағасырлық тұрмыс-тіршілікте осындай ой-мүлдеден туған мұндай бұйымдар тек біздің аймақта ғана жасалынған жоқ. Сонымен бірге бедерлі ою, баспа қалыптар пайдаланыла бастаған кезде сазбалшықтан сапалы ыдыстарды сериялы түрде көптеп шығару жолға қойылды. Сонау қола дәуірінен қалыптасқан баспа қалыппен әрлеу тәсілі орта ғасыр кезеңінде кеңінен қолданылып, қоғамда қыш өңдеу кәсіби өнерге айналды. Бірақ, тұрмыстық заттардың таза утилитарлық сипаттарына қарамастан, бұл жағдайда әрлеудің сакралды семантикасы мен бұйымның сакралдық функциясы бөліп қарау мүмкін емес. Сонымен қатар бұл аймақта кейінгі орта ғасырлар кезеңінде қолмен иленген қышты арнайы жағылған оттың шоғы мен күлінде күйдіру дәстүрі болды. Тұрмыстық бұйымдар тек таза утилитарлық қызметі талаптары тұрғысынан жасалғанда өте қарапайым формада болуы мүмкін еді. Бұл жағдайда бұйымдардың сыртқы түрі эстетикалық тұрғыда әрсіз болғанымен, бұл сәнделген заттардан кем құриеттелген жоқ. Себебі, орта ғасырларда адамдардың өзін қоршаған барлық бұйымдарға діни-философиялық көзқараспен баға бергенін сенімділікпен айтуға болады.

XX ғасырдың орта шеніне дейін заттар әлемі үшін дүние-әлем түсінігімен үндесболды, заттар әлемнің деөзіндік ішкі күйі ментірішілігі бар деп қабылданды. Адам қолымен өңделген бұйымдарға деген дәл осындай көзқарас біздің аймақтың мәдениетінде XX ғасырға дейін дәстүрлі болды. Дүние түсінігі едәуір кең мағынада, жалпы космостық әлем түсінігінде сипатталды. Адамды қоршаған орта түгелдей көшпенділер дүниетанымның маңыады субстанциясы болды. Бұйымдарға деген осындай көзқарас біздің аймақта мекен еткен қалалық мәдениеттен де көрінеді.[14]

Металл, ағаш, тері және сүйектен жасалған көркем бұйымдар. Түркі кезеңі өнеріндегі ұсақ пластикалы ат-әбзелдері түріндегі бұйымдар бұрынғы формалардың барлық вариацияларын көрсетеді. Сақ тайпаларымен қатар дамыған этностардың бірі ретінде (исседондар, массагеттер, савроматтар мен сараттар және тағы басқа) түркі тайпалары индоарийлер мәдениеті таралған аймаққа кіреді. Аң стилі, іс жүзінде түрік әлемі үшін «туыс» әдіс болды. Сондықтан да өзіне дейінгілердің көркем туындылары түрік этносы өнерінің

негізі болды. Олардың шығармашылығында тұтас мирастық байланыс байқалумен қатар көркемдік әрекеттерінде де мәдени эстафета жалғасады. Негізінде, мұндай факт ұсталық пен зергерлік істе, киім «дизайны» өнерінде байқалады.

Осыған байланысты ат әбзелдерін жасау зергерлер мен темір ұсталарының көркемдік тәжірибесінің маңызды бөлігі болды. Әшекейлер қожайынның сақтаушы тұмары, материалдық деңгейін көрсететін белгісі ретінде қажет еді. Сонымен қатар символ белгілердің қорғаушы тұмар функциясы мен анықтаушы функциясы мазмұнының аясы кең, көрінісі көп түрлі. Адамның жүген, ер, үзеңгі әшекейлері түріндегі бейнелік-белгілік қатардың шындығына сенуі адам киіміндегі зергерлік формалардың мағыналық мазмұнына ұқсас болды. Сонда да утилитарлық қызметі «ешкім өзгерткен жоқ» олар шеберге өзінің ерекше талайын қойып отырды. Яғни, форма мейлінше функционалды, ыңғайлы болу керек. Бірақ дүниетанымдық түсініктер тек белгілердің мағыналық деректері, қорғау қызметі және көркемдік композиция құрлымы қалыптастырушы эстетикалық қызметі арқылы көрінеді.

Егер де, киімдердегі зергерлік әшекейлер утилитарлық қызметтен тыс дербес көрінуі мүмкін болса, ал жылқы әбзелдерінің утилитарлық қызметпен байланыспауы сирек кездеседі. Сондықтан да сәндік шешім ерекшелігі аса қызықты. Ат әбзелдері, жүген, ерлер әшекейлері қоладан, темірден, күмістен және қорытпалардан сәндеу рәсімінде зооморфты-өсімдік тектес композициялар басым келеді. Дегенмен зооморфтық тақырып онша анық сезілмейді. Бұл зооморфтық композициялардың жазықтыққа түскендігі өзіндік, әшекейлеу шешіміне ие болған сәт; дүниетанымдық түсініктердің әсерінен адам осы мәдениетке тән өрнектеу композициясының структуралық жүйесін құрды.

XX ғасырға дейінгі көшпенділер өнерінде әшекейлеу композицияларында өсімдік тектес формаға мотивке айналған мүйіз тәрізді элементтер динамикасы, «ислам» тармағы деп аталатын үшжапырақ қилысын танытатын формалар сақталған. Андронов және ерте көшпенділер кезеңі өнерінде қалыптасқан өрнектеу структурасының формасы геометриялық символдарға негізделген. Анық көрінетін шеңбер түріндегі форма бұйымның силуэті, жеке декоры сияқты крест тәрізді комбинациялар да, төртбұрышты, тікбұрышты өрнек элементтері де сәндік композициялардың негізгі алдыңғы тәжірибелеріндегі сияқты әлем құрлысы принциптері түсініктерін декоративтік композицияның мағыналық бөлігі береді. Сол айналы, бинарлы, крест тәрізді, айналмалы үшбұрышты жүйелер декоративті композициялар құрылымының барлық түрлерінде кездеседі.

Сонымен қатар бұйымдардың көркемдік шешімдері мен біртұтас формасы таң қалдыруы мүмкін емес. Мысалы, ат жүгені әшекейінің ұшындағы зооморфты бастардың айналы түрде орналасуы зат композициясына аяқталған сипат береді. Иілген ұзын мойындағы бастар бір-біріне қарсы қараған; олар ортасында «гүлдеген» үшжапырақ, төмен жағында үшжапырақ түріндегі өсімдік тектес элементтермен жиектелген пластина орналасқан форманың

жоғарғы бөлігін тұйықтап, дөңгелек кеңістік жасайды. Үш жапырақтың екі сабағы тік бұрышты пластинаның екі жағына орналасқан. Бүтіндей алғанда бұйым бетінде үшжапырақтардың крест түрінде орналасуы композицияға аяқталған сипат береді.

Дәстүрлі дөңгелек тесіктер форманың зооморфты элементтерінің ішінде көздің орнын көрсетеді. Үш жапырақтардың ортасы тікбұрышты пластинаның орталығын белгілейді. Тесіктердің утилитарлық қызметі болуы мүмкін, бірақ көп жағдайда бұл бұрынғы мәдениеттерден белгілі композицияның көркемдік шешімдердің дәстүрлі жүйесі. Осылайша жануар денесіндегі ең негізгі мүшелерді көрсеткен, ал орталық әрқашан аймақтың ертедегі тұрғындардың түсінігінде энергетикалық потенциалдың көзі ретінде қабылданды. Композиция формасы иілген мойын сызығынан, зооморфты бастан тарайтын бұларған жапырақшалармен аяқталады. Тік бұрышты пластинаның да геометриялық форманың бұрыштарын жұмсартып тұрған барлық бұрыштарынан шыққан бұтақшалары бар. Түгелдей алғанда берілген геометриялық құрылымды композицияның қатаңдығын осындай қисық сызықты әрлеу элементтері басады. Егер форма композициясында осындай семантикалық маңызы бар «бұтақтар», тесік қуыс түріндегі бөлшектер болмаса, олар эстетикалық тұрғыда мағыналы болмас еді. Онда «таза» беттердің әрсіздігі болар еді.

Ат әбзелдері мен елдердің басқа да әрлеу бөлшектері жоғарыда келтірген мысалға ұқсатйды. Әрлеу мен форма утилитарлық және мағыналық қызметтері тұрғысынан алғанда барынша үйлестірілген. Үзеңгіні аздап оюмен әшекейлеген, әрленген таза утилитарлық формада жасалған. Шағын формалары әшекейлер де бұйымның атқаратын қызметіне қарай алынған. Бекітпелер мен салпыншақтар үшжапырақ, зооморфты ою-өрнек элементтері түрінде жасалған қисық сызықты формада болады.

Мысалы, ат әбзелдері әшекейлері құрамында формасы мен әрлеуінде қалыптасқан канондардың жүйесі байқалатын темір үшбұрыштар – қайыс тартпаларында таратып бөліп тұрғыштар бар. Бұлар, әдетте, қола не күмістен жасалған үшбұрыш немесе Т түріндегі комбинациялар. Үшбұрыштар алтынмен қапталуы да мүмкін – көшпелілер мен жалпы орта ғасырлар адамдарды мәдениетінде ат әбзелдеріне ерекше үлкен көңіл бөлінген. Үшбұрышты және Т түріндегі комбинациялардың формасы функционалдық талаптардан туып, тесіктерінен өткізілетін қайыс тартпалардың санына байланысты болған. Үшбұрыштар әрлеуінің композициясын ою-өрнектердің семантикалық жиынтығы құрайды. Әдетте үшбұрышты, Т түріндегі құрылымдар да ою-өрнек композициясында айқын белгіленген орталық нүктеге (центр) ие болады, одан үшбұрыштың әр жақтарынан немесе Т түріндегі үштіктің қанаттарынан оюлы, өрнекті әрлеу элементтері тарайды.

Түркі кезеңі өнерінде зергерлік бұйымдар материалын таңдаудағы, талғам өзгегені байқалады. Бұрынғы кезеңдерде шеберлердің негізгі материалды алтын мен қола болып, бұйымдар негізінде ыдыс түрінде болса (мысалы, Есік қорғанынан табылған күміс табақ пен күміс қасық) енді күміс ең көп қолданылған материалға айналды. Сақ кезеңі өнерінде әрлеудің ағаш негізін

жапқан алтын жапсырмалар мен пластиналардан басқа алюминий жұқалтыр (фольга) пайдаланылғанын кездестіреміз. Оның әртүрлі бұйымдарда пайдаланылғанына қарағанда жоғары бағалаған. Ол әрлеудің киіз, ағаш негіздеріне жапсырлған, тігілген. Берел қорғанынан шыққан табылымдардың алюминий жұқалтырлары Пазырақ қорғандары табылымдардың осындай композициялық жүйесімен дәл келеді. Алюминийдің күміс түстілігі бұл жерде маңызды роль атқарған сияқты: ол ай сәулесіне қатты ұқсайды. Күміс түркі өнерінде, кейінірек қимақ-қыпшақ кезеңі өнерінде өте үлкен орын алды. Бұл кезде зергерлер алтынды да кең қолданғанымен, күміс әшекейлер, ат әбзелдері бөлшектері, тұрмыстық заттар және бас киім формасы түрінде қолданылады.

Жұқа, ұзынша алтын, күміс қаңылтырлар (пластина) ұзатылатын қыпшақ қызының үшкір бас киімінің формасын толықтырып тұрды. Ұзатылатын қыз бас киімнің осындай формасы қазақтарда XX ғасырдың басына дейін сақталды. Кез келген металл түрі қалыптасқан дәстүрлерге сәкес әрлеумен әшекейленді. Сырға түріндегі зергерлік бұйымдар әрлеулі жоғарыдан төмен қарай «оқылатын» дөңгелек жүрек түрінде болды. Суретші өз жұмысында міндетті түрде форманың тік (вертикальды) таралымын көрсетіп, әр бұйым тек «дұрыс» орналысымда: жоғарғы жағы, ортасы, төменгі жағы түрінде «оқылады». Егер бұл геометриялық және өсімдік тектес мотивтердің бірігуінен шыққан жүрек түріндегі форма болса, екі жағында симметриялық тәртіппен орналасқан әрлеу элементтері бар. Бұл жағдайда центр әртүрлі айқындалуы мүмкін: вертикальды осьпен тікелей байланысты, образды түрде көрсетілген, шеңберден, нүктемен көрсетілген тағы басқа. Кейде әрлеу формасының ортасында зооморфты мотивті белгілі бір композиция, атты адам болуы мүмкін. Барлық жағдайлар үшін композицияның ішкі аумағының ұйық болуы үш дөңгелек формадан тұрса да, ішкі аумақ бәрібір тұйықталады, жабылады.

Темірден жасалған формаларға келсек, олар көбіне геометриялық мотивтердің символикасы негізінде құралады: композицияның ең көп таралған әдісі – крест, дөңгелек, шеңбер түріндегі форма, тікбұрышты, үшбұрышты, T – тәрізді, жүрекше түріндегі формалар. Жалпы алғанда көбінесе бұйымдардың жиегі немесе шырмауық немесе үш жапырақ түріндегі қосымша тармақтарға ие болады. [15]

Темірден құйылған көркем бұйымдар. Орта ғасырлар кезеңінде темірден жасалған көркем қолөнер бұйымдары түрлеріне кеңінен тараған майшамдар түріндегі тұрмыс-салттық рәсімге арналған бұйымдарды жатқызуға болады. Жергілікті халықтардың мәдениетінде майшамдар әрдайым өзіне тән діни – магиялық сипатына қарай, отпен тікелей байланыстылығына қарай қасиетті зат ретінде әрқашан отпен байланыстырылған. Біздің аймақта мекен еткен халықтардың мәдениетінде отқа табыну салты XX ғасырға дейін сақталынып келді. Адамдардың күнделікті тіршілігіндегі тікелей тұрмыстық сипат пен таза діни рәсімге арналған майшамдардың арасында айырмашылық бар.

Көшпенділермен қала тұрғындарыда темірден жасалған майшамдармен бірге бірге ең көп тараған майшамдар да болды. Майшамдар ір отбасына қажет,

өйткені қала тұрғындарының үйлеріне жарық ашық тұрған есік арқылы немесе майшам көмегімен түскен.

Заттардың утилитарлық қызметін оның формасын жасау кезінде ескермеу мүмкін емес. Сондықтан да шеберге бұйымдардың утилитарлық қызметі заттық формаларды жасауы кезінде ықпал етті. Бірақ аңның табаны түрінде жасалған «аяқтар», әрине, қажеттіліктен туған жоқ. Осы жағдайда тұрмыстық-салттық сипаттағы заттардың түрлері сол ұжымның архетипті «ойластырылмаған» мәдениетінен көрінеді. Жануар образы – бұрынғы от құдайы образы, олар бір-бірімен ассоциацияланған – Индира бұқаға мінген, жануарлардың тағы басқа образында, бірақ бұл жағдайда ол табан формасына дейін төмендетілген, ал басқа бөлігі горизонтальды бағытта жайылған «тілдер» формасында, бұларда білтелер шығатын тесіктер бар. Темір майшамдар әр түрлі болады: бір білтелі, бірнеше саңлаулы, көп білтелі желпеуіш түріндегі білтелі майшамдармен бірге үлкен көлемдегі үй кеңістігін жарықтандырады.

Тұрмыста кең тараған темір майшамдар ұстау үшін істелген кішкентай тұтқалы, шүмекшелі келген кішігірім шай ыдыс тұрпатты болды. Дәл осындай сипаттағы қыштан жасалған түрлері Орта Азия мен Қазақстан аймағынан көп табылған. Адам баласына байырғы түрде жеткен қарапайым тұрпаттағы заттың эстетикалық келбеті ерекше көңіл аудартады: ол көбіне май құю үшін көлемі кең болып, ісіңкі келген жеріндегі тесіктері мақтадан жасалған жіп білтелерді салуға арналған. Сондай-ақ өзіндік ережесі бойынша білте ыдыстың шүмекшесіне шығып, от жалыны тік жоғары жану үшін көлденең бұрлып қойылған. Осындай байырғы талаппен ойластырылған заттар өте ұтымды шешімін тапқан. Ыдыстардың сыртқы бүйірі әшекейленген: ойып көркемдеу тәсілімен бедерленген өрнекті суреттер онша тереңдетілмей ойылған. Шамшырақ-ыдыстың тұтқасы қолдың ыңғайына қарай жақсы орнатылған: заттың имектелген саңылау арқылы бір саусақ қолда мықтап ұсталуы ескерілген. Бірақ темір тұтқа ысып кетуі мүмкін, сондықтан да, оны шүберектің көмегіне ұстаған болу керек, дегенмен де, тұтқа, біздің ойымызша, тамаша ойластырылған. Пішіндік көркемдігі, адамды қоршаған бұйымдардың бәрінде кездесетін белгілі бір бейнелер жиынтығы мен композициялық шешім тәсілдері назар аудартады. Бірақ, мұнда айтылған мысалдарға қарағанда, әрлеудің белгілік сипатына баса көңіл аударылған.

Майшам аң тұяғы түріндегі дәстүрлі үш аяқтап тұрады, жануардың аяғы сипатындағы буындар бір-бірімен табиғи жалғасады. Майшамдарда да сұқ саусақпен арналған дөңгелегіне бұралған тұтқа бар. Жалпы алғанда майшамдардың формасы айтарлықтай онша биік еместігіне қарамай, кең ішкі кеңістікті жарықтандырудың өте ыңғайлы болған. Мұндай көлемдегі формалардың аяқтары биіктеу жасалғанында бұйымдар айтырлықтай әдемі көрінер еді. Бірақ, майшамдардың қақпағындағы оймалы өрнектер, білте тілдері, тұтас композициясы шебердің талғамын танытып, таң қалдырады.

Қолдан жасалған бұйымдар ортағасырлық тұрғындар тұрмысында кеңінен тараған. Талас өзені маңындағы қазбадан кездейсоқ табылған қола ыдыс, сондай-ақ, осындай дәстүрде жасалынған басқа да ыдыстар Еуразия

аймағындағы Жетісудың Кавказға дейінгі өңірдегі мысық тұқымдас аңдарға ұқсайтын бейнеде жасалған. Бұйымның көркемдігі, оның бейнелік шешімі толық үйлесімдікте танылады: ыдыс кішігірім табанды, бүйірі кең, жоғарғы жағы айтарлықтай созыңқы мен өріле келген оюлармен әсемделген. Ыдыстың жеке қондырылған аң басты шүмегі бір-тұтастық сипатты танытады.

Ыдыстың келбетіне қарағанда қақпағы мен тұтқасы жапырақ тәрізді болған сияқты, сол ашық бөлігіне жоғалған бөлшек сәйкес келу керек. Бас жағындағы қимыл-қозғалыста және мойынсыз сипатта берілген бөліктері: Аңның тұмсығы, декоративті элементтер арқылы анықталатын көзі орналасу орнына толығымен сәйкестелген. Бұйымның кеңістікте анық ажыратылатын орны бар: оның бет жағы мен артқы жағы анық көрінеді. Сондай-ақ ыдыс бүйіріне бейнеленген аң мен адамның анатомиялық дене-бітіміне сәйкестеліп көркемделген. Кейінгі ыдыстарда адам бейнесі едәуір келісімді берілген: өрнекті декор қодың орналасқан жерін белгілеп, өрнекті розетка түрінде тік сызылған жиегі, ыдыстың қарны, мойынды дөңгелектеле шеңберленген жиектерге негізделген.

Сонымен, ыдыстың алды-арты, кеңістікте екі жағы бар екені бейнелерден анық байқалады. Осыған қарамстан зат өзінің функционалды сипатымен адамның өмір-сүрген ортасы қалыптастырған дүниетанымында мифологиялық жануарлар бейнесімен ассоциацияланған. Бұлар байырғы тұрпаттағы діни рәсімге арналған ыдыстарда да танылады.

Мұндай бұйымдар көптеген еуразиялық халықтар мәдениетінде кездеседі. Ежелгі және ортағасырлық Қытай мәдениетінде зооморфтық сипаттағы заттар, Кавказ аймақтарында темірден жасалынған дәстүрлі бұйымдар көп. Мұндай ыдыстар Орта Азия өңіріндегі көптеген этностардың тұрмыс-тіршілігінде де кездеседі.

Сонымен қатар соншалықты байырғы дәстүрде көркемделген мұндай композициялық шешім ежелгі тайпалар мәдениетінде және жоғарыда атап кеткен жер шары аймақтарында да бар. Заттың композициялық формасы, яғни оның құрлымдық және бейнелік сипаты Қазақстан тұрғындары мәдениетінде ежелден дәстүрлі болған. Сондай-ақ мәдениеттердің байланысы керуен жолының едәуір белсенді қатынасы арқасында бір-біріне ықпал етті. Дегенмен шеберлер тұрмыстық бұйымдар сияқты қолөнер шығармаларын өз мәдени қабатында дәстүрлі және қалыптасқан дүниетанымда танытты.

Ағаш. Тұрмысына аса қажет көптеген заттарды жасауда Қазақстан аумағында көп қолданылған материалдардың бірі – ағаш. Қазақтар ежелгі заманынан бері ағашты үй-іші тұрмысында ұсталатын әртүрлі заттарды дайындауға пайдаланылған: ыдыс-аяқ, жиһаз және т.б. Бұған сан алуан археологиялық қазбалар айғақ бола алады.

Жетісудағы Ақтас I моласын ашқан кезде археологтар тапқан ағаштан жасалған бұйым ең көне олжалардың біріне жатады. Бұл алуан түрлі ағаш ыдыс-аяқтар: жайпақ тікбұрышты өрнеулі тостаған, сапты және сапсыз күбі тәрізді ыдыс, сапты және сапсыз қыш құмыралар. Зерттеушілер бұл бұйымдарды үйсіндер кезеңіне, яғни б.д.д III ғ.- б.д. III ғ. жатқызады.

Көшпенділер ғасырлар бойы ағаштың өзін қауып-қатерден сақтайтын қасиеті бар зат деп санап, ерекше қатты құрметтеген. «Орта Азияда ағаш культі біршама дамыған. Арша, шынар, анар тіпті кез келген ағаш құрметтеуге, қадірлеуге тұратын зат сияқты қарастырылады»

Негізінен еліміздің солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарын мекендеген қазақтар бағзы заманнан бері ағаш өңдеумен айналысқан.

Көшпенді қазақтардың тұрмысына ыңғайлы ағаш ыдыстар өзінің ерекше әдемілігімен көзге түседі. Ыдыс-аяққа арналған ағаштың тегістелгені соншалық, ол фарфор сияқты жалтыратып тұрады. Қымыз құюға арналған ыдыс, негізінен, ою-өрнекпен ағаштан ойып жасалған ыдыстар қазіргі күнде осы қолөнердің біршама сақталып қалған бір түрі болып табылады. Қымызға арналған тегене, құюға арналған ожау, тостаған, саптыаяқ, піскен етке арналған астауғасырлар бойы қазақтардың ұлттық ыдыс-аяқтарының классикалық жинағын құрап келеді.

Ағаш ою – ағаш өңдеудің біршама ертедегі түрі. Себебі, ол кез келген зат құрылымның қалыптасуы үрдісімен тығыз байланысты, мейлі ол арба, сандық, бесік, төсекағаш, домбыра немесе сан алуан ыдыс-аяқ болсын. Мысалы, тостаған немесе ожау өзінің пластикасы жағынан, сөзсіз, ою салу әдісі арқылы орындалған скульптуралық шешімнің үлгісін бреді. Осындай және осыған ұқсас заттар әрқашан дерлік ойып салынған өрнектер, жазулармен барынша бай безендірілді, алайда заттың формасы, оның пропорцияларында заттың өзіне тән эстетикалық ереуқшеліктер көрініп тұрды. Бірақ көп жағдайда, ағаштан жасалған көркем бұйым ойып жасалған өрнекпен әшекейленді. Таза утилитарлық сипаты бар заттар, мысалы, көшкебеже қатты тақтайлардан қиюластырып жасалған. Ағаштардың бұл түрінің әрқайсысының өз табиғи ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктерді қазақтың шеберлері өте мұқият ескерген. Ағаш оюшылар мен ағаш ұсталар бізге өздерінің керемет туындыларын қалдырды. Бұлар сәндік қолөнердің шынайы көркемдік деңгейі жоғары туындылар қатарында тұрады.[16]

2.3. Ерте ортағасырлардағы бейнелеу және сәулет өнері. Орта ғасырлардағы петроглифтер

Кейінгі қола дәуірінде Қазақстанның жартастағы сурет өнері экспозициясынан «Күнбастылар» бейнесінің жоғала бастауы күнге табыну культінің өше бастағыны көрсетеді. Жаңа көшпенділер дәуіріне тән «аң стиліндегі» суреттер жиі кездесе бастайды. Қазақстанның оңтүстігіндегі бейне-таңбаларды ойып салу тоқтап, «ряженые» деп аталғандар, бұқағакетеді. Жауынгерлік культ пен соғыс сюжеттеріне байланысты көріністер санының көбейгендігін айта кету керек.

Көшпенділердің жартасқа сурет сау өнері б.д.д. VIII-VI ғғ. бастау алатын болу керек. Археологтар ең көне ескерткіштердің бірі ретінде көшпенділер өнері мейлінше толық көрсетілген - Өр Марал шатқалының бас жағында орналасқан Жылтырақ-Тас ғибадатханасын атады. Үлкен жартастардың бірінде

бұғы, жабайы шошқа, ілбісін бейнелрі «аң стилінде» ойып салынған. Саусақпен арналған дөңгелегіне бұралған тұтға бар. тұратындығын байқаған.

Б.д.д I мыңжылдықтың ортасынан бастап «аң» стилінде салынған бейнелер аз мөлшерде болса да сақталып қалғанымен, аталмыш стилдің ерте кезеңіне тән жануарлар фигурасы детальдарын (Жетісу, Шолақтау киелі орны) мұқият бейнелеу түрі жоғалып кеткен. Тарихи мәліметтер бойынша, б.д. VI ғ. ортасында Монғолия мен Алтай далаларында, ал, Қазақстанда осы ғасырдың аяғына билеу орталығы Жетісуда (Шу өзенінің бойында орналасқан Суяб қаласы) болған ерте феодалдық мемлекет-қаған басшылық еткен түркі қағанаты пайда болды. Ерте орта ғасырларға жататын жартастағы суреттердің Жетісуда шоғырлануы кездейсоқтық емес.

IX ғ. араб, византиялық және парсы саяхатшыларының деректерінде Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарын мекендеген мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес көшпелі тайпалар жайлы айтылады. «Олар Ертіс бойын мекен еткен қимақтардың тайпалық одағы, сондай-ақ Орталық Қазақстанның кең далаларында өмір сүрген қыпшақтардың туыстас тайпалары жайлы өте қызық мәліметтер қалдырып кетті». Жартастағы суреттер жайлы ең көне мағлұматтарды XI ғасырда оптағасырлық ғалым әл-Бируни қалдырды. Ол қимақтар еліндегі тұрғындардың табиғатын объектісі болған жұмбақ суреттер жайлы айтқан.

Петроглифтерді зерттеу барлық кейінгі дәуірлерде суреттер, әдетте, ежелгі галереяларды бұзбай бұрын игерілген беттерде алып салынған (Тамғалы, Ойжайлау), кей кездері бұрынғы сюжеттерді жалғастырған немесе оларды жаңартқан (Ешкіөлмес). Сонымен қатар, ойып салынған суреттер санының он, тіпті жүз есеге азайғандығын айта кеткен жөн. Көне түркі кезеңіндегі петроглифтердің саны он бес шамасында (Ойжайлау). Тамғалы шатқалы, Қаратау тауларында осы кезеңге жататын суреттердің мөлшері өте аз. Ғалымдар Ешкіөлмес тауында (Шығыс Жетісу) көне түркі кезеңіне жататын петроглифтердің салыстырмалы түрде көп шоғырланып атап көрсетеді.

Бір сөзбен айтқанда, түркілердің жартасқа сурет салу өнерінде «эпикалық-батырлық бастама» байқалады. Оған атты жауынгерлер айқастарының көріністері, соғыс композициялары, сондай-ақ ту ұстаушы жауынгерлер (фигуралар) жатады (туларымен). Ортағасырлық суретші болу керек. Археологтар «суреттегі таныс бейнені еске түсіріп, негізгі идеяларды бекіту мақсатында салынған» деп есептейді [17]

Тамғалы жартастардағы суреттерде бүркітпен аң аулау көріністері мен салт ту ұстаушы түркілердің кескіндері кездеседі, дәл осы жерде, тақта тастың бірінегі қола дәуіріне жататын бұқа ұстау сахнасының үстіне көне түркі кезеңіндегі алт атты ту ұстаушының суреті салынған. Серектас тауларындағы (Жетісу, Аңырақай жотасынан солтүстік-шығысқа қарай 16-18 км) «киізүйдің бейнесі» орындалу техникасы, түсі жағынан ерекшеленеді. Осыған қарағанда олар біршаман кейін, кейінгі орта ғасырларда салынғанға ұқсайды. Суреттерде тік-бұрыштар, киіз үйге кіретін есік, ортасында терезе ойықтары бедерленген, кіре берісте табалдырыққа ұқсайтын сызықтар бейнеленген. Бұл тұрақтар киіз

үйден көрі, киіз үйге ұқсайтын, ерте заман архитектурасының саманнан салынған көшпенділер тұрғын жайлары болуы мүмкін.

Түркі кезеңінің көрнекті композициясы Ойжайлау (Жамбыл облысы, Қордай ауданы) шатқалындағы петроглифтерде берілген. Бұл жерде қазақтардың басшылығына ұқсайтын, аң аулау кезінде ұстаған қасқыр, түлкінің құйрықтарымен әшекейленген бас киімді ту ұстаған екі салт аттының, бұрғыны атап жатқан аңшының бейнелері бедерленген. Композицияның жоғарғы бөлігінде аттың тізгінін ұстаған адам бейнеленген.

Ортағасылық петроглифтер Шолақ және Ешкіөлмес (Жоңғар Алатауының бөктеріне, Алматы обл. Талдықорған қаласынан оңтүстікке қарай 30 км) тауларында анық көрсетілген. Бұл петроглифтер орналасқан Қазақстанның ірі орындарының бірі (б.д.д. II мыңжылдықтан бастап орта ғасырларға дейін). Жартастағы суреттердің көптігі аймақта халықтың тығыз орналасқандығымен түсіндіріледі. Кейбір тұрақтар шатқалдарда орналасқан. Бұл жерден археологтар XIX ғасыр көшпенділерінің кейінгі қыстауларында да тапқан. Ту ұстаушыларды, қару-жарақ жасап отырған жауынгер-садақшылар мен тұрмыстық сюжеттерді бейнелейтін ежелгі түркі кезеңіндегі суреттер көптеп кездеседі (Ешкіөлмес тауы, шоқының басы.) Жануарлардың бейнелері, аң аулау көрнісі, сондай-ақ салт аттылар, садақшылар, әртүрлі құстар мен жануарлар бейнеленген бірнеше композиция сақталған.

Түркі кезеңіндегі Ешкіөлмес суреттерінде салт атты жауынгерлер мен қалқандар көрінісі ерекшеленеді, N18 шатқалда, археологтар кейін бұған салт атты адам бейнесінің қосылғанын айтады. Осындай сурет басқа тақталарда бірнеше рет қайталанғандықтан негізгі сюжет болып саналатын сияқты. Ешкі өлмес ғибадатханасы суреттерінде, соның ішінде ерте түркі дәуіріндегі суреттерде бедер салудың, жергілікті суретшілер өнерінің көркемдік айқындығының өзіндік ерекшелігін атап кеткен жөн.

Жартас суреттерінде толы Тайғақ, Теректі, I және II (Шолақ тауы, Жоңғар Алатауының оңт-батыс сілемдері) шатқалдары көркемдік тұрғыда қызығушылық тудырады. Суреттердың негізгі бөлігі ғұн және көне түркі кезеңінен орта ғасырларға дейінгі кезеңдерге жатады. Бұл көне заманнан XIX дейін Жетісудың көшпелі тайпалары Шолақ тауын мекендегенін көрсетеді. Жартастарда кейде көне түркі типтес ту ұстаған салт аттылардың көптеген бейнелері кездеседі. Сондай-ақ түйеге және бұғыға мінген адамдардың бейнелері де табылған. Шекпен киіп, белін қатты қысып бұған еркектердің өзінше бір шеңбер жасап тұрған көрінісі өте қызық. Олар қолдарына үлкен садақ пен адам бойымен бірдей белгісіз бір зат ұстап тұр. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, бұл жерде музыкалық шертпелі аспап бейнеленген.

Жануар бейнелер арасында бұғы, жылқы, түйе, шошқа, текелер де кездеседі. Мұндай топтарды олар бір-бірінен аса қатты ерекшеленбейтіндіктен ғұн дәуіріне, сондай-ақ кейінгі орта ғасырға да жатқызуға болады. Олар әрлеудің аз мөлшерімен және, көбіне, орындаудың схематикалық техникасы бойынша ерекшеленеді.

Петроглифтердің ең көп шоғырланған жері - Баян тауларындағы (Алматы облысы, Қапал аулынан шығысқа қарай 12-14 км) қара тақта тастарға салынған бедерлер. Олар Ешкіөлмес, Тамғалы, Арпаөзен және Байқоңырдан табылған осындай суреттерден ғана кем түседі. Итпен аң аулаған жаяу садақшылар сахналары кездеседі. Қолдарына ту мен найза ұстаған салт аттылардың суреттерін салу техникасындағы тегістей беттерді ірі нүктелермен қашап беру мен жеке детальдарды: жалды, құйрықты өткір құралмен мұқият беру техникасы кейінгі орта ғасырлар суреттерінің техникасына ұқсайды. Жануарлардың шағын фигуралары геометриялық стилде ойындалған. Орта ғасырдағы петроглифика фигуралардың 5-тен 15 см-ге дейінгі шағын мөлшермен, бір сюжетте аңшылардың, ту ұстаған салт аттылардың шоғырлануымен, жебе ұшының мұқият салынуымен ерекшеленеді. Жаяу садақшылар көбіне қимыл-қозғалыста, аяқтарының тізесі бүгілген күйде бейнеленген.

Қорыта келе мынаны айту керек: орта ғасырлардағы петроглифтерде атты және жаяу найзашылардың соғыс сахналары берілген. Сондай-ақ бұл кезеңге бұғылар мен тау ешкілерді ұстау көрінісі, ту ұстаған салт аттылардың бейнелері тән. Қазақстан петроглификасы ұзақ уақыт ішінде көптеген өзгерістерге ұшырады. Ол гүлдеп, кейде басылып, әртүрлі «формаларға» ие болды. Сурет салудың, оған орын және арқау іздеудің мыңжылдық дәстүрін айта кеткен жөн. Таудың оңтүстік және шығыс беткейлеріне күн сәулесі жақсырақ түседі.

Өнердің бұл түрі б.д.д. II мыңжылдықта, өндірістік шаруашылық кезеңінде біршама айқын көрінеді, ал дәстүрлі өмір салты бар аймақтарда бірітіндеп жоғалып, б.д. V-VII ғасырларында жергілікті мәдениетке ұласады.

Бейнелеу өнерінің бұл түрінің өшуіне қарамастан, суретті ойып салу дәстүрі аз мөлшерде болса да Маңғыстау өңірі, Қаратау таулары мен Жетісуда сақталып қалды. Көшпенділердің дәстүрлі өмір салты көпке дейін бұл өнерді сақтап келді.

Батыс Қазақстан петроглификасы Айрақты тауының (Шақпақ тау жыныстарына (эктас) ойып салынған), сағана тамдардың интерьерде, Қамысбай бейіттерінде көрініп, көшпенділердің тарихи оқиғаларының, мифологиялық түсініктері мен салт-дәстүрінің дәлелі болды. Батыс Қазақстандағы жартастар суреттері негізінен XVII-XIX жатады. Ғалымдар Маңғыстауда қазіргі кезге дейін жетпеген, қарқынды соққан желдің салдарына жоғалып кеткен өте ежелгі суреттердің болғандығын жоққа шығармайды. «Табиғаттың алуан түрлі құбылыстары неолит дәуірінде ақ қоныстандырылған Маңғышлақтың табиғи үңгірлеріндегі өте ежелгі бейнелері де жойып жіберген болар». Бұған үңгірдегі құрылыстардың (Шақпақ Ата мешіті). Суреттер бірнеше рет қайта жаңартылған беттерге салынған. Олардың астынан ертеректе ойып салынған бедерлер байқалады, батыс Қазақстан суреттерінің әрбір бөлігі Айрақты тауының беткейінде, бордың тұтас қорымдарында салынған. Сюжеттер немесе композициялар аяқталмаған. Мүмкін, аяқталмаған сурет «сурет салудың» ары қарайғы үрдісін тоқтатқан қандайда бір аяқталмаған іс, немесе аяқ астынан болған оқиға жайлы мәлімет беретін шығар. Болжамдардың біріне сүйенсек,

олар өмір сүруге жарамды жерлерді көрсету ролін атқарған. Суреттердің экспозициясы тығыз байланысты. Орталық (суреттер шоғыранған жер) пен оның «төңірегі» (ландшафт) кірген. Мысалы, Тамғалы шатқалы (Жетісу), Теректісай және Аймаханшоқы (Балқаш маңының оңтүстік-батысы).

Ерте орта ғасырлар дәуіріндегі петроглифика өнерінің бәсеңдеуіне қарамастан, Маңғышлақ өңірінде көшпенділердің жартасқа сурет салу дәстүрінің өзіндік жалғасы болып табылатын.

Тұтастай алғанда Қазақстанның әрбір аймағындағы жартасқа сурет салу өнері ескерткіштері өзінің орналасқан жері және стилмен қызықты. Суреттер мен сюжеттердің саны, суреттер салу техникасы мен стилінің жетілген сапасы бойынша ең ірі ескерткіштер Оңтүстік Қазақстан – Тамғалы, Ешкіөлмес және Баян Жүрек; Орталық жәнеығыс Қазақстанда – Байқоңыр, Ертіс маңы Қараүңгір, Тесіктас; Батыс Қазақстанда – Айрақты, Шақпақ Атада өзіндік ерекшеліктерге ие. [18]

Көне түркі әліпбиі. Қазақ жерінде жазу-сызу сақ дәуірінен бастап пайда болған сияқты. 1960 жылы Ертіс өзенінің оң қанатынан табылған б.з.д. V—IV ғасырларға жататын сақ дәуірінің марал сүйегінен жасалған тұмарда жазу болған. Оны ғалым Алтай Аманжолов оңнан солға қарай "Ақ сықын" — "Ақ марал" деп оқыған. 1970 жылы Есік қаласының түбінен табылған "Алтын адамның" қабірінен жазуы бар күміс тостаған шықты. Тостағанның сыртында екі жолға жазылған 26 таңба бар. Олар бір жағынан, көне түркілердің руникалық жазбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға, өсіресе грек, арамей әріптеріне ұқсас. Оны да А.Аманжолов көне түркі тілі сияқты оңнан солға қарай оқыған. Жазудың мазмұны мынадай екен: "Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)" Зерттеушінің пікірінше, бұл сақ дәуірінде түркі тілінде жазылған, яғни бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес сак тайпалары әліпбиін жазуды білген. Өткен ғасырдың 60-жылдары Іле өзенінің оң жағасындағы Тайғақ шатқалынан көне тибет жазуы, көне грек әліпбиіндегі жазу табылды. Ғалымдардың пікірінше, грек алфавитімен жазылған жазудың сыртынан айналдыра тибет жазуын жазған. Жазуды грек әліпбиін білетін буддалық монах жазған болуы керек. Қарлұқтар заманында (VIII ғ.) Жетісу жеріне келген тибеттіктер тау-тасқа өздерінің буддалық дұғаларын ойып жазған. Әліпби жазу дүниежүзілік мәдениетке қосылған үлкен үлес болып есептеледі. Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі — руналық жазуды ойлап тапқан және пайдаланған. Көне түркі руналық жазуы Қазақстанда Талас, Ертіс, Сыр, Іле өзен-дерінің қойнауларында табылған. Бұл жазуларды алғаш зерттеп, оларды оқудың "кілтін" тапқан — Дания зерттеушісі Вильгельм Томсен. Осы көне түркі жазуларын сыртқы нобайы жағынан Скандинавияның руналарына ұқсатып, бұл жазуларды да руналық, яғни "құпия" жазу деп атап кеткен. Ең алғаш табылып зерттелген түркі жазуы ескерткіштері Білге қағанға, Күлтегінге қойылған құлпытастардағы жазу. Көне түркі руна жазулары қашау әдісімен тасқа, түрлі бұйымдарға (ағаш қасық, күміс тостаған, ыдыс) ойып, сызып жазылған. Руналық жазбада 35 өріп бар, бұдан басқа төрт таңба лт, нт,

нг, рт деген дауыссыз дыбыстар тіркесін береді. Жазу оңнан солға қарай оқылады. Түркі жазбаларына Тоныкөк (Ұлан-Батордың жанында) ескерткішіндегі жазулар да жатады. Қазақстан жерінен табылғандары — Талас өзені бойынан табылған тас мәрдегі жазу Алматы облысындағы Кетпен тауындағы тастағы жазулар (үш жерде), Есік қаласының түбінен табылған күміс тостағандағы жазу. 1960 жылы Сыр бойындағы Шардара суқоймасын саларда ескі қамал орнынан саз балшықтан күйдіріліп жасалған түркі жазулы мөр табылды. Бұрынғы Семей облысының Ұржар ауданынан, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданынан көне түркі жазуы бар екі қола айна табылған. 1985 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданынан табылған көне түркі жазуы және Жайық өзені бойынан табылған қола айнадағы руна жазуының тарих үшін маңызы зор. Көне түркі жазуларында, әсіресе құлпытастардағы жазуда Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған, т.б. сияқты түркі елбасыларының істеген ісі, түркі жұртының сол кездегі жағдайы, басқа елдермен қарым-қатынасы, олардың дүниетанымы сипатталады. Күлтегін ескерткішін оның ағасы Білге қаған қойғызған. Жазу мынадай сөздермен басталады: "Тәңірдей төңірден жаралған Білге (дана) қаған бұл таққа отырдым. Сөзімді түгел естіндер, жалғасқан іні-жиенім, ұлым, руым, халқым... Көңілдегі қандай сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым. Оны көріп, сонша біліңдер!" Білге қаған түсында түркі елі дәуірледі. Ол өте жігерлі, кайратты, әділ, ақылды елбасы болды. Ол жазуда өзі туралы былай дейді: "Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды, қара терімді ағыздым. Жалаңаш халықты киіндірдім, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым".

Орта ғасырлардағы жазу-сызу. Ерте орта ғасырларда түркі халықтары өздерінің төл жазуымен бірге соғды жазуын да пайдаланған. Соғдыжазуы дегеніміз — орта ғасырлардағы парсы жазуы. Соғды жазуының өз тілдеріне икемделген нұсқасын түркілер алғашында "ұйғыр жазуы", кейінірек "найман жазуы" деп атаған. Түркі халықтары ислам діні енген кезден бастап (VIII—XII ғғ.) араб әліпбиін де қолдана бастайды. Қарахан мемлекетінен бастап іс қағаздары араб әліпбиімен жүреді. Араб әліпбиімен хатқа түскен сол заманғы еңбектер мыналар: Махмұд Қашқари "Диуани лұғат ат-түрік", Жүсіп Баласағұни "Құтты білік", Қожа Ахмет Яссауи "Диуани хикмет", Сүлеймен Бақырғани "Хикмет", Рабғузи "Қиссауыл әнбия", "Әулиелер дастаны", "Оғызнама" (IX—X ғғ.), Әбілғазы Баһадүр "Түрік шежіресі", т.б. Көне түркі тілі, жазуы — бүгінгі өзбек, қазақ, ұйғыр, түрікмен, қырғыз, карақалпақ халықтарына ортақ мұра. Түркі тілі, жазуы негізінде осы аталған қазіргі түркі тілдес халықтардың әдеби тілдері қалыптасты.

Руна жазулары. Түркі тіліндегі осы деректерде айтылған жазулар тіл ғылымында *руна жазуы* деп аталған. Ол Скандинавия халықтарының тілі бойынша, *сыры ашылмаған құпия жазу* деген сөз. Бұл жазудың оқылу сырын ашқан — В.Томсен. Одан кейін Орхон жазуларын орыс тіліне аударған түрколог В.Радлов болды. Сөйтіп, XIX ғасырдың соңында руна жазуының құпия сырының ашылуы ертедегі түркі тілдес халықтардың да өздеріне тән

жазуларының болғандығын көрсетті. Түркі жазуы бір-бірімен қосылмай жазылатын 38 әріптен тұратындығы белгілі. Кейбір ғылыми пікірлерге карағанда, көне түркі жазуының пайда болуына соғда әріптері пайдаланылған немесе әсері тиген. Бұл екі жазудың әріптерін бір-бірімен салыстырып қараса, екеуінің бір-біріне ұқсас еместігін байқау онша қиын емес. Керісінше, түркі әліпбиінің көріністері олардың ру-тайпаларының таңбаларына ұқсас. Олай болса, "Түркі жазуының пайда болу негізі олардың таңбаларында жатқан жоқ па?" деген орынды сұрақ туады. Түркі дәуірінен қалған атақты "Күлтегін", "Білге қаған" сияқты тасқа жазылған дастандар қазақ тіліне аударылып, біздің қолымызға тиіп отыр. Қазақ халқы ол дастандарды өздерінің төл дүниесіндей қарсы алды. Оған басты себеп, ондағы жазылған әдет-ғұрып, салт-сана, діни-наним, сенім, мақал-мәтел, батырлық жырлардың үлгілері бәрі-бәрі халқымыздың тірлік-тіршілігінен алынғандай ұқсас. Бұл мұралар қазақ халқының ертеден келе жатқан бастауы. Түркі дәуіріндегі ескерткіштердегі жазулардан және бір байқалатыны — өздері мекен еткен географиялық аймақтың бағыттарын барлай білген. Шамасы, көшпелі өмірге байланысты мал шаруашылығының және табиғаттың ерекшеліктері ескеріліп отырған. Түркілер өздері өмір сүрген кеңістіктің төрт бұрышын тек жаз жайлауы, қыс қыстауы, мал жағдайы үшін ғана біліп қоймай, өздерімен көрші жатқан мемлекеттермен байланыс, қарым-қатынас жасауда да, соғыс іс-әрекетінде де географиялық бағдарлау жасай білген.

Түркілердің мемориалдық және культтік мүсін өнері. Қазақстанды мекендеген көне түркілердің өнері мен мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері қоғамның құрлымын, руханияты мен идеологиясын қалыптастырған кең байтақ далалық ландшафтымен, өндірістік шаруашылықтың малшылық жүйесімен, көшпелі миф салтымен байланысты. Көне түркілік өркениеттің көркемдік дәстүрлерінің қалыптасуында Қазақстанның әрідегі көшпелі тайпалардың – қола дәуіріндегі андронов тайпаларының, сақ және ғұндардың әлемімен тарихи-мәдени байланыстарының болуы біршама маңызды роль атқарды.

Көне түркілік көркем мәдениет мифтік шығармашылықпен байланысты синкреттік санаға негізделген нақты заттық әлеммен, дәстүрлер және ережелермен көрсетілген. Ежелгі түркілер дәстүрлі қоғамдардың көптеген халықтары сияқты өздерінің символикалық әлемін жасады (фетиштер, тыйымдар, және басқа да универсал обаздар). Ортағсырлық көшпенділердің қол жеткізген негізгі мәдени табыстары-тәңірлік, тіл және жазу, фольклорлық ескерткіштер мен өнер туындылары.

Тәңірлік дін Алтайда рухани құбылыс ретінде пайда болып (б.д.д. VI-V ғғ.), еуразия даласының түпкір-түпкіріне кең тарады. Ол Орталық Азияда үстемдік еткен бұрынғы діндер (күн мен көкке табыну) мен түркілердің ртасында белгілі болған буддизммен байланысты. Тәңірлік дінің қалыптасуы ақ пен қараның, мейрімділік пен залымдықтың дихотомиясын суреттейтін будда философиясына сүйенеді. Құдайларды иерархиялық қабаттарға бөліп, ең жоғарғы Құдайға табынады. Тәңірлік құдайының көптеген кейіптері белгілі, солардың ішінде дараланған Хан Тәңірі құдайы (моңғолдарда) құдайлар

пантеонындағы ең бастысы болды; Дархан Гуджир Тәңірі - ұсталар құдайы; Багатур Тәңірі - батырық құдайы, көктегі әскердің қолбасшысы. Атаға Тәңірі мен Багатур Тәңірін жай атқыштар құдайы кейпінде де көруе юболады. Кейінгі аңыздарда Тәңірі жалпы құдайы білдіреді. Тәңірліктің негізін орталық – азия халықтарының көк рухыиесі жайлы анимстік енімдері құрып, «аспан өзінің тікелей көрінісінде, оның өмір сүретін мекені ретінде түсінілді». Бұл түсінік Қазақстан түркілерінің арасында өте тұрақты болды. Эпикалық аңыздар, құлпытасқа жазылған эпиграфиялар, монументтік мүсін өнері, сәндік-қолданбалы өнер туындылары қаншама ғасырларды басынан өткеріп, әлемдік мәдениет пен өнер тарихында өзіндік ерекшелігін, терең маңызын сақтап қалды.

Көшпелілердің космологиялық және діни түсініктері. «Мен айтқым келгеннің барлығын әңгілік тасқа ойып жазым, соған қарандар және біліп жүріңдер, сеніңдер, қазіргі кездің бектері мен халқы!»

Бұрынғы өткен бабаларымыздың осы орхон хаттарынан бізге өздерін мәңгілікке қалдыруға деген ұмтылысы жетеді. Бұл сөздер көкейге, жан дүниеге қонған кезде, адамдар мен келешек ұрпақтың жүректерінде жаңғыратынын сол кезде-ақ білген. Бұл тас кітаптар мен мүсіндер бізді тек болып та табылады.

Көне түркілер табиғат объектілері-тау, өзен, көл, ағаштарды құрметтей отырып, өздерінің жоғарғы құдайы-Көк Тәңіріне ерекше ықыласпен сыйынған. Барлық ежелгі халықтар сияқты, олар көктегі құдайларына ұмтылып, одан қорықты. Сезілмейтін, ұсталмайтынның алдындағы қорқыныш пен құрмет. Олар іс жүзінде ерекше құрылымды жүйе жасап шығарды. Бұл жүйеде «әлем орталығы», «өмір ағашы» мағынасындағы тас мүсіндер үш космостық символ болып табылады.

Бұл космогония ежелгі түркілердің микроәлеміндегі нақты образдарда- тау, оба, ағаш, мүсін, киіз үйдің бақаны, кейнірек киіз үйдің жоғарғы тесігімен (шаңырағымен) жүзеге асты. Бұның барлығы аспанмен аруақтар арқылы сөйлесу мүмкіндігіне сенумен байланысты «орталықтың» символикасы деп аталып кеткен. Солар арқылы көмек сұрап, ата-бабаларының аруағына сыйынған.

Мейрімді құдіретті күш барлығын түсіндіріп беру және бәрін қорғап-сақтап жүру қасиетіне ие. Алайда, оған тек құпия жоралғылар арқылы ғана жету мүмкін. Ата-баба бейтіндегі мүсін жер бетінде өмір сүріп жүргендер мен көктегі құдай арасындағы рухани байланыс арқауы болып табылады. Қоршаумен бірге ол руды, тайпаны, жанұяны былық пен жын-шайтандардан сақтайтын киелі кеңістік болып табылады.

Ата-баба аруағы және еске алу салты көшпенділер тас мүсіндердің нақты мағынасын көрсетеді. Ығармашылық қызметтің туындысы бола отырып, түркілердің еске алу мүсіндері қайтыс болған адам мен аруақтандырылған ата-баба образының ішкі мазмұнын көрсетеді. Оның негізгі идеясы-қайтыс болған адамды еске алу. Бұл реалды өмір мен о дүние арасындағы байланысты жүзеге асырумен қатар нақты эстетикалық қызмет атқаратын көне және дәстүрлі қоғам өнерінің маңызды ролі жайлы теорияны дәлелдейді.

Зерттеушілер көрнекті монументтік мүсін өнерінің Орта және Орталық Азияның ортағсырлық көшпенділерінің космогониялық түсініктерінің ата-бабалар культімен терең байланысын көрсетеді. XIX ғасырдағы орыс ғалымдарының түркі халықтарының діні мен жерлеу салтына қызығушылықтары алғаш осы мүсіндердің пайда болуы мен қызметі жайлы мәселелерді зерттеумен байланысты пайда болды. Дәл осы кезде қайтыс болған адамды есте сақтау үшін қойылған мүсіндер - «қатын тастар» жайлы мәселе қойылды. Қазақстанмен Орта Азиядағы бақсылықпен жерлеу салты жайлы материалдар ғылымның иелігіне айналды [19].

Көбіне пластикалық жағынан нашар айқындалған көне түркілік монументтік мүсіндер-адам жерлейтін орындар. Оларға құрбан шалынған. Атақты адамдардың, рудың негізін салушылардың кабірлеріне көптеген қойтас, құлпытастар қою ежелгі түркілердің көркем мәдениетіндегі ежелгі космогонияны көрсетудің өзгеше бір формасы болды. Космогониялық жүйе культтік құрылыстардың (тақта тастардан жасалған VII-IX ғғ. пирамидалық құрылыстар, X-XI ғғ. шатыр немесе конус тәрізді күмбездері бар киелі орындар) ғана емес, сонысымен қатар мүсін формасы жасауының да негізі болды. Мүсіннің айқын вертикальды композициясында қайтыс болған адам жанының белгісіз бір ось арқылы аспанмен астасу идеясы көрсетіледі.

Архаикалық және дәстүрлі қоғамның бейнелеу өнерінде біз көп мәрте қайталанатын таңбалар- құдайлар мен рухтың немесе жебеуші ата-бабаның белгілері белгілерімен символдарының элементтерін кездестіреміз. Космостық үрейді осылай жеңген.

Адамның космос жайлы түсініктері мен оның діндегі, дүниетанымдығы, нақты шығармашылықтағы шешуші әсері жайлы қорытынды көне заман адамдарының көркемдік тәжірибесін олардың дүниеқұрлым туралы негізгі түсініктері, адамның орны мен өмірін түсіну арқылы тануың қажеттігін айқын кеңестік реттеліп орналасатын белгілі бір нүкте ретінде түсінді. Ол таза кеңестік құрылым ретінде бейнеленген жоқ, күштердің ара қатынасымен анықталады. Бұл сәт миф стихиясын айқын көрсетеді, дәлірек айтсақ, онда құдіретті күштердің иерархиясын орнату жолындағы күресті (жоғарғы тәртіпті бекіту үшін бастапқы былықты жеңу), сондай-ақ әлемнің шыңы болып табылатын бірегей құдайдың күшін көрсетуді суреттеген. Осы сипаттар мифтік әңімелерге тұтастық пен өзіндік логика береді.

Көк рухы – Көк Тәңіріне табыну (бұл материалды емес, бірақ көрінетін аспан) – XX ғасырдың бас кезіне дейін сақталып келді. Аспан культі қайиыс болғандардың рухтарына қатысты болмағандықтан, басқа бұл жораға жіберілмеген. Жоғарғы құдай Тәңірімен қатар тау, өзен, көл, және бір қызығы, олардың рухы емес, өздері құрмет тұтылды: «бұл жерде біз табиғаттың кейпін, бейнесін емес, оның жанданғанын байқаймыз». Алайда, жер бетіндегі барлық тіршілік Тәңірі бастауының аясында, адам тағдыры соған бағынышты. Дегенмен, олардың дүниеге келуін құнарлылық құдайы мен балалардың қамқоршысы- Ұмай ана, қайтыс болуын- Ерлік басқарады.

Аспан культі - Тәңірі – орхон жазуларында жазылып қалған: «Бастапқыда жоғарыда көк аспан, ал төменде қара жер болды; олардың арасында адамзатың ұрпағы пайда болды». Бізге түркілердің көне діні жайлы негізгі мәліметтер қытайдың «Вейшу» және «Суйшу» шежірелері арқылы жетті («Вейшу»- VI соңы- ханның шығыстан ордаға кіруі; күннің шығуы; бабалар үңгірінде көк аспанға құрбан шалу; бесінші айдың ортаңғы декадасында көк аспан рухына құрбан шалу және т.б. «Суйшу»-VII ғасырдың 30-жылдары – «рухтарға табыну»).

Адам түнек иесі сияқты көк иесімен де тікелей қарым-қатынас жасай алмайды, ол тек жұмақта өмір сүріп жатқан бабалары арқылы ғана тілдесе алды. Осы бабалар рухы арқылы ол дұға жасап, көмек сұрайды. Жер бетінде тіршілік етіп жатқан адамның баяғы заманда қайтыс болған бабалармен тығыз байланысына сену оларды әрдайым құрметтеудің себебі болып табылады. Бұл жерде ата-бабалар көмекші-аруақ ретінде қарастырылмайды, керсінше, тәңірі алдындағы қорғаушы өкіл ретінде қарастырылады.

Л.Я.Штернбергтің пікірінше бабалар аруағына табыну өлгендерді құрметтеудің ерекше формасы. Қай жерде қайтыс болған адамдарға құрмет көрсетілсе, сол жерде қайтыс болғандар жалпы құрметтеледі. Бұл өз кезегінде ежелгі түркі қоғамындағы ерекше артықшылығы бар топтардың көсемдерімен жасы ұлғайған адамдарға тіршілігінде көрсетілетін құрметпен байланысты. Алайда қарт адам мәртебесінің екі жақты сипаты болды: «қасиетті әлемге жақындық олардың мәртебесіне де киелілік элементтерін енгізді. Қарттың беделі сөзсіз болды, алайда құрметіне біраз қорқыныш та қосылды. Өмірдің соңғы баспалдақтарында тұрған қарттар тірілер әлеміндегі қайтыс болғандардың «елшілері» сияқты қабылданады»

Ежелгі түркі тайпалары қоғамында рулық ұйымдар, оның бірлігі және кез келген шабулға төтеп бере алу қабілеті бағаланады. Қауым мүшелерінің біреуінің өлімі барлығына ортақ қайтғы болды. Осындай рулық бірліктің ерекше үлгісі көрінетін, өз ішінен шығатын өзіндік культке ие болды. Ондай культтің түрі екеу: отбасы-рулық ата-бабалар культі». Көне түркі тайпаларында Сібір халықтарында, Қазақстанның қимақ-қыпшақ тайпаларында матриархаттық-рулық культтің қалдықтары бір шама орын алды. Тіпті кей кезде әулеттің отбасылық және рулық формалары кіріп кетті.

Көне түркі тайпаларының діни көзқарастары теистік діндерден айтарлықтай ерекшеленеді: онда, жоғарыда айтылғандай, алғашқы қауымдық діни наным-сенімдердің, анимизм мен тотемизмнің элементтері айқын сақталып қалған. Негізгі құдай Тәңіріге сыйынумен қатар көне түркілерде ең тараған ата-бабалар рухына осы тотемизмнен шыққан. Түркілер ата-бабалар аруағына арнап үңгір ішінде құрбандық шалған (көне аңыздар бойынша олардың алғашқы аталары - Ашина көсем Алтай тауының ортасында үңгірде өмір сүрген). Осылайша, түркі ақсүйектерінде тотемистік дүниетанымнан шыққан батыр бабалар культі кең етек алды. Бұл болжамның ақиқат екендігін Л.Н.Гумилев «Суйшу» (Аруақтарға табыну) мәтінінен алынған мәліметтерімен дәлелдейді: VII ғасырда қытайлар ата-бабалар аруағына сыйынып, олардың

құрметіне құрбандық шалған түркі ақсүйектерімен қақтығысқан. Осыған ұқсас бірқатар мәліметтер қарлұқтарда да кездеседі (X ғ.): «Шіркеу дегеніміз-қабырғаларында олардың алғашқы билеушілері бейнеленген жер».

Құрметтелген ата-баба образы тотемдік ата-бабалардың ең ежелгі мифологиялық бейнесін алмастырып қана қоймай, өлген адамның жаны идеясынан туып қана қоймай, отбасылық-рулық қамқоршысы идеясының трансформацияланған түрі ретінде көрінеді.

Ежелгі түрілердің рулық қауымдастығының бірлігін ата-бабалар культімен тікелей байланысты еске алу айқын көрсетеді. Еске алу салтын атқаратын орын қасына тұрғызылған тас мүсіндер табынудың негізгі объектісіне айналған.

Қазақстан аймағын мекендеген түркі тайпаарының жерлеу және еске алу салттары көшпелілер дәстүрінде мықтап орнықты. Көшпенділердің эстетикалық мүделерінің негізінде қоғамдық-саяси және айқын тәжірибелік мақсаттар жатты. Ата-бабалар қорымдарына қарап қайтыс болған адамның жерлену себебін анықтау қиын емес. Осылайша аталмыш қауым өздерінің тіршілік ету аймағын бекіткен. Сонымен қатар тас мүсіндер аталған рулық-тайпалық қауымдастықтың таңбасы қызметін атқарды. Тастан қашалған мүсін өзінің мәңгілік беріктігімен далалық аамдардың болашақ ұрпақтың қамын ойлағандығын көрсетеді. Сондай-ақ тас мүсіндер шексіз кең далада берік, тұрақты бағдарды қажет еткен көшпенділер үшін тәжірибелік қызмет те атқарды. Ежелгі түркілерің жерлеу салтына ерекше мән беруі осы жәйтпен түсіндіріледі. Сондықтан да осы салт-дәстүрдің философиялық-іни мәнін ашып көрсету қажеттігі туындайды.

Ал, жерлеу салты қатаң түрде белгілі бір ережелерге бағындырылған: жерлеу, ас беру, сый-сияпат әкелу, дұға оқу, өлікті жерлеу заңдары мен тыйымдры. Жерлеу салтының элементтері «мәдени факторды реттеуші ретінде салттық дәстүрдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді» [20]

Ежелгі санада тек сыртқы әлемнің заттары ғана емес, сонымен қатар адамдардың іс-әрекеттерінің өзі де киеленбес өзіндік құндылығы болмайды. Формасы белгілі бір символдың (нышаны) бөлшегі болатындықтан «тас қасиетті болып табылды». Тас мүсін, ағаш, тау және тағы басқалары оларда бабалар рухы тіршілік еткендіктен, құрбан шалу немесе ант берумен киеленгендіктен қасиетті болып саналады.

Қайтыс болған адамның жанын космостық үш деңгейде сиқырмен ұша алатын бақсы дүниеге шығарып салды. Осы жерден екі маңызды мифтік бейнесі және жанды шығарып салушы құс. Бұл өте көне миф: бізге Еуропа мен Азия ескерткіштерінде кездесетін бұтақтарына құстар қонып отырған әлемдік ағаштың бейнесі белгілі (Есік қорғанынан табылған ұшар басына құстар қонған ағаш бейнеленген алтын қаңылтыр белгілер). «Бұл құстар өзінің космологиялық мағынасымен қатар, қайтыс болған ата-бабалар рухының символын да білдіреді». Аспанға ұшу ежелгілердің санасында тәннен, жаннан, уақыттан, кеңістіктен, жерден және тағы басқа тәуелсіздік сезімімен байланыстырылады. Түркі тайпаларының эпостары, ертегілеріндегі негізгі кейіпкерлердің, мифтік бейнелерінің үлкен-үлкен кеңістіктерді басып өту

қабілетіне ие болуы кездейсоқтық емес. Алып күшті кейіпкерлердің «сиқырлы ұшуы» азаттық пен жеңіуді айғақтайды».

Қайтыс болған адам жанының «ұшып кету» мәні құрылымын беретін үш космостық деңгейден жылдам өтіп кетуді білдіреді. Біз білетін үш космостық аймаққа қатысты ең әмбебап символдар - Әлемдік ағаш, Әлемдік бағана. Макро тілдік тұрғыда түркі тілдес халықтар аспанды-шатыр, құс жолын-аспан күмбезінің дәл ортасына жүргізілген тігіс, темірқазықты-аспан шатырын ұстап тұратын сырық сияқты зат деп түсінді. Бұл космогония ежелгі түкілердің микроәлемінде көрніс тауып, нақты образдармен-тау, қорған, ағаш, меңгірғ мүсін, киіз үйдің сырғауылымен бейнеленеді. Кейін киіз үйдің сырғауылы Орта және Орталық Азия малшылары кйіз үйдің шаңырағына айналды. Бұған өлікті жерлейтін күні шаңырақ арқылы ту ілінген найзаны жоғары қарай көтеріп шығарып қою салты дәлел бола алады. Мұның мәні қайтыс болған адамның жаны найза арқылы аспанға көтеріліп ұшып кетеді дегенді астарлайды.

Бұл кешеннің барлығы «орталықтың» символикасы деп аталатынның бір бөлігі болып табылды. Бұл космогиялық концепция тек қана сібірлік, орталық және ортаазиялық бақсылық идеологиясының ғана құралы емес. Ол аспанмен тікелей байланыс екендігіне сенуге қатысты кең тараған идея болып табылады. Әлемнің орталығы адамдарға көктегі құдайлардан кешірім сұрап, өздерінің өтініштерін білдіруге мүмкіндік береді. [21]

Ежелгі түркілердің көркемдік ойлауының эпикалық құрлымы.

Көне құрылыстардың символикалық-композициялық құрлымы көшпенділердің ортағасырлық пластикасының образдық-пластикалық құрлымында жаңа сипат алды. Адамдар ата-бабаларының мифтік «сиқырлы» бейнесін іздерінің өмірлік маңызды қажеттіліктеріне, қоғамдық және мүделері аясына тартуға тырысты. Ежелгі түркі қоғамындағы монументті мүсін өнерінің спецификалық ролі қанағат пен оның билеуші тобының қуатын арттыру талпынысымен байланысты болды. Мұны ортағасырлық мүсіншілер монументтік формаларында жүзеге асырылды.

Бұл далалық мәдениеттің айқындаушы факторы, көркем ойлау формасының эпикалық ерекшелігі болды. Ал бұған образдар мен тарихи құбылыстарды қисынды қорытындылардың беріктігі тән. Осы фактор арқылы ортағасырлық еуразиялық пластиканың ерекшелігі анықталады. Сонда түрілердің монументі мүсін өнері дегеніміз не? Бұл батырлық, отаншылдық сезім мен жауынгерлік намыс жайлы халық түсінігінің көрсетілуі. Осылайша біз әлде бір қоғамдық идеяның бейнесімен ұшырасамыз. Бұл түркілердің еске алуға арналған мүсін өнерінің басты тақырыбы, оның мазмұнының негізі. Сондықтан эпикалық тұрғыда тас мүсіндердің стилін анықтап алу қажет. Себебі оларда, бір қарағанда, не баяндайтын әңгіме, не тақырып, тіпті қозғалыс та жоқ. Олардың пайда болу себебі әлемді иллюзорлық танудың қажеттілігінің туындауымен байланысты.

Ерте таптық құрылыс кезеңінде көшпенділерде шығармашылықтың эпикалық формалары пайда бола бастайды. Таптық дәуірге дейінгі кезеңде пайда болған ежелгі эпикалық жыр-дастандардың мәдеи кейіпкерлері түркі

тайпаларының әскери-саяси одақтастығы кезеңіндегі батыр-жауынгер сипатына ие болды. «Бұл түркі тілдес тайпалардың феодалдық мемлекет ретінде ары қарай дамуға бет алған өзгеше бір «ерлік» кезеңі болды» .

Эпикалық стилдің ерекшелігі - ер жүрек ата-бабалардың мүсіндік бейнесінде жекеден жалпы, дара бейнеден типтік бейнелер басым келеді. Тіпті қайтыс болған белгілі бір адам бейнесін (Күлтегін) өзіндік дара қасиеттермен бейнеленген тас мүсіндердің өзінде де батыр әрі аруақты ата-бабаның қоғамдық идеалы сипатында берген. Және де образдың мүсіндік сипатына қарамастан, ло бәрібір азды, көпті деңгейде қоғамдық-сакралдық сипаттағы мазмұнға ие болды. Осыған сәйкес, бұл дәуірдегі өнер адамның скульптуралық образын жеке емес, қоғамдық функциясы аясында жасап шығарды. Бұл оның эпикалық құрлымын біржолата анықтайды.

Көне түркі монументтік мүсін өнерінің эпикалық сипаты VII-VIII ғғ. Түркі қағандарының жасаған басып алу жорықтары жайлы сыр шертетін шіркеу стелаларындағы жазулардан бастау алады. Е.М.Мелетинский оларды «батырлық эпитафия» деп жайдан жай атаған жоқ. Шынында да, осы дүниеде өмір сүріп жаққандарға қаратылып айтылған салтанатты сөз саптау, өлшемді, ырғақты стиль орхон жазуларындағы мәңгіме-баяндардың эпикалық ауқымын айғақтайды: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер пайда болғанда, ол екеуінің арасында адамзат баласы жаратылды. Адамзат баласының үстіне менің бабаларым Бұмын қаған, Истеми қаған салтанатты билік жүргізді. Таққа отырып, олар мемлекет құрып, түркі халқының заңдары мен мемлекеті ұстап тұрды» - дейді Білге қаған стелласындағы жазулардың бірі. Түркі руна жазулары «тек маңызды тарихи құжат қана емес, сонымен қатар бүкіл түркітілдес халықтардың көрнекті әдеби ескерткіші болып табылады.... Бүкіл ортағасырлық түркі тілдес әдебиетте шешендік өнер мен батырлардың жасаған ерлігін баяндайтын ғасырлар бойы ауыздан ауызға өтіп, өнделіп жетілген жыр-дастанның дәстүрлі формаларын сақтап қалған саяси прозаның мұндай тамаша үлгісі мүлде жоқ»[22].

Түркі мүсін өнерінің халықтық сипаты образдың пластикалық шешімінде көрсетілген. Шебер нәзік сәндік әдістер мен көлемді модельдеуге ұтылған. Ондықтан көптеген түркілік мүсіндерге қатысты талғамның ерекше аристократизміне шүбә келтіруге болады. Олардың басым көпшілігі негізінде пластикалық тұрғыда нашар бөлшектенуімен сипатталған көне антропоморфты стелаларды еске түсіреді. Пластиканың жинақталған сипаты, кез келген детальдрды түсіндіруге келте қайырылатын стиль, барлық пластикалық көлем шешімінде негізгі басты сипатқа назар аудару, яғни «геометриялық сызықтарға, негізгі, пластикалық көлемге көңіл қою- бұлардың барлығы халық эстетикасына біршама жақын. Бұл жәйт бізге тарихи және этнографиялық ескерткіштерден белгілі (скифтік-сақтық «аң стилі», IV-V ғғ. көшпенділер өнерінің полихромдық геометриялық стилі)».

Жалпы қабылданған тұрақты көркемдік ереже, келте қайырылатын пластикалық стиль ру ақсүйектернің ғана емес, сонымен қатар қатардағы жасақшылардың, тапсырыс берушілер мен қолөнершілердің, мүсін

жасаушылардың да талғамын қанағаттандырды. «Әскери демократия» жағдайында басқаша болу мүмкін емес еді.

Ежелгі түркілер шығармашылығының эпикалық сипатында архаикалық ерекшеліктерді сақтау түркілік мүсін өнерін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі юолды. Себебі ортағасырлық эпостағы батырлық эстетикасының өзінде «қызметі батырдың күшіне толықтай бағынышты көмекші аруақтардың билігін емес, керсінше адамның жеке күшін жырлау жатыр». Жиі кездесетін малта тас тәрізді мүсіндер – эпикалық әңгімелерде алып дәуге теңестірілген батырдың күшін көрсету болып табылады.

Қазақстанның ежелгі тайпаларының діни түсінітері культтік формаларда, биік меңгірлердің орналасуында, құрбандыққа шалынатын жануар мүсінін орнатуда (қой, аю, түйе және тағы басқа бастарымен аяқталған төртқырлы бағана (Бетпақ су, Желтау, Қойшоқы, Сартабек, Бұғлы, Қанаттас және тағы басқалар.): отқа табынуда (Бұрғылы III, Беғазы I, Сангру I және тағы басқалар); қабірдің басына алып ескерткіштер орнату, олардың басына барып құрбан шалу, ас брумен ата-бабаларға көрсетілген құрметте (Беғазы, Бұғылы III, Айбас Дарасы, Сангру) біршама анық байқалады. «Культтің бұл түрлері патриархалдық-рулық қоғамның санасында классикалық діндер (буддизм, христиан, ислам) пайда болғанға дейін үстемдік етті. Олардың қалдықтары қазақтарда Ұлы Октябрь төңкерісіне дейін сақталып келді».

Мегалиттік ескерткіштердің біршама ежелгі түрі болып саналатын меңгір өте ертеде халық жиналатын жерді немесе ас беретін және құрбандық шалатын ашық алтарьды білдірді. Қазақстан территориясында жануарлар мен аамдардың мүсін-бейнелерінің екі түрі кездеседі. Адамдар мен жануарлардың бастары үшкір ұшбұрыш сияқты геометриялық үрдісте стильденген формада берілген. Яғни, қола дәуірі мәдениетінің өте ертедегі дәстүріне баратын мотивте.

Топтасқан және жеке меңгірлерге тән сипат – олар әрқашан ежелгі елді мекендегендерге жақын биік жерлерде, қола дәуіріндегі некропольдерде тұрады. Лардың басым көпшілігінде әдетте құрбандық қалдықтары мен отқа табынудың белгілері кездеседі. Қола дәуіріндегі мүсіндердің алуан түрлілігі осы аймақтағы ертеден келе жатқан тас қашау дәстүрін, тас қашау өнерімен айналысқан адамдардың жоғарғы шеберлігін дәлелдейді.

Бұл дәуірдегі мүсін өнері жүйелі түрде, қарапайым түрден біршама жетілген формаға, қарапайымнан күрделіге қарай дамыды. Мүсін өнерінің туындыларының діни және әлеуметтік қызметтері айқын. Олар «ертеден келе жатқан пұтқа табынушылардың культтерімен байланысты діни салттардың, идеологиялық түсініктердің көп қабатты және де әлі де айқын емес әлемін бейнелейді».

«Қатын тастардың» орналасқан жері және олардың аймақтық өзгешеліктері. Қазақстанның ортағасырлық монументтік мүсіндері мен Оңтүстік Ресей, Алтай, Тува, Монғолияның тас мүсіндерінің ортақ белгілері бар. Бұл пластикалық және композициялық принциптердің ортақтығына негізделген (еуразиялық «тас қатындардың» ортақ көркемөнер қағидасын

қалыптастыру; бірыңғай иконографиялық әдістер). Сонымен қатар түркілік мүсіндердің аймақтық ерекшеліктері де бар.

Территориялық белгілері бойынша Орта Азия аймағында байқалған ерлер мүсінінің кең таралуының қысқаша сипаттамасы, шамалағанда, төмендегідей болады. Бұл моңғолоидтік бет-пішінді аруақтандырылған баба, қаһарман жауынгер – ру, әулет басы мүсіні. Мүсіндердің негізінен екі түрі – көлемді және жазық түрі белгілі. Қандай да болмасын аймақтық ерекшелікті анықтайтын спецификалық сипаттар негізінен көлемді мүсінге тән. Мысалы, соғдылық және буддалық негіздердің ықпалын көрсететін бет пішіні нәзік модельдеу, фигураның табиғи пропорциясын мұқият анықтау, сондай-ақ қас пен қолды біршама боямалы түрде стильдеу Жетісу монументтік мүсін өнеріне тән белгілер болып табылады.

Күлтегіннің құрметіне салынған жерлеу құрлысы (VII-VIII ғғ.) классикалық үлгі болып табылады. Ол архитектуралық әрлеудің бөлшектері сақталып қалған өлген адам жерленген орын. Ежелгі түркі зерттеушілер ежелгі түркілердің монументтік мүсін өнерінің негізгі канондық белгілеріне композиция, үйлесім, фронтальдық, типаж, материал мен аксессуарлар таңдауды жатқызады.

Көркем өнер қағидасы форма жасаудың, өрнек пішімінің, талдап қорыту деңгейінің нақты әдістерімен байланысты. Түркі пластикасында монолиттік тіктігі мен біртұтастығы, сондай-ақ фигура пропорциясының өзгешелігі-жоғарғы бөлікке қатты көңіл бөлу сияқты әдістер үстем болды. Еуразиялық тас мүсінің қарсы бет композициясы ежелгі түркі пластикасының бүкіл ғұмырында негізгі сипат болып қалды. Бұл жәйт мүсіндердің көлемді типтерінде айрықша сезіледі.

Бірнеше ғасыр бойы түркі монументтік мүсін өнері иконографиялық еш өзгеріссіз қалған жоқ. Образдық шешімдер еуразия континентінің әрбір аймақтарында қайталанбас ұллық сипаттарға ие болды. Қарастырылып отырған дәуірде Оңтүстік Ресей мен Сібір, Алтай мен Қырғыз, Тува мен Моңғолия, Қазақстан мүсіндеріне тән стильдік сипаттар анықталды. Ұлттық психологиялық ерекшелікті қалыптастырған әлеуметтік және табиғи жағдайлар аймақтық көркемөнер дәстүрінің арасында өзгеше жолдар іздеуге түрткі болды.[24]

Тас мүсіндердің типтері және олардың семантикасы.

Тас мүсіндер семантикасының проблемаларына арналған зерттеу жұмыстарында әртүрлі көзқарастар бар. Шын мәнінде олар археологтар арасында кең танымал үшгипотезаға келіп тірелді: 1) «тас қатындар» қайтыс болған адамды бейнелейді; 2) ру қамқоршысы – ата-бабаны бейнелейді; 3) қайтыс болған кісінің қас жауын бейнелейді.

Балбалдар – жаулар деген гипотеза бар. Мүсін қайтыс болған жеңімпаз-адамның қабіріне оған о дүниеде қызмет ету үшін орнатылған. Тас мүсіндердің саяси мәні бар, олар түркі қағанатының әскери күшін көрсетеді. А.Д.Грач осындай пікірге келіп тоқтаған. Мұндай жағдайда қолына ыдыс ұстаған мүсінің семантикалық мағынасын түсіндіру өте қиын. Екінші гипотеза, біздің көзқарасымыз бойынша, біршама көңілге қонымды. Мүсіндер – қайтыс

болғандардың өзі. Мүсіндер бейіттің басына немесе қайтыс болған адамды өртеген жерге орнатылған.

Ескі мәліметте жазбаша деректерде кездеседі: 1) қытайдың «Суйшу» хроникасында (VI-VIII ғғ.) түркілердің өлтірілген жаудың саны бойынша тас қоятын жерлеу салты жайлы айтылады 2) Ибн Фадлан (X ғ.), өлтірген жаудың саны бойынша зиратқа қойылған ағаш бағана-балбалдар жайлы жазды 3) Плато Карпини (XIII ғ.), түркі тілдес халықтар тас идолдарға тамақ апарып отырған, қыпшақтарда дәлме-дәл аударғанда «қайтыс болған адамның бейнесі» дегенді білдіретін «сын» деген сөз бар екендігі жайлы мәлімдейді. «Вейшу» хроникасы түркілердің ақсүйектер мен қағандарға күрделі ескеркіштер тұрғызу салты жайлы естеліктер қалдырды.

Қазіргі кездегі археология ғыымында «балбал» түсінігіне қатысты белгілі бір пікірлер қалыптасты. Орхон жазуларынан мүсін деп аудаылған «балбал» термині ертедегі әдебиетте мүсіннің өзін білдірген. Қазіргі кезде зират құрылыстарынан шығысқа қарай тізбек болып орнатылған тас бағаналарды осылай атайды. Алайда, сонымен қатар басқаша пікірде бар: моладағы балбалдардың саны жерлеуге қатысқан ағайындардың санына сәйкес келеді. С.И.Руденко тағы бір пікір ұсынды: балбалдар-өлгендердің үйінің жанындағы ағаштар. Жерлеу құрылыстары негізінде тұрғын үй принципінде салынған деген белгілі пікірге сүйене отырып, ол балбалдар, яғни ат бйлайтын бағаналар, қайтыс болғандардың үйіндегі ағаштар деген қорытынды жасады. В.Д.Кубарев та дәл осындай көзқараста: балбал – қайтыс болған кісінің бата оқырына адамдардың қатысқанын білдіретін өзгеше белгі. Бұл түркі қағандардың еске алатын храмдарына орнатылған балбалдардағы жазулар мен таңбалардың болуын түсіндіреді.

Үш мүйізді бас киімнің семантикалық мағынасы ерекше қызығушылық тудырып отыр. Бұл жайлы бірнеше гипотеза бар. Әзірше, оңтүстік орыс даласындағы әйелдер мүсінінің 50%-нда осындай «мүйіздер» табылғаны анықталып отыр. Үш үшбұрышы бар бұл бас киімдер түркі кезеңінде ғана емес, сондай-ақ ертеде – энеолит дәуірінде сібірлік және орталық-азиялық халықтар қоныстанған жерлерде де болған.

Кейбір зерттеушілер бұл бас киім – басқа киімнің атрибуты деп топшылайды: «Үш мүйізді бас киімі бар адам пішінді жанның бақсылық бейнесі Батыс Сібір және Каспий маңындағы финугор халықтарының бейнелеу өнерінде кең таралған». Қазақстанның оңтүстігінен «үш мүйізді» тиара киген бірнеше тас мүсіндер табылған. С.М.Ақынжанов оларды Жетісуға қимақ-қыпшақ тайпаларының (X-XII ғғ.) келуімен байланысты деп санайды. Ол да алдыңғы ғалымдардың «үш мүйізді» бас киімді мүсіндердің ейбір түрлерін бақсылардың бейнесі деп санауға болады. Бұған олардың басына орнатылған «мүйізді» орамдар айғақ. Мүмкін, мүсіндердің екі мағынасы бар шығар: «Әйел жағынан келетін арғы ата культін құрметтеу және қимақ-қыпшақ тобының тайпалары табынған әйел бақсылар бейнесі».

Осылайша, ежелгі түркілер ортасында: 1) қайтыс болған адамның «портреттік» келбетін сақтай отырып, еске алу жоралғысы біржола

қалыптасады; 2) құрылыстардың С-О бағытындағы тұрақты бағдары анықталды, мүсіндер, тас-балбалдар қатары шығыс жағынан орналасқан қоршаулар формасы бір ізгі салынды; 3) қалыптасқан тип шеңберіндегі мүсіндік образ жасалды; 4) түркі әлемінің әртүрлі аймақтарындағы тас мүсіндердің көркемдік әдістерінің өзгеше аймақтық ерекшеліктері пайда болды; 5) ежелгі тұкілік бейнелеу қағидасы қалыптасты.

VI-VIII ғғ. көне түркі монументтік мүсін өнерінің пайда болуы мен дамуының негізгі жағдайларын зерттеу нәтижесінде өте ерте заманда болған антропоморфты стелалар мен мүсіндердің символикалық-композициялық құрлымы көшпенділердің ортағасырлық мүсіндердің образдық-пластикалық құрлымында жаңаша сипат алып, нығая түседі. Бұл фактор шынайы-антропоморфты мүсін өнеріне қатысты ежелгі түркілердің символикалық-космоголиялық жүйесін қайта қалыптастырудың жылдам үрдісін қамтамасыз етті. Бірақ бұл жаңа заман реализмі сипатында емес, керсінше, «идеалданған реализм» болды. Тас мүсіндердің пластикалық ұстамдылығы, қатаң үйлесім, дамыған жалпылық сипат пен анық нақтылаудың жоқтығы техникалық олқылықтың нәтижесі емес, керінше, символ мен шынайылы қарасындағы тепе-теңдік – «монументтіліктің» негізгі принципін сақтау.

Ежелгі түркі мүсін өнерінің көркемдік ерекшеліктері.

Көшпенді халықтардың, соның ішінде ежелгі түркілер өнері дамуының тарихи ерекшеліктері көшпенді тұрмыстың сұраныстарына сәйкес келетін қолданбалы сипатта болды. Халық өнерінің эстетикалық әсерінің басты себептерінің бірі-әрлеу элементтері өзінің алуан түрлілігі мен сұлулық жайлы түсінігін білдіретін бөлінбес құрал бола бастады.

Қазақстан территориясындағы түркілердің тас мүсіндері осының жарқын дәлелі. Мұнда сәндік-әшекейлік және пластикалық шешімдерінің көп ғасырлық дәстүрі жинақталған.

Мүсіндік образдың біртұтастығына тұрақсыз және созылыңқы формаға қарағанда, оның жинақталған әрі тұрақты формалармен қол жеткізуге болатындығы белгілі. Тас мүсіндердің бастапқы семантикасы (әлем осінің бенесі), көркемдік құрылымды да анықтады: көлемнің дамыған айқындығы, айқын вертикальды композиция. Ол адам басшылығы идеясын, оның қатал өмірде өз орнын табу сезімін айқын көрсетеді. Далалық идолдар массасының пластикасы геометриялық формаға жақын дәрежеде шоғырланумен ерекшеленеді. Көз мұндай массаны бірден қамтып, олар біртұтас көлем сияқты қабылданады.

Әрбір бөлшек жеке және жалпыға қатысты жете ұғынылған кезде, сәнділік туындының негізгі құрлымдық сапасы болуы мүмкін. Тас мүсіндерде бет-пішіннің, киімнің, қару-жарақтың барық бөліктері әшекейлік өнердің әдістері арқылы берілген: мүсінші мүсіндік көлемді бедерлеу, ою, оймалау, шартты сызықтар және тағы басқа әдістер арқылы әшекейлейді. Ортағасырлық мүсіншілерге тән әдіс – адам бейнесіндегі ең негізгі белгілерді қоюлатып, баса көрсету және қандай-да бір біркелкі өрнектік жүйеге салу. Мұнда сонымен

қатар нақты бір адамның бейнесі сезімі сақталу керек. Монументтік мүсін осынысымен халықтық эстетикаға жақын.

Шартты формалардың сәнділікпен үйлесуі – түркі мүсініне тән ерекшеліктердің бірі. Ол өте ықшам, қосымша элементтер мен формаларды айқындауға салғырт. Оның композициялық логикасы жасырын ырғақты әшекейлік заңдылықтарға негізделген. Әрлеу форманың пластикасымен үйлеседі.

Айтылған принциптер ежелгі түркілердің еске алу мүсіні жанырының зындылықтарына сәйкестендірілген, яғни өмірлік маңызы бар үрдістерді бейнелеуде емес, керсінше олардың нақтылауында көрінеді. Сондықтан көшпенділердің ортағасырлық мүсін өнері жанрының ерекшеліктерін зерттеудің белгілі бір әдістемеләк мәні бар.

2.3. Ерте орта ғасырлардағы музыка мәдениеті.

Кез келген халықтың өзіне тән ұлттық мәдениеті, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-этнографиялық ерекшеліктері болады десек, солардың басты бір арнасы – музыка өнері. Ел қиялында туып, өрбіп отыратын аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандар сол халықтың әдеби, мәдени мұрасы ретінде ауыздан-ауызға беріліп, дамып, бірде қайғы, бірде қуанышқа бөлейтін мұңды да асқақ ән мен жыр арқылы дамыған. Мұны фольклор шығармаларына тән синкреттілік дейміз. Қазақ музыкасының көне дәуірі, даму жолдары, артта қалған сағымдай бұлдыр белестеріне қатысты мәселелер бүгінде, яғни музыкатану ғылымының өз алдына отау тігіп отырған кезеңінде жан-жақты зерттеліп, жиналуда. Қазан төңкерісіне дейін қазақ мәдениетін зерттеген А.Алекторов, И.Андреев, А.Бимбоэс, А.Кастанье, С.Рыбаков, Г.Потанин, Н.Савичев сияқты толып жатқан шетел, орыс ориенталистері, кеңес дәуіріндегі А.Затаевич, В.Успенский, В.Беляев, А.Жұбанов, Алма Құнанбаева тағы да басқа көптеген музыка тарихшыларының қол жеткен табыстары аз емес. Алайда кейбір еңбектерде күйшілік немесе әншілік өнер иелерінің қазақ мәдениетінің тарихындағы орны мен өмірбаяндары басымдау сөз болып, XIX ғасырлардың төңірегінен ұзап шыға алмай жатқанымыз да байқалып қалады.

Соңғы жылдары қазақ музыкатану ғылымында біршама серпіліс байқалады. Оған Б.Ерзакович пен З.Қоспақовтың музыка фольклорының тарихнамасына арналған зерттеулері, халқымыздың дүлдүл өнерпаздары – Жаяу Мұса, Абай, Ақан сері, Қорқыт, Шәкәрім шығармаарына арналған жинақтар, «Қазақ музыкасы» деген атаумен жарық көріп жатқан көп томдық музыкалық антология толық куә. Бұл еңбектер мен жинақтарда халқымыздың ертедегі музыкалық мәдениетіне, жеке шығармалардың ноталық мәтініне, басқа да тарихи мәселелерге ден қойылған.

Солай бола тұрса да зерттеушілеріміз музыкалық мәдениетіміздің көне дәуірлеріне қатысты тарихи мәселелерге жеткілікті түрде көңіл бөлмей келеді. Абай, Жаяу Мұса, Ақан сері, Шәкәрім, Қорқыт әндері мен күйлеріне арналған басылымдардың да кемшіліктері жоқ емес. Мысалы, Ақан сері әндері

жинақталған «Маңмаңгер» атты кітапқа көптеген даулы әндер еніп кеткен. «Айттым сәлем, Қаламқас» жинағына кәсіби композитер С.Мұхамеджановтың төлтума шығармасына дейін қосылып кеткен. Сол сияқты «Елім-ай» жинағындағы қобыз күйлерін орта ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыт бабамыздың қобыз күйлерін қобыз сарындары үлгісіндегі авторлық туындылары ретінде бағалаған дұрыс болар еді.

Бүгінгі музыкатанушылар ұлттық музыка өнеріміздің белгілі бір тарихи кезеңінен, яғни зерттеу тәсілдерінен әрі аса алмай жатқандай әсер қалдырады. Зерттеулердің мемлекеттік тіл емес, көбіне орыс тілінде жазылатыны тағы бар. Мамандарымыздың көне дәуір жазбаларына, әдеби-тарихи мұраларымызға бара алмауы бұл саланың өрісін барынша тарылтып отыр. Болмаса көршілес отырған өзбек бауырларымыздың көптеген маңдай алды ғалымдары орта ғасырлардағы Әбунәсір әл-Фараби, Ибн-Сина, Әбдірахман Жәми, әл-Ширази, Дәруіш Әлилердің музыкалық-теориялық еңбектері мен көзқарастарына еркін бойлап, мақам, мақом мәселелерін еркін талдап, жіктеп жатқанда, біздің мамандарымыз ХІХ ғасырмен шектелуде.

Орта ғасырларда жазылған түрлі трактаттарды айтпағанда, «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы», «Құтты білік», «Махаббатнама», «Тотынама» сияқты жазба әдебиет нұсқаларында жүрген музыка өнеріне қатысты деректерге, көршілес Қытай елінің ежелгі тарихи жазбаларындағы (Ши цзи) музыкалық трактаттарға қала берді кешегі «Айқап», «Шолпан» газет-журналындағы сан алуан құнды деректерге ой бөлетін кез әлдеқашан жетті. Олардың беттерінде қазақ музыка өнерінің әр кезеңдегі тарихына қатысты құнды деректер мен мәліметтер аз емес. Бізде тіпті Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде жазылған түрлі мәліметтер де зерттеліп, ғылыми айналымға түсіп отырған жоқ.

Ұлттық мәдениетімізді зерттеуде осындай екі бағыт байқалып отырса да, бүгінде қазақ музыкатану ғылымы үлкен әлеуметтік мәнге ие бола алмай келеді. Асылы бізге осы екі арнаның басын біріктіре білетін зерттеушілер аса қымбат. Аталған олқылықтың бірі арнайы тарихи-теориялық білімі бар кәсіби мамандарымыздың ұлттық тілімізден жырақ кетіп, ежелгі әдеби, мәдени һәм тарихи жазба мұраларымыздан көз жазып қалуымен байланысты болса, екінші – мәдениет мәселеріне зейін қоя зерттеп жүрген зерек те зердлі қаламгерлеріміздің өз еңбектерін бір ғана әдеби-ғылыми мақала, очерк төңірегінде қозғаумен ұштасып жатады.

Бізде музыкалық-этимологиялық сала да артта қалуда. Бүгінгі өскелең ғылым «қобыз-ысқышты, домбыра-шертпелі аспап» деген құрғақ қағидамен тұйықтала алмаса керек. Басқа да толып жатқан музыкалық аспаптарымыздың ішкі сырына қаныға түсу үшін бізге сол атаулардың семантикасын анықтап, этимологиясына үңілуге тура келеді.

Қазақ музыкасы ХVІІІ-ХІХ ғасырлардан басталмайды, оның тамыры өте тереңде. Бұл мәселелерді ғылыми арнаға қойып зерттеу үшін өз халқымыздың көне дәуірлердегі тарихын, түрлі тарихи-этникалық қозғалыстар мен мәдени байланыстырады жетік білуіміз шарт. Сонымен бірге Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың музыкалық-эстетикалық ойларына

қаныға түсуіміз қажет. Оларға ортақ көне мәдениет жазбаларын, орта ғасыр ғұламаларының музыка теориясына қатысты зор деректерді сұрыптап, зерттеуіміз керек. Бұл салада аздап атқарылған жұмыстар бар, бірақ әлі де жетімсіз.[27]

Қазақ музыкасының ежелгі дәуірі қай бағытта зерттелуге тиіс? Ұлттық мәдениетіміздің көне дәуірлеріне көз жіберіп, жазба ескерткіштерімен істес болғанда, оларды төтелей «қазақ музыкасы» деп алудың реті жоқ. Бұл тұста тарихи-этнографиялық ортақтықтар, мәдени байланыстар көбірек ескерілуге тиіс. Осы ізбен орта ғасырларда жазылған музыка ілімі туралы трактаттарды Орта Азия халықтарына ортақ ғылыми-мәдени мұра ретінде бағалау қажет.

IX-X ғасырларда музыка теориясына қатысты туған ой-сананы біздің жерлесіміз әл-Фараби өзінің «Китаб әл-мусики әл-кабир» (музыканың ұлы кітабы) атты трактатында, Әбуғали Ибн-Сина «Ктаб аш-Шифа» деген еңбектерінің музыка теориясына арналған бөлімдерінде, әл-Хорезм «мафатика әл-улум» атты энциклопедиясының музыка туралы тарауында зерттеп, жүйелеген.

Фольклор. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани-мәдени мұраларының бірі – фольклор. Осы кезге дейінгі ғылыми әдебиеттерде фольклор – сөз өнері, халық даналығы, ел естелігі ретінде көрсетілген. Оның синкреттік сипаты да айқын. Осы тұрғыдан келгенде фольклор – ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің біртұтастығына негізделген ерекше бір сала.

Кезінде ғалымдар фольклордың этнографиялық сипатын көрсетіп, фольклортануды өнертану ғылымымен салаластығын да көрсеткен. Музыка – өнер, көркем ой көрнісі. Оның өзіне ғана тән образдау тәсілдері болады. Музыкалық пішімі, тілі, мақамдық-ырғақтық жүйесі осыған қызмет жасайды. Сонда музыка өнер әлеміндегі күрделі құбылыстардың бірі болып шығады.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін қазақ әдебиетін XVIII ғасырлардағы Бұхар жырау поэзиясынан бастау белең алған еді. Осы пікірді ұстанған Қ.Жұмалиев бағытының бұл саладағы ізденістерге тосқауыл болғаны да рас. Дегенмен әдебиетші, тарихшы мамандардың ыждағатты ізденістерінің арқасында қазақ мәдениетінің бастауы көне түркі дәуіріне барып тірелетіні анықталды. Сонау VI-VIII ғасырлардағы орхон-енисей жазбаларының кейінгі қазақ мәдениетіне қатысты жан-жақты зерттеліп, дәлелдене түсті.

Солардың негізгілері – «Күлтегін» және «Тоныкөк» жазба ескерткіштері. Бұл жазбаларда алғаш оқып зерттеген дат ғалымы В.Томсон болатын. Одан соң В.Радлов, С.Малов секілді ірі түркітанушылар оқып, орыс тіліне аударып шықты. Сол кезден бастап орхон жазбаларын зерттеуге қазақ ғалымдары да ат салыса бастады. Атап айтар болсақ, М.Жолдасбеков «Күлтегін» және «Тоныкөк» жазбаларының мәтінін қазақ тіліне аударып, зерттеді. Ғ.Айдаров та бұл жазбаларды толық аударып, көркемдік, тілдік ерекшеліктері туралы зерттеулер жариялады.

Музыкалық-эпикалық дәстүр бар жерде айтушылық өнер де болады. Оның өкілдерін қарапайым және кәсіби деп бөлер болсақ, ең марқаларының бірі – бақсылар сарыны. Қазақстан, Орта Азия және Алтай жерлері ежелден

поэзия мен музыканың сарқылмас дариясы, тұңғық теңізі болғаны мәлім. Көне замандар бойы осы жерлерді мекендеген түркі тайпаларының ежелгі наным-сенімдермен біте қайнасып келген музыкалық дәстүрдің қазақ мәдениетіне алатын орны аса елеулі.













































Қорытынды.

Түркі халқының ерте орта ғасырлардағы мәдениетінің тарихын зерттеуге арналған бұл дипломдық жұмысым күрделі зерттеулерім мен ізденісімнің нәтижесі. Мұнда мәдениеттің орта ғасырдағы алғашқы түрлерінің пайда болуының, олардың қалыптасуы және рухани өмірдегі орны және болмысы жан-жақты қарастырылады.

VI ғасырдың басында бүгінгі қазақ жерінде аса күрделі бетбұрыстар болған. Алтай-Сібір, Моңғолия жерінде түрік тайпаларының үстем тап өкілдері бірігіп, әскер күшіне сүйенген Түрік қағанаты атты ерте феодалдық мемлекет құрды. Олардың жері шығыс Кореядан бастап, Орта Азияның жерінде қамтылған. Қазақстанда бұл қағандықтың құрамына кірген. Бұл мемлекет туралы жазба деректер түрік тайпаларының өз тілінде жазылған «Үлкен күлтегін», «Таныкөк» құлпытастарындағы жазуларынан белгілі. Махмұд Қашқари, Рашид-ад-диннің тарихи жазбаларынан көптеген құнды деректер алуға болады. Византия, Қытай тарихшылары да мол мәлімет береді. Қазақстанның тарихында бұл мерзім «Түрік дәуірі» (VI-XIII ғ.ғ.) деген атпен белгілі. Қазақ жерінде көрсетілген мерзімде бірнеше феодалдық мемлекеттер өздерінің саяси-әкімшілік биліктерін жүргізді.

Түркі дәуірінде (VI –XII ғғ). Қазақстанда өмір сүрген ру – тайпалардың түркі тілінде сөйлегендегі түркология ғылымында толығымен дәлелденген. Алайда, тіл ғылымның зерттеулеріне қарағанда, негізгі түркі тілдес қарлұқтардың, қимақ – қыпшақтардың, оғыздардың, ұйғырлардың, қырғыздардың т. б. ру – тайпалардың өздеріне тән диалектілерінің бар екендігі анықталған .

Археологиялық зерттеулерде түркі тілдес ру – тайпалар өмір сүрген жерлердегі ескерткіштерден үлкен – кіші екі жүзден астам көне түркі тіліндегі жазба деректер табылған. Оның ішінде Орхон, Енисей өзендерінің бойындағы Күлтегін, Тоныкөк «алтын тас кітабы» жазулары белгілі болса, қазақ жеріндегі Талас өзені бойындағы Тереңсайдан табылған және т.б. жазулар белгілі. Түркі тіліндегі жазулар тіл ғылымында руна жазу деп аталған. Ол скандинавия халықтарының тілі бойынша, сыры ашылмаған құпия жазу деген сөз. Бұл жазудың оқылу сырын ашқан сол халықтың атақты тіл білімінің ғалымы Дания университетінің профессоры В.Томсон. Одан кейін Орхан жазуларын орыс тілінде аударған түрколог ғалым В.Радлов болды. Сөйтіп, XIX ғ. аяғында руна жазуының құпия сырының ашылуы ертедегі түркі тілдес халықтардың да өздеріне тән жазуларының болғандығын көрсетеді.

Орхон — Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон — Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына
   	а, э (е) ы, і (е) о, у ө, ү	   	м, м' н н' ñ (ny)
 	б б	 	п, п' п, п'
 	р р	 	р р'
 	с с	 	с с'
	з, з	 	т т'
 	һ һ	 	ч, ч'
    	к к (ок, үк) к (ык) к к (ок, үк)	       	ш ш' ат, а' т' нт, н' т' нч, н' ч'
 	л л	 	рт сөз айыру белгісі

Түркі жазуында бір – бірімен қосылмай жазылатын 38 әріптерден тұратындығы белгілі. Түркі дәуірінен қалған атақты «Күлтеген», «Білге қаған» сияқты тасқа жазылған дастандар қазақ тіліне аударылып, біздің оқырмандарымыздың қолына тиіп отыр. Қазақ халқы ол дастандарды өздерінің төл дүниесіндей қарсы алды. Оған басты себеп, ондағы жазылған әдет – ғұрып, салт – сана, діни – наным, сенім, мақал – мәтел, батырлық жырлардың үлгілері бәрі, халқымыздың тірлік – тіршілігінен алынғандай ұқсас. Бұл мұралар қазақ халқының ертеден келе жатқан бастауы.

X ғасырдан бастап ислам дінінің қазақ жерінде етек жая бастауы араб жазуының түркілер арасында ене бастағандығын көрсетеді.

Түркілер арасынан шыққан атақты ғалымдар, ақын-жазушыларымыз Әл – Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Ахмет Яссауилер өз шығармаларын араб жазуымен түркі тілінде жазған. Ал XII ғ. бастап түркі жазуы жазылуы жағынан өмірден шыға бастайды. Дүние жүзіне әйгілі болған жерлесіміз Әл – Фарабидің көптеген еңбектері араб тілінде жазылған.

Қазақ халқының әлемді тануда, өз өзін сезінуде, рухани және эстетикалық ұстанымында, халықтың кім екендігін танып білуінде халық ауыз әдебиетінің алар орны орасан. Дала тұрғыны әрқашанда әдеби сөз өнерін, ән айтуды,

тындай білу қасиетін, керемет шешендік сөз сөйлеу өнерін, сөйлеу шеберлігін жоғары бағалаған. Қазақтың билері арасында өткен жиылысқа қатысқан поляктің ғалымы А. Янушкевич былай сипаттаған: «Біраз күн бұрын мен жауласушы екі партияның арасындағы қақтығысқа куә болып, сөйлеушілердің шешендігіне шын жүректен қол соққан едім. Бұлар ешқашан Демосфен, Цицеронды естімеген халық. Ал бүгін мені оқи және жаза алмайтын, бірақ таланттарымен таң қалдырған ақындар өнері сүйсіндірді. Жаратушының бұндай қасиеттерді бойына дарытқан халықтың мәдениетке жат болмауы тиіс, әйтеуір бір уақыттарда оның рухы қазақ даласына еніп ұшқыннан жалын лаулатады және уақыт өте бүгінгі көшпенді халық Үндістанның байғұс парилеріне қараған жоғары кастасы секілді биіктен қарап тұрған халықтар арасынан өзінің құрметті орнын алады». Қазақтың ауыз ақындық өнерінің тамыры өте ертеге кетеді. Ол қырықтан аса жанрды қамтыған, олар аңыз ертегілер, мақал мәтелдер, әдет ғұрыпқа байланысты ән жырлар, батырлар және лиро эпостық жырлар. Алғашқы қазақтың ауыз ақындық әдет ғұрпын, фольклордық жанрларын барлық түркі тілдес халыққа ортақ ерте түріктік жазбалардан көруге болады.

VI - VII ғасырларда Орталық Азияның түркі тілдес тайпалары Түрік қағанатының құрамында болды, бұлармен бірге Батыс Түркілік, Төменгі Поволжье, Придонье және Солтүстік Кавказ тайпалары Хазар мемлекетін құрып өз жазбасын қолданған. Жазба көздері ағаш тақтайшалар туралы хабардар етеді, бұл тақтайшаларда қажетті адамдар, жылқы, салым, мал саны туралы белгілер көрсетілген. Түрік Елшісі согдиялық Маннах Константинопольдегі Юстиниан сарайына келгенде скиф жазбасымен жазылған жолдау әкелген. Алғашқы түрік қағанының бірі (572-581) Таспараның қорғанында сақталған Бурғұт ескерткішіндегі жазбада қағанаттың алғашқы отыз жылындағы жаңалықтар әңгімеленеді, әрі бұл согды жазбасының қағанатта көпшілікке түсінікті болғанын, сол кездерде жоғары Түрік қоғамында көптеген білімдар адамдардың болғандығының куәсі. Сол жылдары, яғни Бурғұт ескерткіші көтерілген кезде алғаш рет түрік тілінде будда шығармасы (Нирвана Сутра) аударылған, бұл түріктер арасында буддизмді насихат тау мақсаты болған. Бұл шығарма согды алфавитінде жазылған. Ғалымдардың жорамалдауынша олар согды тілін тек жазбаға ғана қолданып қоймай, сонымен бірге өз тілін бекітуге де қолданған. Кейінірек бұл алфавит «ұйғыр» алфавиті деп аталды. Ұйғырлар бұл алфавитті IX XV ғасырларға дейін қолданып келген. VII ғасырдың екінші жартысында түркі ортасында согды жазбасына сүйене отырып, бірнеше жаңа белгілер қосыла жаңа жазба пайда болды. Ежелгі түрік жазбалары алғаш рет XVIII ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Енисей даласында бірінші Петрдың қызметіндегі неміс ғалымы Д. Мессершмидт пен онымен еріп жүрген шведтік қамаудағы офицер И. Страленберг арқылы табылды. Олар жазбаны скандинавтық руни мәтіндерінің ұқсастығына байланысты руналық деп атады. 1889 жылы орыс ғалымы Н. М. Ядринцев Солтүстік Монғолиядан, Орхон өзенінің жазығынан руни жазбаларымен үлкен тас тапқан. Бұл жазбаны шешіп оқыған дат ғалымы В. Томсен осы алфавиттің

кілтін де таба білді, ал бұл жазбаларды қосып оқуды орыстың түрік тілін зерттеуші ғалымы В. В. Радлов ашты. Бұл жазбаларды шыққан жерлеріне сәйкес орхон-енисейлік деп атады. Руна жазба ескерткіштері Солтүстік Монғолия, Орта Азия, Қазақстан жерлерінде табылған. Түрік қағанатындағы түркі тілдес халықтардың Монғолия мен Енисейден табылған руна мәтіндері тек тарихи деректер ғана емес, сонымен бірге бай әдеби мұра болып табылады. Көптеген белгілі руни жазбалары Білге қағанның, оның бауыры Күлтегіннің (732-735 жж.) және алғашқы қағандардың кеңесшісі болған Тоныкөктің (716ж.) құрметіне жазылған. Қарахан дәуірінде кең байтақ Орта Азия мен бүгінгі Қазақстанның өлкесіндегі түркі тілдес халықтардың әдеби тілінің қалыптасу процесі өз шегіне жетті. Қазақстанға мұсылмандықпен бірге араб жазбасы қоса енді. Осы дәуірде ежелгі түркі тілінің бір диалекті саналатын қыпшақ тілінде білім алған әйгілі ғалым энциклопедияшы Әбу Насыр әл Фараби өмір сүрді. Әл Фараби керемет фәлсафалық (философиялық) рубаилар, трактаттар, көркем жазу, өлең құрау, риторика туралы еңбектер жазған болатын. Оның әйгілі «Музыкалық (әуендік) трактаты» көптеген әлем тілдеріне аударылған. Фарабидің математикалық еңбектерінен сәулет жобаларын құруға қажетті арифметикалық және геометриялық есептер табылған. Бұл Орта және Таяу Шығыстағы сәулет өнерінің негізі іспетті. Әл-Фараби шыққан түркі қыпшақ ортасынан көптеген керемет ақын жазушылар ғалым тарихшылар тараған. Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат түрігі» ХІ ғасырдағы халықтардың мәдениеті жетістіктерінің айғағы. Бұл диванның мазмұны сол уақыттағы филология ғылымының дәрежесі туралы пікір айтуға көмектеседі, сонымен бірге ол көне орта ғасырлық түркі өмірінің энциклопедиясы, түркі тілдестердің өмірінен хабар берер қайнар көз сияқты. Олардың тұрғылықты жерлерінің жағрапиясын, тарихын зерттеуге қажет маңызды құжат болып табылады. Білімдар түркі ақын жазушыларының бірі Жүсіп Баласағұнның «Құтадғұ Білігі» ХІ ғасырдың ғажайып туындыларының қатарына жатады. Бұл туынды тек этикалық және моралистік трактат емес, сонымен бірге терең философиялық дидактикалық шығарма. Шығарма 1069 жылы көнетүрік әдеби тілінде жазылып Қарахан әулетінің атынан Боғраханға тарту етілген. Түркі тілдес халықтар тарихында Ахмет Иүгүнеки еңбектерінің алар орны өзгеше. Ол түркі әдебиетінде Ж. Баласағұнның «Құтадғұ білігінен» басталған дидактикалық ағымның жалғастырушысы. Орта ғасырлық дәуірдегі оғыз қыпшақ әдебиетінің ең үздігінің бірі деп «Қорқыт ата кітабін» атауға болады. Кітапта оғыздар мен қыпшақтардың туған жерлерін қорғаудағы ерен ерліктерін баяндалады. Ақын, сопы, мұсылмандық оқу «Хикметті» насихаттаушы Қожа Ахмет Яссауидің де диваны сақталған, бұның басқа түркі авторларынан ерекшелігі еңбегінің көнетүркі тілінің қыпшақ оғыз диалектінде жазылуы. Ахмет Яссауи Мұхаммедтен кейінгі әулие, ал оның Түркістан қаласындағы мешіт мавзолейі кіші Мекке болып саналады. Орта ғасырдағы жалпы түркілік әдеби ескерткіштердің бағалыларының бірі «Оғызнаме». Оның мазмұны оғыздар билік құрған кездегі аңызға сүйене жазылған. «Оғызнаменің» ертедегі нұсқасының бірі Рашид Ад-динде (VII ғ.), кейініректегі және толық қолжазба

нұсқасы тарихшы Әбілғазыда (XVII ғ.) сақталған. Қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов (XIX ғ.) және П. Пеллю мен В. Бартольд «Оғызнаменің» соңғы нұсқасын қазақтарға жатқызады. Қазақ әдебиетінің тарихына Қадырғали Жалаиридін «Жамағат Тауарихы», Мұхаммед Хайдар Дулатидін «Тарих и Рашиди» шежірелерінің жинақтары үлкен мән мағына береді. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына және пайда болуына ең үлкен үлес қосқан халық ауыз әдебиеті шығармашылығы. Ол жазба әдебиетінің пайда болуына тек септігін ғана тигізіп қоймай, сонымен бірге өзінің сарқылмас бай нәрімен сусындатып келеді. Орта ғасыр тарихынан көшпелі мен отырықшының, малшы мен диқаншының «Мәңгілік күресін» емес, керсінше қарым-қатынасын байқауға болады. Көрнекті археолог, ежелгі Хорезмді зерттеуші С.П. Толстов өз еңбектерінде: «қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» деген түйін жасайды. Қалалар көшпелілер мен отырықшылардың шаруашылығын ұштастырып отырған, сондықтан да олар сол кезеңде өзінің даму шыңына жеткен деп санаған ғалым пікірінің дұрыстығын уақыт дәлелдеп отыр.

Жалпы, «таза көшпелілер» туралы тарихта дерек жоқ. Шығыс халықтарын біреулері мал шаруашылығымен, біреулері егіншілікпен айналысатын адамдар тобы құраған. Олардың арасында тек мал шаруашылығымен айналысып, болмаса бір ғана егіншілікті кәсіп еткен адамдардан басқа екеуімен де қатар шұғылданатындар да болған. Уақыт өте келе, бұл тепе-теңдік ауа райының әсерінен немесе соғыс салдарынан өзгеруі мүмкін еді. Бұл жағдайлар орта ғасырлар кезеңінде керемет архитектуралық құрылыстары, сарайлары мен мешіттері, медреселер мен қолөнершілер шеберханалары бар ондаған гүлденген қалалары болған Қазақстанға да тән еді.

Археологиялық зерттеулерде ерте орта ғасырға қарағанда орта ғасырдың дамыған кезінде отырықшылық мәдениет өркендеп, қалалар саны көбейген. Егер бұрын Оңтүстік қазақстанда 30 қаланың орны белгілі болса, ал кейінгі кезде зерттеулер бойынша, олардың саны 37 қалаға жеткен. Жазба деректерде алғашқы кезеңде 6 қала ғана аталса, соңғы кезде 33-ке жетті.

Қалалар санының өсуі Шығыстың экономикалық, мәдени байланыстар жүйесіне қатысуға байланысты қалалар маңызының артқандығын көрсетеді. Екіншіден, қала манында жартылай көшпелі мал өсірушілердің отырықшылана бастауы қала санының өсуіне әсер тигізген.

Оңтүстік Қазақстанда қалалардың топтаса орналасқан жерлері – Арыс өзенінің Сырдариядағы қосылатын тұсындағы сағалары. Арыстың орта ағысында орталығы Осбаникент қаласы болған Кенже аймағы құрылса, ал өзеннің Сырдарияға құяр жерінде орталығы Отырар қаласы болған Фараб аймағы орын тепкен. Ал Шауғар аймағында Қарнақ, Шур, Шағылжан қалалары болған. Сырдың орта ағысында – Сүткент, төменгі ағысында Сығанақ, Жанкент, Асынас Жент, Баршынкент қалалары өмір сүрген.

Қалалық отырықшылық мәдениеттің тағы бір қанат жайған жері – Жетісу аймағы. Әсіресе оңтүстік-батыс Жетісудың орталығы Таразда да қала мәдениеті өркендеген. Бұл аймақта 36 қала жұрты табылды. Солтүстік-шығыс

Жетісудан (орталығы – Лабан, Алматы, Талхир қалалары) 70 қала жұрты ашылған.

Қалалар тек саны жағынан ғана емес, көлемі, экономикалық жағынан да өсіп отырған. Оны негізінен үш топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топқа көлемі 30 гектардан асатын қала жұрттары жатады. Ондай қалалар Испиджаб, Отырар, Сауран, тағы басқалар. Екінші топқа 10 гектардан 30 гектарға дейінгі қалалар жатады. Мұндай қалалар Бурух, Хурлуг, тағы басқалар. Ал үшінші топқа көлемі 10 гектарға жетпейтін қалалар - Алмалық, Лавар, Қапал, Ақтам, Арасан, тағы басқалар жатқызылған.

Мұнадай қалалар 1 және 2- топқа қарағанда өте көп кездеседі. Қалалар көлеміндерінің үлкен-кіші болуының өзі, олардың тұрғындарының санына ғана емес, ішкі құрылыс жүйелеріне, қоғамдық сауда, діни орындардың орналасуына да байланысты.

X-XII ғасырлардағы қалалар дамуының өзіне тән бір ерекшелігі - бұл кезде отырықшылық мәдениеттің дамуы Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарына қарай жайыла бастауы. Мәселен, Ұлытау етегіндегі Басқамыр, Аяққамыр немесе Кеңгір өзенінің бойындағы Сарайлы, Торайлы қалаларының өмір сүруі қалалық мәдениеттің дамуын көрсетеді. VI-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты қалалар бой көтерді.

Орта ғасырда Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде басты ірі қалалардың бірі-Исфиджаб (қазіргі Сайрам) болды. X-XII ғасырларда тікелей сауда орталығы ретінде мәлім болған Исфиджабта тауарлардың көптеген түрлері өндіріліп, осы жерден басқа жақтарға мата, қару-жарақ, мыс пен темір әкетіліп тұрды.

Қазақстанның Сырдарияның орта бойына орналасқан ірі қалаларының бірі-Отырар. Араб-парсы деректемелерінде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан (Трабан) деп те аталған. IX ғасырдың бас кезінде арабтар Фадл-ибн Сахлдың басқаруымен Отырар аймағын басып алуға тырысты. Ол шекаралық әскерінің бастығын өлтірді және Қарлұқ жабғуының ұлдарын қолға түсірді деп хабарлайды деректемелер. VII-VIII ғасырларда Отырар шахристаны мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Отырар өмірі X-XII ғасырдан кейін де жалғасып, оның орта Сырдария өңірінің экономикасы мен мәдениетіне ықпалы күшті болған.

Қазақстанға белгілі болған орта ғасырлық қаланың бірі – Тараз. Ол жазба деректемелерде 568 жылдан бастап аталады. Византия императоры Юстинианның елшісі Земарх Килликискийдің Батыс түрік қағаны Дизабұлға берген есебінде Тараздың да аты аталған. Шамамен 630 жылы қытай саяхатшысы Сюань Цзан Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге (4-4,5 км) жеткен маңызды сауда орталығы деп сипаттайды. VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі мекенге айналды. X-XII ғасырларда Тараз қаласының су

кұбырлары, сонымен қатар күйген кірпіштен көпшілік үшін салынған моншасы болған. Оған жақын жерде Айша бибінің күмбезі көтерілген. Тараз жеріндегі ортағасырлық сәулет өнерінің тағы бір ескерткіші Қарахан күмбезі.

Тараз Жетісудың саяси, экономикалық және мәдени өмірінің ірі орталығы болды. Оның төңірегіндегі Талас, Хамукент, Жікіл, Адахкент, Ден, Нуджикент, Құлан, Мерке, Аспар, Жұл, Баласағұн, Барсхан қалалары мен қоныстары бір-біріне тізбектеліп жалғасып жатты. Сондай-ақ, Іле өзенінің алқабында Қойлық, Талхиз, Екі-Оғыз сияқты басқа да қалалар орналасқан.

XI ғасырда Ясы (Түркістан) қаласы Шауғар округінің орталығы саналған. Мұнда XII ғасырдың аяғында Ахмет Иассауи күмбезі салынып, қала діни орталыққа айналды. Сырдариядағы ірі қала Сығанақ еді. Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік-шығысына баратын керуен жолдарының қиылысында орналасқан ол XII ғасырда қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Қазір Сығанақтың орнында Сунақ-ата жұрты бар

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда жоғарыда айтылған кенттерден басқа жаңа қалалар – Қарашоқы, Қарнак, Ашнас, Баршықкент, т.б. пайда болды. Олардың алып жатқан жер көлемі ұлғайып, сауда шаруашылық орталығы – шахристаннан рабадқа ауысқан.

Қазақстан жеріндегі халықтардың экономикалық өмірінде сауда орасан зор рөл атқарды. Жазба деректемелер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда қатынасы болғанын дәлелдейді. VI-X ғасырлардағы халықаралық саудада “Ұлы Жібек жолының” зор маңызы болды. Бұл жол Шаштан (Ташкент) Газгирдке, одан Исфиджабқа жетті, одан әрі керуендер Тараз қаласына беттеген. Исфиджаб пен Тараз арасында бірнеше шағын қалалар мен керуендер аялдайтын сарайлар болды. “Жібек жолы” Тараздан терістікке қимақтарға қарай Адахкент, Дех-Нуджикент қалаларын басып өтті. Тараздан “Жібек жолымен” Төменгі Барысханға, Құланға (Луговое қаласы), одан әрі Меркеге және Аспараға қарай шұбыра жолшыбай бірнеше қалаларға соғып, Бедел мен Ақсудан асқан керуендер Шығыс Түркістанға барып жетеді екен.

Қалалардың өсіп өркендеуі, сауданың дамуы, ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұранымды арттырған. Мұның өзі егіншілік пен мал шаруашылығының дамуына себепкер болды. Жауын-шашынның аз болуына байланысты Қазақстанда егіншілік көбінесе суармалы негізде дамыды.

Қазақстан жерінде VI-XII ғ. өмір сүрген түрік тайпалары өздеріне тән үлкен материалдық мәдениет қалдырған. Олардың қалдықтары, әсіресе, соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде белгілі болып отыр. Түркі дәуіріндегі материалдық мәдениет қалдықтарының түрлері негізінен адамдардың шұғылданған шаруашылықтарымен байланысты болған. Оған археологиялық қазба зерттеулері нәтижесінде табылған заттар толық дәлел бола алады. Мәселен, түркі дәуірі кезіндегі обалардан көбірек кездесетін заттар: қол диірмендер, үккіштер, темір орақ т.б. құрал-жабдықтар. Сондай-ақ, ғылыми қазба жұмыстары кезінде түркілердің зираттарынан құрал-саймандар,

қару жарактармен қатар қолөнер бұйымдары, әшекейлік заттар өте көп кездеседі. Олардың ішінде: кіселер, белдіктер, омырауға тағатын алқалар т.б. бар. Кіселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендіріліп отырған. Түркілер тамаша етікшілер болған. Табылған аяқ киімдердің ішінде өкшесі биік емес, қайқы бас етіктер және кебіс қалдықтары кездеседі.

Түркі халықтарының материалдық мәдениеті жөнінде айтқанда, әсіресе зираттардың басына тастан жасалған мүсіндердің көптеп қойылғандығы көңіл аударды. Олар: балбал тастар, тас келіншектер т.б. Бұл тас мүсіндер Қазақстанның барлық аймақтарында көптеп кездеседі. Олар түркі тайпаларының ішінде қол өнерінің, әсіресе тас қашайтын шеберлердің болғандығын көрсетеді.

Ортағасырлық Қазақстанның материалдық мәдениетінің басты бір саласы – архитектуралық құрылыс өнері. Оның даму барысында қалаларда қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер тұрғызу, ислам және басқа да діни кешендерін салу ісі өрістеді. Бұлардың архитектуралық сыртқы көрінісі жинақы, қаланың орталық алаңдарында орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған. Мешіт құрылысында, оның зәулім биік мұнарасын тұрғызуда сәулет өнерінің сол кездегі жетістіктері пайдаланылған. Ол кездегі монументальдық архитектуралық құрылыстар қатарына Тараз қаласынан 18 шақырым жердегі Бабаджа –Хатун және Айша-Бибі кесенелері жатады. Бұл құрылыстар тек архитектуралық әсемдік жағынан ғана емес, сонымен қатар оның безендірілуі, ондағы ою-өрнектер халқымыздың материалдық асыл мұралары қатарынан жоғары орын алады. Материалдық мәдениет жүйесінде, осы заманға дейін жеткен шығыс моншасының құрылыстары мен оларға тартылған су құбырларының маңызы ерекше. Мұндай құрылыстар Оңтүстік Қазақстан-дағы қазба жұмысымен жүргізілген Отырардан, Түркістаннан, Тараз, Ақтөбе, Талғар т.б. қалалардан табылды. Қала тұрғындары тұрмысында монша алдыңғы кезектегі рөлдердің бірін атқарды. Монша мешіттен кейінгі адамдар ең көп баратын орын болды.

X-XII ғасырда Қазақстан жеріндегі халықтардың ғылымы мен мәдениеті көрші елдерге қарағанда едәуір жоғары дәрежеде өркендеген. Бұған феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік құрылымның шығуы, отырықшы-егіншілік шаруашылық пен қалалардың өсуі, шоғырланып топтасқан этникалық процестердің күшеюі сияқты тарихи жағдайлар себеп болды. Орта Азия, Алдыңғы Шығыс және Шығыс халықтармен шаруашылық, сауда және мәдени байланыс жасау бұл ел халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің өсіп-өркендеуіне игі ықпалын тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең. Алматы, 1996.
2. Абылхожин Ж.Б., Бурханов К.Н., Кадырбаев А.Ш., Султанов Т.И. Страна в сердце Евразии. Сюжеты по истории Казахстана. Алматы, 1998.
3. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан. Алматы, 1995.
4. Қазақстан тарихы / Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. I том. Алматы, 1996.; II том. Алматы, 1997; III том. Алматы, 2002.
5. История Казахстана: народы и культуры: учебное пособие. / Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеев, Г.С.Баратова. Алматы, 2001.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
7. Хасенов Ә.Х. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. Алматы, 1988.
8. Хасенов Ә.Х. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. (XV – XVIII ғ.ғ.). 2-бөлім. Алматы, 1996.
9. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1986.
10. Арғынбаев Қ. Қазақ халқының колөнері. Алматы, 1987.
11. Арғынбаев Қ. Қазақ отбасы. Алматы, 1996.
12. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1991.
13. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994.
14. Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. Қазақ бақсы-балгерлері. Алматы, 1993.
15. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Тарихи-филологиялық зерттеу. Алматы, 1995.
16. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы, 1997.
17. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. 1-2 том. Алматы, 1998.
18. Құдайбердиев Ш. Қазақ, қырғыз, түрік һәм хандар шежіресі. Алматы, 1990.
19. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
20. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Алматы, 2000.
21. Махмұт Қашқари. Түркі тілінің сөздігі. 1-2 том. Алматы, 1996.
22. Махмұт Қашқари. Түркі тілінің сөздігі. 3 том. Алматы, 1998.
23. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди. Алматы, 1999.
24. Өтеміс Қажы. Шыңғыс-наме. Алматы, 1992.
25. Тоқтабаева Ш. Қазақтың зергерлік әшекейлері. Алматы, 1995.
26. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет (Даналық кітабы). Алматы, 1993.
27. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.В. Древний Отрар. Алма-Ата, 1972.
28. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. М., 1989.
29. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алматы, 1986.
30. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1992.

31. Дулати Мухаммед Хайдар «Тарих-и-Рашиди». Алматы, 1999.
32. Ерзакович Б.Г. Музыкальное наследие казахского народа. Алма-Ата, 1979.
33. Касымжанов А.Х. Великий мыслитель из Отрара. Аль-Фараби о разуме и науке. Алма-Ата, 1975.
34. Кудайбердыев Ш. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, 1990.
35. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1979.
36. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. Алма-Ата-М., 1995.
37. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIV- начало XX вв.). Алма-Ата, 1991.

Мазмұны

Кіріспе	3
I тарау. Қазақстан жеріндегі ерте орта ғасырлардағы қалалар	
1.1. VI-XII ғасырлардағы қалалар.....	9
1.2. Ерте орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының мәдениеті мен ерекшеліктері.....	15
II тарау. Ерте орта ғасырлардағы Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті	
2.1. Ерте орта ғасырлардағы діни наным-сенімдер.....	22
2.2. Ерте орта ғасырлардағы көркем қолөнер.....	33
2.3.. Ерте орта ғасырлардағы бейнелеу және сәулет өнері.....	47
2.4. Ерте орта ғасырлардағы музыка мәдениеті.....	64
Қорытынды	68
Пайдаланған әдебиеттер	76

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 79 бет 6,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.